



ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ

2018

**ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП**

МАЗМҰНЫ

КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША БЕЙІНІ	03
НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР	04
ЕСЕПТІ ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ	06
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АРНАУ СӨЗІ	08
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АРНАУ СӨЗІ	10
ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ	12
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	14
Рейтингтері	17
Лицензиялары	17
Компанияның даму тарихы	18
Бизнес-моделі	20
Қызмет бағыты	22
Лизинг беру процесі	24
Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау	25
Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	26
Бизнес-процестерді оңтайландыру	27
Жеткізушілермен жұмыс	28
Қызметтің операциялық және қаржылық нәтижелері	29
Макроэкономикалық шолу	29
Салаға шолу	30
АӨК саласына шолу	30
Лизинг нарығы	32
PEST-талдау	34
SWOT-талдау	36
Стратегияны іске асыру	37
Операциялық қызметтің нәтижелері	42
Қаржылық-экономикалық нәтижелер	49
Даму келешектері	52
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	54
Корпоративтік басқару рейтингі	57
Корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану	58
Ұйымдастырушылық құрылым	60
Акционермен өзара ықпалдасу	61
Директорлар кеңесі	62
Тағайындаулар және іріктеу	66
Директорлар кеңесінің қызметін бағалау	66
Оқыту	67
Директорлар кеңесінің комитеттері	68
Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің жұмысы	70
Мүдделер қақтығысын бағалау	71

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы	72
Басқарма	73
Басқарма жұмысы	76
Басқарма мүшелеріне сыйақы	78
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	78
Іскерлік этикасы кодексі	79
Ішкі бақылау жүйесі	82
Ішкі аудит қызметі	84
Акционерлік капитал құрылымы	85
Дивидендтер	86
Корпоративтік оқиғалар	87
Тәуекелдерді басқару	87
ТҰРАҚТЫ ДАМУ	92
Мүдделі тараптармен диалог	95
Экономикалық әсер	97
Сатып алу іс-тәжірибесі	98
Қызметкерлердің еңбегін ұйымдастыру жүйесі	99
Ақпараттық саясат	102
Демеушілік және қайырымдылық	103
Қоршаған ортаны қорғау	104
Есеп туралы	105
Есептің мазмұнын анықтау	106
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	108
GRI ИНДЕКСІ	115
Жалпы ашып көрсетулер	115
Тұрақты даму тақырыптары бойынша ашып көрсету	116
ГЛОССАРИЙ	118
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ	119



КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША БЕЙІНІ

КОМПАНИЯ КӨПТЕГЕН ЖЫЛДАР БОЙЫ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДА ЛИЗИНГ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ТАБЫСТЫ ІСКЕ АСЫРЫП КЕЛЕДІ ЖӘНЕ ОСЫ САЛАДА СӨЗСІЗ КӨШБАСШЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ (ҚазАгроҚаржы, Компания, ҚАҚ) еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту мақсаттарында отандық фермерлерге ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу бойынша лизинг қызметтерін көрсетеді.

Компания тарихы 19 жылдан асты және осы уақыт ішінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ лизинг саласындағы өзінің көшбасшылық позициясын сақтап келеді. Компания саладағы жоғары құзыреттілігі, нарықтағы көпжылғы жұмыс тәжірибесі, филиалдарының дамыған желісі, мықты кадрлық құрам, сенімді несие рейтингтері және қаржы құралдарын тартуға қолжетімділік сияқты бәсекеге қабілетті күшті бәсекелік артықшылықтарға ие. Бұл артықшылықтар отандық фермерлерге тиімді қолдау көрсетуге және Компанияның саладағы тұрақты жағдайын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.


Бұл ретте «ҚазАгроҚаржы» АҚ одан әрі даму үшін үнемі жұмыс атқаруда.



НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


МЕНШІКТІ КАПИТАЛ,
МЛРД ТЕҢГЕ




АКТИВТЕР,
МЛРД ТЕҢГЕ



ЖЫЛ ІШІНДЕГІ АӨК ДАМУҒА САЛЫНҒАН
ИНВЕСТИЦИЯЛАР СОМАСЫ, МЛРД ТЕҢГЕ



ТАБЫСТЫЛЫҚ
КӨРСЕТКІШТЕРІ



■ Таза пайда, млрд теңге
— ROA, % — ROE, %

НЕСИЕ ҚОРЖЫНЫ,
МЛРД ТЕҢГЕ



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

ЛИЗИНГКЕ БЕРІЛГЕН ТЕХНИКА МЕН
ЖАБДЫҚТАРДЫҢ САНЫ, БІРЛІК



ЖЫЛ АЯҒЫНДА ҚОРЖЫНДАҒЫ
КЛИЕНТТЕРДІҢ САНЫ, БІРЛІК



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
РЕЙТИНГІ, %



ЕСЕПТІ ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ



1 НАУРЫЗ

Компания «Техникалық қайта жарақтандыру — АӨК дамуының негізі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды, оған ҚР АШМ, «ҚазАгро» ҰБХ» (Холдинг) өкілдері және 120-дан аса қазақстандық фермер, техника өндірушілер мен жеткізушілер қатысты.



28 НАУРЫЗ

Компания «Сенімді фермер» және «Өз жем-шөбіміз» жаңа арнайы бағдарламаларын іске қосты.




17 МАУСЫМ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің (Директорлар кеңесі) жаңа құрамы бекітілді.



19 ҚЫРКҮЙЕК

Өсімдік шаруашылығы саласында қызметін жүзеге асыратын агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне лизинг нысаналарын жеделдете ұсыну мақсаттарында «Экспресс-лизинг» жаңа қаржыландыру бағдарламасы басталды.



ҚАЗАН-ҚАРАША АЙЛАРЫНДА

Компания «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да қамтамасыз етусіз жалпы купондық облигациялардың (KAF1b7) жаңа шығарылымын орналастырды.




14 ЖЕЛТОҚСАН

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017 жылғы жылдық есебі VIII жылдық есептер байқауында қаржылық сектордағы үздік деп танылды, сонымен қатар конкурстың 100-ден артық қатысушыларының арасында 9-шы орынға ие болды.



15-17 НАУРЫЗ

Компания «AgriTek/FarmTek Astana 2018» халықаралық мамандандырылған ауыл шаруашылығы көрмесіне 13-ші рет қатысты.



24 СӘУІР

Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін және клиенттердің қанағаттанушылық деңгейін бағалау бойынша тәуелсіз зерттеулердің қорытындылары шығарылды. Клиенттердің қанағаттанушылық деңгейі 93,0% құрады.



10 ШІЛДЕ

«Сарапшы РА Қазақстан» рейтингтік агенттігі корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасын жүргізді және РКУ-7 корпоративтік басқару рейтингісін берді.



25-27 ҚАЗАН

Компания «ҚазАгро/ҚазФерма-2018» халықаралық мамандандырылған ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысты.



23 ҚАРАША

Компания «Қазақстан қор биржасы» АҚ алаңында «Эмитент күнін» өткізді, іс-шара шеңберінде Компания басшылығының институционалдық инвесторлармен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен кездесуі өтті.



26 ЖЕЛТОҚСАН

Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның жөніндегі мемлекеттік комиссияның Компанияны жекешелендіруге жататын объектілер тізбесінен шығару туралы шешімі қабылданды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АРНАУ СӨЗІ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР, ӘРІПТЕСТЕР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕСТЕР! СІЗДЕРГЕ «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АТЫНАН ҚҰРМЕТІМІЗДІ БІЛДІРУГЕ ҚУАНЫШТЫМЫН!

Техникалық жарақтандыру мәселесі агроөнеркәсіптік кешенде мемлекеттік саясатты іске асырудың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. «ҚазАгроҚаржы» АҚ аграрлық секторда лизинг қызметтерін ұсынатын негізгі оператор болып табылады және өз қызметін іске асыруда оң нәтижелер көрсетуді одан әрі жалғастырып келеді.

Компанияның Директорлар кеңесі Компания алдына теңгерімді міндеттер белгілеуді, Жалғыз акционердің үмітін орындауды, стратегиялық маңызды шешімдер қабылдауды, сонымен қатар олардың орындалуын бақылауды өз жұмысының негізгі мақсаты етіп қояды.

Инвестициялық тартымдылықты арттыру мақсатында Компания қоржын сапасын жақсарту, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру,

Компанияның шығыстарын төмендету және Компанияның активтерін тиімді басқару бойынша белсенді жұмыс жүргізді. Бұл іс-шаралар Компанияның кірістілігін 2017 жылмен салыстырғанда екі есе арттыруға мүмкіндік берді.

2018 жылы көрсетілетін лизинг қызметтерінің сапасына клиенттердің қанағаттанушылық көрсеткішін бизнес-процестерді оңтайландыру, өтінімдерді қарау процедураларын және мерзімдерін ықшамдау, қажетті құжаттар санын қысқарту, өнім желісін кеңейту және дамыту, клиентке бағытталған тәсілдемелер енгізу есебінен көтеру мүмкін болды.

Компанияның табысты даму факторларының бірі корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша үздіксіз жұмыс атқару болып табылады.

2018 жылы корпоративтік басқару деңгейін жақсартуға бағытталған іс-шаралар жүргізілді, олар корпоративтік басқару рейтингін 89,7%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік берді. Бұдан басқа, тәуелсіз бағалаудың қорытындылары бойынша, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Қазақстанның аса ірі компанияларының ашықтық рейтингінің алғашқы топ-15 қатарына енді, бұл Компанияның ақпаратты ашу ашықтығы мен сапасы стандарттарын дамытуға салған күшінің нәтижесі болды.

Өз қызметінің басымдықты бағыттарына негізделе отырып, «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2019 жылы несие қоржынының сапасын арттыру, меншікті капиталды және активтерді пайдаланудың тиімділігін арттыру, көрсетілетін қызметтердің сапасын және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстарды жалғастыратын болады.

2018 ЖЫЛ ІШІНДЕ КОМПАНИЯ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ 2017-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТАРТЕГИЯСЫНЫҢ БАРЛЫҚ КОМПОНЕНТТЕРІ БОЙЫНША ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕЛЕР КӨРСЕТТІ. ТИІМДІ БАСҚАРУДЫҢ ЖӘНЕ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН КОМАНДАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ АРҚАСЫНДА БАРЛЫҚ НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР АСЫРА ОРЫНДАЛДЫ.



**ЖҰМАШОВ ДАНИЯР
БИМУРАТҰЛЫ**

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АРНАУ СӨЗІ



КОМПАНИЯНЫ ДАМУҒА ЖӘНЕ АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ҮЙ-ЛЕСІМДІ ЖӘНЕ ТИІМДІ КОМАНДАНЫҢ АРҚАСЫНДА ӘСЕРЛІ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ.



ИЗБАСТИН ҚАНЫШ ТЕМІРТАЙҰЛЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Басқарма Төрағасы

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР! СІЗДЕРГЕ ҚОШЕМЕТ БІЛДІРУГЕ ЖӘНЕ 2018 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІМЕН ТАНЫСТЫРУҒА РҰҚСАТ ЕТІҢІЗДЕР.

Өткен жыл Компания үшін табысты болды, қызметтің барлық негізгі көрсеткіштері бойынша тұрақты есуге қол жеткізілді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ жалпы сомасы 62,9 млрд теңгеге 3 426 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын лизингке берді. Несие қоржынының қанағаттанарлықтай сапасын сақтай отырып, инвестиция көлемнің елеулі өсуі 2018 жыл қорытындылары бойынша 6,7 млрд теңге сомасындағы пайданың мөлшері бойынша максимумға қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Көрсетілетін қызметтің сапасын одан әрі арттыру мақсатында қызмет көрсетудің клиентке бағдарланған стандарттарын енгізу жұмысы жалғастырылды, құжаттарды жинау және ұсыну бойынша ішкі процедуралар оңтайландырылды, қызмет көрсету желісі өзектендірілді және кеңейтілді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ үшін 2018 жылғы маңызды оқиғалардың бірі Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның Компанияны жекешелендіруге жататын объектілердің тізбесінен шығару туралы шешімі болды. Бұл шешім ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруда «ҚазАгроҚаржы» АҚ маңызды орын алатындығын растайды.

Келе жатқан жыл Компанияның 20 жылдық кезең ішіндегі қызметін қорытындылаумен атап өтіледі. Акционер — «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-на, серіктестер мен әріптестерге конструктивті ынтымақтастық пен қолдау үшін алғысымды білдіргім келеді. Осы жылдар ішінде Компанияның менеджменті мен ұжымы үлкен жұмыс атқарды, осының арқасында «ҚазАгроҚаржы» АҚ Қазақстанның экономикасына оң ықпалын тигізіп келеді.

2019 жылы Компания отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді сапалы лизингтік қызметтермен қамтамасыз етуге бар күшін жұмылдыруды жалғастыратын болады. Біз Даму стратегиясында көзделген алға қойылған барлық міндеттер мен жоспарларды іске асыруға ниеттіміз. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингісінің 2019 жылға арналған жоспарлық көлемі 62,0 млрд теңге. Біз ROA, ROE және NPL сияқты қаржылық көрсеткіштерді қолайлы деңгейде сақтап қалу мақсатында оларды қадағалап отыруды жалғастыратын боламыз. Компания көрсетілетін қызметтердің қазіргі пайдаланушыларының саны, сонымен қатар көрсетілетін қызметтердің қолжетімділік деңгейін және клиенттердің қанағаттанушылық деңгейін одан әрі қарай арттыруды жоспарлап отыр. Корпоративтік басқаруды дамыту жұмысы жалғастырылатын болады.

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

— 2026 ЖЫЛЫ «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЛИЗИНГ НАРЫҒЫНДА ӨЗІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ КӨШБАСШЫ ЖӘНЕ АГРОӨ-НЕРКӘСІПТІК КЕШЕН СУБЪЕКТИЛЕРІ ҮШІН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫ МЕН ЖАБДЫҚТАРЫН ЖАҢАРТУДА ҮЗДІК ӘРІПТЕС РЕТІНДЕ КӨРЕДІ.

Компанияның 2017-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес, Компанияның миссиясы сапалы және бәсекеге қабілетті лизинг қызмет-терін көрсету арқылы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықтарын жаңартуға жәрдем көрсету болып табылады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

1.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ТАРТЫМДЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

Мақсаты — тәуекелдің қолайлы деңгейін сақтай отырып, қызметтің рентабельділігін арттыру жолымен Компанияның ұзақмерзімдік акционерлік құнын ұлғайту

1-міндет
Несие қоржынының сапасын арттыру.

2-міндет
Меншікті капиталды және активтерді пайдалану тиімділігін нығайту.

3-міндет
Банктерден және басқа институционалдық инвесторлардан қарыз қаражаттарын тиімді тарту.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

2.

ЛИЗИНГ ҚЫЗМЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ДАМУ

Мақсаты — қазіргі клиенттердің бейілділігін арттыру және 2026 жылға қарай клиенттердің жалпы санын 1,5 есе ұлғайта отырып, жаңа клиенттерді тарту.

1-міндет
Клиенттер үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру.

2-міндет
Көрсетілетін лизинг қызметтерінің сапасын арттыру.

3-міндет
Компания өнімдерінің желісін кеңейту және дамыту.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

3.

КОРПОРАТИВТІК ДАМУ

Мақсаты — Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және 2026 жылға қарай 91,5% рейтинг алу.

1-міндет
Корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану.

2-міндет
Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру және тәуелсіз директорлар институтын жетілдіру.

3-міндет
Басшы жұмыскерлердің сабақтастығын жоспарлау институтын және Компания Басқармасын және оның жұмыскерлерін бағалаудың өнімді жүйесін дамыту.

4-міндет
Компания қызметінің ашықтығын арттыру.



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Рейтингтері	17	Қызметтің операциялық және қаржылық нәтижелері	29
Лицензиялары	17	Макроэкономикалық шолу	29
Компанияның даму тарихы	18	Салаға шолу	30
Бизнес-моделі	20	АӨК саласына шолу	30
Қызмет бағыты	22	Лизинг нарығы	32
Лизинг беру процесі	24	PEST-талдау	34
Инвестициялық салымдар кезінде агроөнер-кәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау	25	SWOT-талдау	36
Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	26	Стратегияны іске асыру	37
Бизнес-процестерді оңтайландыру	27	Операциялық қызметтің нәтижелері	42
Жеткізушілермен жұмыс	28	Қаржылық-экономикалық нәтижелер	49

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ 1999 ЖЫЛҒЫ
28 ЖЕЛТОҚСАНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР
МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» 1999 ЖЫЛҒЫ
28 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ № 1777 ҚАУЛЫСЫНА
СӘЙКЕС ТІРКЕЛГЕН.

МИССИЯСЫ

Сапалы және бәсекеге қабілетті лизинг қызметтерін көрсету арқылы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықтарын жаңартуға жәрдемдесу.

ҚЫЗМЕТ БАҒЫТЫ

1. ауыл шаруашылығы техникасының және жабдықтарының лизингі;
2. АӨК субъектілерін несиелендіру.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (Акционер, Жалғыз акционер).

ӨҢІРЛІК ЖЕЛІСІ

Елдің барлық өңірлерінде 14 филиалы бар.

БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- лизинг саласындағы тәжірибесі 19 жылдан асады;
- қызмет көрсетудің клиентке бағдарланған стандарттары
- оң беделге ие танымал бренді;
- кредит рейтингі жоғары;
- нарықтық құралдарды пайдалана отырып, қаражат тартудағы табысты тәжірибесі;
- кадрлар құрамының жоғары құзыреті;
- ауыл шаруашылығы техникасының жетекші жеткізушілері мен өндірушілерінің үлкен базасының бар болуы;
- 2008 жылдан бері Қазақстан қор биржасындағы листинг;
- қызмет ашықтығының жоғары деңгейі;
- корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс.

РЕЙТИНГТЕРІ

2019 жылғы 4 сәуірде «Fitch Ratings» халықаралық рейтинг агенттігі «ҚазАгроҚаржы» АҚ шетелдік және ұлттық валюталарында ВВ+, болжамы «Тұрақты» деңгейінде ұзақ мерзімдік эмитент дефолтының рейтингтерін (ЭДР) растады.

«ҚазАгро» Холдингі» АҚ еншілес акционерлік қоғамдарындағы Корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесіне сәйкес корпоративтік басқару рейтингі 89,7% құрайды.

ЛИЦЕНЗИЯЛАРЫ

Ұлттық валютада банктік қарыз операцияларын жүргізуге Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің берген лицензиясы (2006 жылғы 31 наурызда алынған).

ISO 9001-2015 сапа менеджменті жүйесі бойынша сертификаттау.

КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «ҚазАгроҚаржы» құрылымын құру туралы қаулысы бекітілді.

Алғашқы машина-трактор станцияларын құру.

Қайта өңдеу жабдықтарының лизингі.

- Ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыру басталды.
- Құрастыру өндірісін дамыту.

Асыл тұқымды малдардың лизингісін енгізу.

Техниканы «Егінжай» бағдарламасы бойынша қаржыландыру.

Алғаш рет «ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілді және алғаш рет оған корпоративтік басқару деңгейі берілді.

ҚазАгроҚаржының 5 жылдық теңгелік облигацияларды шығару және орналастыру бойынша мәмілесі «Еуропадағы, Таяу және Орта Шығыстағы және Африкадағы ұлттық валютадағы облигациялардың үздік шығарылымы» санатында EMEA Finance жеңімпазы («Best local currency bond in EMEA») болып танылды.

1999 2000-2003 2005 2007 2009 2012 2015 2017 2000 2004 2006 2008 2010 2013 2016 2018

Шетелдік ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша алғашқы тәжірибесі.

Арнайы техника және технологиялық жабдықтардың лизингі.

«ҚазАгроҚаржы» жаңадан құрылған «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингінің құрамына енді.

Компанияға алғаш рет Fitch (BBB-) халықаралық кредит рейтингі берілді.


- Қазақстандағы лизинг нарығын Сарапшы РА алғашқы зерттеуі: «ҚазАгроҚаржы» қазақстандық лизинг нарығында көшбасшы болып танылды.
- Мелиоративтік техника лизингін және қайталама техника лизингін енгізу.

- «Экспресс-лизинг» және «Шебер-лизинг» бағдарламаларын іске асырудың басталуы.
- «ҚазАгроҚаржы» субсидиялау бағдарламасының ресми қатысушысына айналды.

- ҚазАгроҚаржы» алғаш рет инвесторлардың кең тобы үшін 8 млрд теңге сомасына және 5 жыл айналым мерзіміне ішкі нарықтық облигацияларды орналастырды.
- «Беларуста жасалған» бағдарламасы іске асырыла бастады.

- Мемлекеттік комиссияның шешімімен ҚазАгроҚаржы жекешелендіруге жататын республикалық меншіктің ірі ұйымдары тізімінен шығарылды.
- «Өз жем-шөбіміз» және «Сенімді фермер» бағдарламаларын іске асырудың басталуы.
- Жылдық есептердің VIII байқауының қорытындылары бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017 жылғы жылдық есебі үздік жылдық есеп болып танылды, сонымен қатар барлық байқауға қатысушылардың арасында 9-шы орынға ие болды.

БИЗНЕС-МОДЕЛІ



ҚР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты анықтау

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР: «ҚАЗАГРО» ХОЛДИНГІ» АҚ

Даму стратегиясын анықтау

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

ҚЫЗМЕТІ:
Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі

НӘТИЖЕЛЕР:

Инвестициялар: 72 677,2 млн теңге	Клиенттердің саны: 1 500 ед.
Лизингке берілді: 3 426 бірлік техника мен жабдық	Пайдалануға берілді: 7 инвестициялық жоба
2017 жылға дивиденд төленді: 3 572,2 млн теңге	Бюджетке төленген төлемдер мен салықтар: 823,5 млн теңге
Таза пайда: 6 728 млн теңге	

РЕСУСТАР:

Жарғылық капитал:
82 837,2 млн теңге

Қарыз капиталы:
47 483,4 млн теңге

Штат саны:
401 адам

Салықтар мен төлемдерді төлеу

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТІ

Әлеуметтік төлемдер





ҚР ТҰРҒЫН ХАЛҚЫ

Жалақы және жұмыскерлерге төленетін өзге әлеуметтік төлемдер

ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

ЛИЗИНГ ЖОБАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

1.



-  Монтаждауды қажет етпейтін ауыл шаруашылығы техникасы
-  Ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін, биологиялық активтерді тасымалдайтын көлік құралдары
-  Арнайы техника (ауыл шаруашылығы мақсаттарына арналған)
-  Астық және ауыл шаруашылығы өнімдерінің басқа түрлерін тасымалдауға арналған жүк вагондары

БҰРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛҒАН ЖОБАЛАРДЫҢ ШЕҢБЕРІНДЕ АЙНАЛЫМ КАПИТАЛДЫ ТОЛЫҚТЫРУ



2.

АРНАЙЫ ЛИЗИНГТІК БАҒДАРЛАМАЛАР



«ЕГІНЖАЙ» АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

-  Лизинг нысанасы: ҚР құрастырылған және/немесе шығарылған комбайндар
- 10%** Алғытөлемнің төмендетілген мөлшері, лизинг нысанасы құнының 10%-ы
-  Алғытөлемді астық жиналғаннан кейін төлеу мүмкіндігі




«АГРОТЕХНИКА» АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

-  Лизинг нысанасы: ауыл шаруашылығы техникасы
- %** Жеңілдетілген сыйақы мөлшерлемесі
-  Өтінімді қараудың стандартты процедурасы



«ӨЗ ЖЕМ-ШӨБІМІЗ» АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

-  Лизинг нысанасы: мал азығы өндірісіне арналған ауыл шаруашылығы техникасы
- 10%** Алғытөлемнің төмендетілген мөлшері, лизинг нысанасы құнының 10%-ы
-  Өзінің (соның ішінде лизингке алынған) мал басының бар болуы қажет




«ЭКСПРЕСС-ЛИЗИНГ» АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАСЫ (Басқарманың шешімімен бекітілген)

-  Шешімді 5 жұмыс күні ішінде кірісті растаусыз жеделдете қабылдау
-  Лизинг нысанасы: құны 100 млн теңгеге дейін ауыл шаруашылығы техникасы
-  Барынша аз құжаттар топтамасы (бизнес-жоспар мен қаржылық есептілік талап етілмейді)




«БЕЛАРУСТА ЖАСАЛҒАН» АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАСЫ *

-  Лизинг нысанасы: Беларусь Республикасында шығарылған ауыл шаруашылығы техникасы және арнайы техника, көлік құралдары, вагондар
- 6%** Сыйақы мөлшерлемесінің 6%-ын Беларусь Республикасы өтейді
-  Мемлекеттен субсидиялар алу мүмкіндігі сақталады


«СЕНІМДІ ФЕРМЕР» АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

-  ҚАҚ адал қарыз алушылары үшін бейілділік бағдарламасы
-  Техниканы лизингке алғытөлемсіз алу мүмкіндігі
-  Лизинг нысанасы: құны 100 млн теңгеге дейін ауыл шаруашылығы техникасы

«ШЕБЕР-ЛИЗИНГ» АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАСЫ (Басқарманың шешімімен бекітілген)

-  Құжаттарды жылына 1 рет жинау
-  Лизинг шарттарын желі шеңберінде оперативті түрде жасасу
-  Клиенттің лимитті толық игеру міндеттемесінің болмауы

ЛИЗИНГ БЕРУ ПРОЦЕСІ



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЛЫМДАР КЕЗІНДЕ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН СУБЪЕКТІСІ ШЕККЕН ШЫҒЫСТАРДЫҢ БІР БӨЛІГІН СУБСИДИЯЛАУ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау бағдарламасына қатысады.

Субсидиялаудың бұл түрінің көмегімен Қазақстанның ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері техниканы лизингке алған кезде инвестициялық субсидиялар есебінен алғытөлем ұсына алады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СУБСИДИЯЛАРДЫҢ МӨЛШЕРІ — ТЕХНИКА ҚҰНЫНЫҢ

25%-ын ҚҰРАЙДЫ

СУБСИДИЯЛАР АЛУ ТӘРТІБІ



СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН СУБСИДИЯЛАУ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламасына қатысады.

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге мөлшерлемені жылына 10% көлемінде субсидиялау есебінен үнемдеу мүмкіндігін береді.

СУБСИДИРОВАНИЕ СТАВКИ ВОЗНАГРАЖДЕНИЯ



СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН МЕМЛЕКЕТ МЫНАДАЙ МӨЛШЕРДЕ СУБСИДИЯЛАЙДЫ: ТЕХНИКА ЛИЗИНГІ БОЙЫНША

10%

АШТӨ ҮШІН АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫН ТОЛЫҚТЫРУҒА ТҮПКІЛІКТІ МӨЛШЕРЛЕМЕ ЖЫЛЫНА 7%

БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ бизнес-процестерді жетілдіру жұмысын жалғастыруда. 2018 жыл ішінде мынадай іс-шаралар жүргізілді:

- кредиттік-лизингтік қызмет бойынша өтінімдер қабылдау мен жобаларды қараудан, лизинг нысаналарын сатып алудан бастап, проблемалы борышпен жұмыс процестеріне дейінгі негізгі бизнес-процестер бойынша блок-сызбалар құрылды;

- клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын сапалы лизинг нысаналарын уақтылы жеткізуді қамтамасыз етуге көмектесетін Лизинг нысаналарын сатып алудың жаңа регламенті бекітілді. Құжат лизинг нысаналарын сатып алу процесін, сатып алуды жоспарлаудан, жеткізушілер базасын жасақтаудан бастап, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге жеткізуге және табыстауға дейін толық регламенттейді;

- несие қоржынының сапасын арттыру мақсаттарында, сонымен қатар жұмыс істемейтін активтердің қалдықтарын төмендету үшін, Проблемалы борышпен жұмыс регламенті өзектендірілді. Құжат борышкердің жосықсыз қызметінің нәтижесінде пайда болған ақша қаражатын Компанияның қайтаруы үшін құрылым-

дық бөлімшелер қолданатын процестер мен құралдарды толық сипаттайды;

- лизинг нысаналарын мониторингтеу процедурасын жеңілдету және лизинг нысаналарын қашықтан мониторингтеуді жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында, лизинг нысаналарын онлайн режимде түгендеу бойынша «Лизинг нысаналарын мониторингтеу» мобильдік қосымшасы әзірленді. Мобильдік құрылғыларға арналған қосымшалар Google Play Market және Apple App Store орналастырылған және пайдаланушылардың смартфондарына жүктеу және орнату үшін қолжетімді;

- қарыз алушылардың қаржылық ахуалын мониторингтеу процедураларын жеңілдету мақсаттарында, сонымен қатар клиенттер үшін құжаттар ұсыну жүктемелерін төмендету үшін, Жобаларды сүйемелдеу регламентіне өзгерістер енгізілді. Заңды тұлғаларды тексеру кезеңділігі жылына 1 ретке дейін қысқартылды, жобалардың жыл сайынғы кеңейтілген мониторингін жүргізу үшін қарыз алушыларды іріктеу критерийлері қайта қаралды. Лизинг нысаналары жоғалған жағдайда уақтылы шаралар қабылдау мақсаттарында лизинг нысаналарын мониторингтеу

шеңберінде қосымша бақылау процедуралары белгіленді;

- өтінімдерді қарау процедураларын жеңілдету мақсаттарында «Экспресс-лизинг» бағдарламасы пысықталды. Скорингтік талдау негізінде әзірленген жаңартылған бағдарлама клиенттің өтінімі бойынша барынша қысқа уақыт ішінде шешім қабылдауға мүмкіндік береді және техниканы кірісті растаусыз, қамтамасыз ету ұсынусыз және қосымша комиссияларды төлеусіз сатып алуды көздейді. Клиенттің қаржылық есептілік, бизнес-жоспар, банктер алдында және салықтар бойынша берешектері туралы анықтамалар ұсынуы талап етілмейді;

- клиенттер үшін жаңа өнімдер желісі, соның ішінде «Сенімді фермер» (адал қарыз алушылар үшін техниканы лизингке алғытөлемсіз беру), «Өз жем-шөбіміз» (жем-шөп дайындау және жем-шөп жинау техникасының лизингісіне алғытөлем төмендетілді), «Шебер-лизинг» (шарттар жаңартылды және жақсартылды), «Экспресс-лизинг» (жеңілдетілген процедуралар) арнайы бағдарламалары бекітілді және қаржы лизингінің стандарттық шарттарына өзгерістер енгізілді.

ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС

Лизинг нысанасын және лизинг нысанасының жеткізушісін таңдауды клиент өз бетінше «Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырады.

Лизинг бағдарламасын таңдағаннан кейін клиент қаржыландыру алу үшін және өтім беру үшін қажет құжаттар топтамасын жинауды жүзеге асырады.

Ұсынылатын құжаттар топтамасын Компанияның сараптамалық бөлімшелері белгіленген талаптарға сәйкестікке мұқият тексереді және жоба бойынша тәуекелдерді бағалайды.

Тәуекелдерді төмендету мақсатында Компания Клиентке, лизинг нысанасына және оның жеткізушісіне бірқатар талаптар қояды:

Клиенттерге қойылатын талаптар	Лизинг нысанасына қойылатын талаптар	Жеткізушіге қойылатын талаптар
<ul style="list-style-type: none"> оң іскерлік бедел; оң кредиттік тарихы; жоғары кәсіби менеджмент; ретроспективті және болжанатын төлем төлеу қабілеттілігі; рентабельді жоба және жобаны қаржыландыру мерзімдерімен салғастырмалы өтелімділік мерзімдері. 	<ul style="list-style-type: none"> жаңа және бұрын пайдаланылмаған болуы тиіс; белгіленген техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келуі тиіс; Қазақстан аумағына жеткізілуі тиіс; сапа сертификатымен қоса берілуі тиіс; техникалық құжаттамасы, сапа кепілдігі қоса берілуі тиіс. 	<ul style="list-style-type: none"> техника шығару және/немесе сату үшін қажетті сертификаттарға/лицензияларға ие болу; кәсіби біліктілікке және кемінде 5 ай жұмыс өтіліне ие болу; кепілдікті және кепілдіктен кейінгі сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыру; Қоғам алдында орындалмаған міндеттемелерінің болмауы; мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізілімінде және сенімсіз жеткізушілер тізімінде тұрмауы.

Компанияның лизинг нысаналарын жеткізушілерге қоятын талаптары барша үшін бірыңғай болып табылады және Компанияның сайтында орналастырылған, бұл жеткізушілер үшін компаниямен өзара ықпалдастықты жеңілдетеді.

Клиенттердің керекті жеткізушілерді іздестіруі ыңғайлы болу үшін Компанияның www.kaf.kz сайтында Компанияның ынтымақтастық іс-тәжірибесі бар ауыл шаруашылығы техникасын, жабдықтарын және ІҚМ жеткізушілерінің автоматтандырылған базасы жарияланған.

Компания әлеуетті жеткізушіден жарғылық, тіркеу құжаттары және белгілі бір лизинг нысаналарын сату және кепілді және сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыру мүмкіндігі құқығын растайтын құжаттар енетін құжаттар топтамасын сұратады.

Компанияның құрылымдық бөлімшелері ұсынылған құжаттарды жағымсыз сипаттағы мәліметтердің бар-жоқтығына, заңнама талаптарына сәйкестігіне және лизинг нысанасы құнының барбарлығына тексереді.

Жоба бойынша оң шешім қабылданғаннан және қаржы лизингі шарты жасасылғаннан кейін, лизинг нысанасын сатып алу шартын жасасу бойынша іс-шаралар жүргізіледі.


Одан әрі жеткізуші лизинг нысанасын жеткізу жұмысын жүргізеді, ал Компания осы лизинг нысанасын қабылдайды, жеткізушіге ақы төлейді және оны лизинг алушыға табыс етеді. Лизинг нысанасының логистикасы, кедендік рәсімдеу және жеткізумен байланысты өзге де сұрақтарды Компания қызметкерлері жүзеге асырады, бұл лизинг алушылар үшін процесті барынша жеңілдетеді.

ҚЫЗМЕТТІҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

2018 жылы Компания қызметінің барлық негізгі көрсеткіштерінің тұрақты өсуіне қол жеткізе алды.

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР, МЛРД ТЕҢГЕ



2018 жылғы қаңтар-желтоқсан ішіндегі өндірілген жалпы ішкі өнімнің көлемі (ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің оперативті деректері бойынша) 58,8 трлн теңге құрады және өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты көрінісі 4,1%-ға артты.

Инфляция 2018 жылы 5,3% құрады, бұдан бір жыл бұрын 7,1% болған. 2018 жылы азық-түлік тауарларының бағасы 5,1%-ға, азық-түлік емес тауарлардың бағасы 6,4%-ға, көрсетілетін қызметтердің бағасы — 4,5%-ға өсті.

KASE деректері бойынша, доллардың бағамы 2018 жылы 15,6% өсіп, жыл аяғында доллар үшін 384,2 теңге құрады.


ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар 2018 жылы 17,2% өсті (2017 жылы 5,5%) және 11,1 трлн теңге құрады. Бұл ретте ауыл шаруашылығына салынған инвестициялар 395,6 млрд теңге құрады және 2017 жылға қарай 14,2% өсті.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

395,6 МЛРД ТЕҢГЕ

ҚҰРАДЫ ЖӘНЕ 2017 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ 14,2% ӨСТІ

ЖІӨ ДИНАМИКАСЫ



Жалпы ішкі өнім, трлн теңге

Алдыңғы жылға пайызбен көрсетілген ФКИ

САЛАҒА ШОЛУ

АӨК САЛАСЫНА ШОЛУ

Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызмет көрсетулерінің) жалпы шығарылымы 2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда жалпы республика бойынша 4,4 трлн теңге құрады, бұл 2017 жылғы деңгейден 3,4%-ға жоғары. Өсу өсімдік шаруашылығы өнімдері өндірісінің 3,1%-ға, мал және құс союдың тірі салмақтағы көлемдерінің — 4,3%-ға, шикі сиыр сүті сауылымының — 3,3%-ға өсуімен, алынған тауық жұмыртқалары санының — 9,6% өсуіне байланысты. Ауыл шаруашылығы өндірісінің 2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2017 жылмен салыстырғанда өсуі республиканың 13 облысында көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын іске асыру шеңберінде АӨК-де 2021 жылға қарай 5 жыл ішінде еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттауды кемінде 2,5 есе ұлғайту міндеті қойылған.

Бұл мақсаттарға, соның ішінде АӨК техникалық жарақтандыру деңгейін арттыру және өндірісті қарқындату есебінен қол жеткізілетін болады.

РЕСПУБЛИКАНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЛАРЫН ӨНДІРУШІЛЕРІ 2018 ЖЫЛ ІШІНДЕ


9,5 МЫҢ БІРЛІК

ТЕХНИКА САТЫП АЛДЫ

АӨК-ДЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАРАҚТАНДЫРУ ДЕҢГЕЙІН ЖАҚСARTУ, ӨНДІРІСТІ ЖЕРГІЛІКТЕНДІРУ ДЕҢГЕЙІН БІРТІНДЕП АРТТЫРА ОТЫРЫП, САТЫЛЫП АЛЫНАТЫН ТЕХНИКА САНЫН ҰЛҒАЙТУ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАШИНАЛАРЫН ЖАСАУДЫ ДАМУТУ ЕСЕБІНЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕТІН БОЛАДЫ.

2018 жыл ішінде республиканың ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері 136,0 млрд теңге сомасына 9,5 мың бірлік техника сатып алды (2017 жылы — 103,2 млрд теңгеге 8,5 мың бірлік).

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ШЫҒАРУ СЕРПІНІ



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІНІҢ БАР БОЛУЫ, МЫҢ БІРЛІК

Техниканың атауы	1 қаңтар 2016	1 қаңтар 2017	1 қаңтар 2018	1 қаңтар 2019
Тракторлар	152,0	152,6	148,3	147,3
Тұқым сепкіштер	86,1	85,5	80,8	79,5
Астық жинайтын комбайндар	42,0	41,5	40,0	38,5
Дестелегіштер	15,6	5,0	15,0	14,9
Егіс кешендері	3,5	3,6	3,7	3,9

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІНІҢ

70%-ЫНЫҢ

ПАЙДАЛАНУ МЕРЗІМІ 10 ЖЫЛДАН АСАДЫ

Қазақстанның ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлерінің паркін тракторлар, астық жинайтын комбайндар, егіс кешендері, тұқым сепкіштер мен дестелегіштер құрайды. Бұл ретте, олардың 70%-ынан артығының пайдалану мерзімі 10 жылдан асады. Ауыл шаруашылығы техникасының орташа амортизациялық мерзімдері 10-12 жыл құрайтындығын ескере отырып, техниканы пайдаланудың шынайы мерзімдері нормативтік мерзімдерден 3-10 жыл асатындығы туралы қорытынды жасауға болады. Ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлері бойынша (егіс

кешендерінен басқа) жаңарту қарқындары, жаңартудың талап етілетін технологиялық деңгейі жылына 10–12,5 % болған кезде, техниканың әр түрлері бойынша шамамен 0,5–3% құрайды.

Сонымен, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді техникалық жарақтандыру агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың маңызды мәселесі болып қалауда. Ескі технологиялар мен ауыл шаруашылығы техникасының ескірген паркі еңбек өнімділігінің артуына және өндірісті ұлғайтуға кедергі келтіріп отыр. Тозған техниканы пайдалану ЖЖМ мен

қосалқы бөлшектердің жоғары шығынына, өнім ысырабына және сапаның төмендеуіне, бұзылу және өзге де теріс салдар себебінен техниканың тұрып қалуына әкеледі. Сонымен бірге техникалық жарақтандыруды дамыту және әлемдік атқарымдарды енгізу елеулі қаржы инвестицияларын талап етеді. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді техникалық жарақтандыру сапасын арттыру үшін ресурстардың қолжетімділігі мәселесін «ҚазАгроҚаржы» АҚ шешеді.

ЛИЗИНГ НАРЫҒЫ

Лизинг негізгі қорларды жаңартудың тиімді құралы болып табылады және әлемдік тәжірибеде белсенді қолданылады. Қазақстанда лизинг нарығы әлі де болса дамудың бастапқы сатысында тұр, оны қатысушылардың салыстырмалы түрдегі аз саны (шамамен 30 белсенді компания), шағын көлемдер мен мәмілелер саны ерекшелендіреді.

Лизингтік қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарды ҚР ҰЭМ Статистика комитеті жүргізген тексерудің деректері бойынша, 2018 жылы қаржы лизинг шарттарының жалпы құны 175,3 млрд теңге құрады және 2017 жылмен салыстырғанда 21,8% азайды. Ең тартымды салалар ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы болып табылды — қаржы лизинг шарттарының жалпы құнының 43,5%, көлік және қой-малау — 28,6%, тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу — 7,8%. Қаржыландыру көздері бойынша 2018 жылы ең үлкен үлесті тартылған қаражат құрайды - 60,1%. Ағымдағы лизинг қоржыны 478 млрд теңге құрады. Осыны ескере отырып, лизингтік компаниялардың жиынтық ағымдағы қоржынындағы «ҚазАгроҚаржы» АҚ үлесі шамамен 40% құрайды.

ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ ШАРТТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ, МЛРД ТЕҢГЕ



Нарықтың дамуын тежейтін басты факторлардың арасында қаржыландырудың осы түрінің мүмкіндіктері туралы әлеуетті клиенттердің хабардар болуының төмендігін және лизингтік компанияларды қорландыру проблемаларын бөліп көрсетуге болады. Қазақстанда лизингтік қаржыландыру соңғы жылдары экономиканы қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша елеулі шамада дамуда.

Бұл ретте ауыл шаруашылығында лизинг анағұрлым сұранысқа ие. Бір жағынан бұл коммерциялық банктердің саланы зауықсыз несиелендіретіне байланысты, олар бұл саланы тәуекелі жоғары және кредитор үшін ыңғайсыз ұзақ өндірістік цикл деп есептейді. Бұдан басқа, лизингтік қаржыландырудың пайдасына аграршылар үшін тартымды оның бірқатар ерекшеліктері де айтады:

- лизингтік қаржыландырудың анағұрлым икемді шарттары мен схемалары. Лизингті рәсімдеген кезде, мысалы, қосымша кепілдің қажеті жоқ, өйткені лизинг нысанасының өзі кепіл ретінде жүреді;
- ауыл шаруашылығы лизингісіне маманданған лизингтік компаниялар өз шарттарын агробизнесінің ерекшелігіне икемдейді. Мысалы, «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ында көктемгі-дала және егін жинау жұмыстарының маусымдық сипаты ескеріле отырып, негізгі борышты өтеудің икемді графигі қарастырылған, яғни негізгі борышты төлеу астық жиналғаннан кейін жылына бір рет жүзеге асырылады. Лизингтік қаржыландыру мерзімдері ұзақ болып табылады, бұл аграршылар үшін ыңғайлы, өйткені олардың жо-

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЛИЗИНГ ҚОРЖЫНЫ

478 МЛРД ТЕҢГЕ

- балары көбінесе ұзақ мерзімді өтелімділікті көздейді;
- қаржыландырудың лизингтік схемасын таңдаудың пайдасына салықтық артықшылықтардың бар болуы да қосылады.

Деректер бойынша, 2019 жылдың басында лизинг нарығында ұсынылатын барынша аз қаржыландыру мөлшерлемесі 5%, барынша көп мөлшерлеме - 19% құрады, алғытөлемдік қамтамасыз ету 10%-30%, лизинг берудің барынша аз мерзімі — 3 жыл, барынша көп мерзімі — 19 жыл құрады.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары бойынша мақсаттық бағдарламаны лизинг нарығының тек 4 ойыншысы ғана қолданады: «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «ҚДБ Лизинг» АҚ, «Лизинг Групп» АҚ және «ТехноЛизинг» ЖШС. «Қазақстандық Иджара Компания» АҚ («КІС Лизинг») ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары бойынша арнайы бағдарлама әзірлеуде. Қалған лизингтік компаниялар өнімнің бұл түрін «Арнайы техника және жабдықтар» бағдарламасы шеңберінде қаржыландырады.

2019 жылдың басында нарықта **қаржы лизингінің анағұрлым қолайлы шарттарын** мемлекеттік

бағдарламалар бойынша жұмыс істейтін немесе ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге субсидиялар ұсыну мемлекеттік бағдарламасының қатысушылары болып табылатын компаниялар ұсынған. Олар «Лизинг Групп» АҚ, «ТехноЛизинг» ЖШС, «ҚазАгроҚаржы» АҚ және «ҚДБ Лизинг» АҚ. Олар бүгінгі таңда 7% және одан жоғары мөлшерлеме ұсынып отыр, қаржыландыру мерзімдері орташа алғанда 3-10 жыл құрайды.

«ҚДБ Лизинг» АҚ және «ҚазАгроҚаржы» АҚ лизинг нарығындағы анағұрлым қолайлы шарттарды: ұзақ лизинг мерзімін және әртүрлі азық-түлік бағдарламалары шеңберінде клиенттер үшін икемді шарттар ұсынады.

Бұл ретте ең төменгі - 7% сыйақы мөлшерлемесін «Бизнесің жол картасы 2020» бизнесі қолдау және дамыту бірыңғай бағдарламасының шеңберінде «ҚДБ Лизинг» АҚ ұсынды. 2018 жылдан бастап «ҚДБ Лизинг» АҚ отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасау өндірушілерін (СеМаз, АгроМаш-Холдинг, «Вектор» комбайн зауыты) қолдау шеңберінде Машина-трактор паркін лизингтік қаржыландыру бағдарламасының операторы болып табылады.

«ТехноЛизинг» ЖШС Қазақстанның лизингтік қызметтер нарығындағы толыққанды ойыншы болып табылады және нарықтың негізгі сегменттерінде берік бәсекеге қабілетті орынға ие, Қазақстанның аса ірі лизингтік компанияларының тобына кіреді. «ТехноЛизинг» ЖШС агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу шеңберінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге техниканың лизингі

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ҮЛЕСІ 90%-ДАН АСАТЫН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ ЛИЗИНГІ НАРЫҒЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ОЙЫНШЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды ұсынады.

«Лизинг Групп» акционерлік қоғамы «ҚазТехМаш» АҚ, «Орал ЛТД» және «Петербург трактор зауыты» АҚ шығаратын ауыл шаруашылығы техникасын ұсынады, сонымен қатар «Бизнесің жол картасы 2020» бірыңғай бағдарламасының шеңберінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды, инвестициялық жұмсалымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша инвестициялық субсидиялар алу мүмкіндігін ұсынады.

Сонымен, қаржыландыру ұсынудың артықшылықты шарттары, сонымен қатар осы салада жеткілікті үлкен жұмыс тәжірибесі бар компаниялар бұрынғыдай лизинг нарығының көшбасшылары болып қалып отыр.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатыспайтын компаниялар да қаржыландырудың 3 жылдан 7 жылға дейін қысқа мерзімдерін 15% - 18% пайыздық мөлшерлеменен ұсынады. Мысалы, «NUR LEASING» компаниясының пайыздық мөлшерлемесі — 18%, бұл ретте алғытөлемдік қамтамасыз ету ең жоғары және сатылып алынатын лизинг нысанасы сомасының 30%-ын құрайды.

Бұл компаниялар тобының арасында анағұрлым қолайлы шарттарды Қазақстанның Халық Банкінің еншілес ұйымы «Haluk LEASING» 15%

мөлшерлеменен, 10% алғытөлеммен, 5 жыл мерзімге ұсынады.

Соңғы жылдары танымалдылығы артып келе жатқан **ислам лизингі және жалгерлігі бағдарламаларын** «Қазақстандық Иджара Компаниясы» АҚ («КІС Лизинг») және «Аль Сақр Финанс» АҚ («СҚ Лизинг» АҚ құқықтық мұрагері) ұсынған. Қаржыландыру шарттарының стандартты шарттардан аса айырмашылығы жоқ, айырмашылығы - пайыздық мөлшерлеме мен өтеу кестесін белгілеген кезде әрбір клиентке жеке тәсілдеменің қолданылуы болып табылады. Бұдан басқа, бұл компаниялар жалдау төлемінің бір бөлігін және пайда мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламасының қатысушылары болып табылады.

Сонымен, лизинг саласына экономиканы қолдау мемлекеттік бағдарламалары, ең алдымен АӨК, өнеркәсіп, шағын және орта бизнес саласындағы бағдарламалар елеулі ықпал етуін жалғастырып келетіндігін атап өту керек. Мемлекеттік қолдау көбінесе лизингтік қорландыру арқылы жүзеге асырылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ негізгі бәсекелестері экономиканы қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша жұмыс істейтін лизингтік компаниялар, сонымен қатар өз қызметтерін ислам лизингі және жалгерлігі бағдарламасы бойынша жүзеге асыратын компаниялар болып табылады.

PEST-ТАЛДАУ

Төменде Компания қызметіне тікелей немесе жанама түрде әсер етуі мүмкін негізгі саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторлар келтірілген.

	МҮМКІНДІКТЕР	ҚАТЕРЛЕР
САЯСИ ФАКТОРЛАР	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамыту бойынша мақсатқа бағытталған саясаты. Президент Жолдауының шеңберінде 2022 жылға қарай еңбек өнімділігін және ауыл шаруашылығының өңделген өнімдерін экспортауды 2,5 есе артыру міндеті қойылған. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді барынша қамту және ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту мақсатында АӨК дамыту мемлекеттік бағдарламасы өзектендірілді. Таяудағы 3 жыл ішінде бұл мақсаттарға жылына кемінде 100 миллиард теңге қосымша қарастырылған. Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қатысуы. Отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің Еуразиялық экономикалық одағына қатысушы елдердің біріккен нарығына шығу мүмкіндігі бар. 	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекеттік саясатқа тәуелділік. Мемлекеттік кеңінен реттеу отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің арқа сүйеушілік кейпін қалыптастырады. АҚШ және өзге де елдер тарапынан жекелеген санкция түрлерінің қолданылу мүмкіндігі. Қазақстанның Ресей Федерациясымен тығыз өзара ықпалдастығы Ресейге қарсы бағытталған жекелеген санкция түрлерінің Қазақстанға таралуы қатерін тудырады.
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР	<ul style="list-style-type: none"> ЖІӨ-ның жыл сайын өсуі. Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда жалпы республика бойынша 4 410,1 млрд теңге құрады, бұл 2017 жылдың деңгейінен 3,4% жоғары. Саланың ауыл шаруашылығы мақсаттарындағы жерлермен жеткілікті түрде қамтамасыз етілгендігі, тұрақты шикізат базасы. Саланы мемлекеттік субсидиялау. Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына сәйкес, мемлекет ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің инвестициялық салымдарын және сыйақысының бір бөлігін субсидиялайды. Қолайлы инвестициялық бизнес-климат. Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығына салынған инвестициялық салымдар 2018 жылғы қаңтар-желтоқсан ішінде алдыңғы жылмен салыстырғанда 14,2% артты және 395,6 млрд теңге құрады. 	<ul style="list-style-type: none"> Фермерлер қызметінің табыстылығы тәуелді болып табылатын тыңайтқыштарға, жем-шөпке, ветеринарлық дәрі-дәрмектерге және энергия ресурстарына сыртқы және ішкі бағалардың тұрақсыздығы. Ауыл шаруашылығы саласы тәуекелдерінің жоғары деңгейі. Ауа-райы жағдайлары, азық-түлік сапасы, өнімдердің әлемдік және ішкі бағаларының төмендеуі, өткізу нарықтарының шектеулілігі, экспорттық бағыттардың күрделі логистикасы.

	МҮМКІНДІКТЕР	ҚАТЕРЛЕР
ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ	<ul style="list-style-type: none"> Халықтың ауыл шаруашылығы өнімдерін тұтынуының салауатты тамақтануды насихаттауға, халық арасында органикалық өнімдерді дәріптеуге, сонымен қатар ауылдық жердегі халықтың елеулі үлесіне байланысты негізгі үрдістері. Халық санының артуы жағдайларында ауыл шаруашылығы өнімдерін қажетсінудің тұрақты сипаты аграрлық секторда органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және өткізуге ерекше көңіл аударумен ұзақ мерзімді өсу трендін сақтау үшін алғышарттар құрады. Білім берудің жоғары деңгейі. Бұл фактор ұйымды жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету үшін маңызды. Қазақстанда мемлекеттік аграрлық университеттер жұмыс істейді, олар АӨК әртүрлі салалардағы кәсіпорындарында жұмыс істеу үшін жыл сайын мамандар шығарады. Мемлекеттің ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға ерекше көңіл аударуы. ҚР Президентінің Жолдауы шеңберінде ауыл кәсіпкерлерін шаруашылық жүргізудің жаңа машықтарына жаппай оқыту қарастырылған. Бұдан басқа, «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасының шеңберінде ауылдық елді мекендердегі шағын бизнесті несиелендірудің қолжетімділігін қатамасыз ету бойынша шара қарастырылған. 	<ul style="list-style-type: none"> Табыстың төмен деңгейі. Ауыл шаруашылығы жұмыскерлерінің орташа айлық жалақысы жылдан жылға нашар өсім серпінін көрсетеді. Ауылдан тұрғын халықтың кетуі. Статистика комитетінің деректері бойынша, соңғы жылдары ел ішінде ауылдық көші-қон бойынша теріс сальдо байқалады. Маусымдылық. Ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау үшін әртүрлі маусымдарда әртүрлі еңбек көлемі қажет етіледі. Мұның нәтижесінде жұмыс күшін қажетсінудің біркелкісіздігі туындайды. Маусым кезеңінде 1,4 млн адам, ал қалған уақытта –1,2 млн шамасында адам жұмыспен қамтылады.
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ	<ul style="list-style-type: none"> Мемлекеттің жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуді ынталандыруы. Мемлекет агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарында агротехнологияларды цифрландыруға және инновациялық технологияларды енгізуге, технологиялық процестерді автоматтандыруға, сонымен қатар ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал етеді. Отандық ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиялық деңгейін арттыру ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің сұраныстарын арттыруы мүмкін. 	<ul style="list-style-type: none"> Материалдық-техникалық базаның ахуалы. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының жартысынан көбі амортизация мерзімдерінен асырыла пайдаланылады. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты бойынша, бүгінгі таңда АШТӨ меншігіндегі тракторлар мен комбайндардың пайдалану мерзімі 10 жылдан асады. Отандық ауыл шаруашылығы машинасын жасаудың технологиялық артта қалғандығы және шетелдік технологияларға тәуелділік. Отандық өндірушілерде Қазақстанның климаттық және географиялық жағдайларына бейімделген қазіргі заманғы технологиялардың жоқтығы.

SWOT-ТАЛДАУ

КҮШТІ ЖАҚТАРЫ	ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ
<ul style="list-style-type: none"> АӨК-де лизинг және кредиттеу саласындағы үлкен тәжірибе. Лизинг қызметтерін ұсынудағы жоғары құзыреттілік және білікті кадрлар құрамы. Бүкіл ел бойынша филиалдардың кең желісі Отандық және әлемдік ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын өндірушілермен орнатылған әріптестік қатынастар. Компанияны корпоративтік басқарудың жоғары деңгейі. Компанияның тәуекелдерін басқарудың тиімді кешенді жүйесінің бар болуы Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін танымал бренд. Клиенттер санының оң серпіні. Қорландыру көздерінің әртараптандырылған қоржыны және ішкі және халықаралық нарықтарда қарыз қаражаттарын тарту бойынша елеулі тәжірибесі. 	<ul style="list-style-type: none"> несие қоржынын экономиканың бір саласында шоғырландыру. Бюджеттік қорландырудың жоқ болуы салдарынан лизинг өнімдеріне жоғары сыйақы мөлшерлемесі. Лизинг процесін автоматтандырудың жеткіліксіз деңгейі.
МҮМКІНДІКТЕР	ҚАТЕРЛЕР
<ul style="list-style-type: none"> АӨК мемлекеттік қолдау деңгейін, соның ішінде машина-трактор паркін жаңарту мәселелері бойынша қолдау деңгейін арттыру. ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жаңартуда қанағаттандырылмаған сұраныстың бар болуы, тиісінше инвестицияларды ұлғайту мүмкіндігі. Компанияның көрсететін қызметтерімен қамтылмаған ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің елеулі санының бар болуы. АӨК субъектілері үшін ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жаңартуда үздік әріптес ретінде жайғасқан «ҚазАгроҚаржы» АҚ брендин күшейту. клиенттердің өтінімдерін қарау бойынша бизнес-процестерді жақсарту, соның ішінде техника лизингіне берілген өтінімдерге онлайн қызмет көрсетуге көшу. 	<ul style="list-style-type: none"> АӨК саласындағы кредиттік өнімдер бойынша инвестициялық салымдарды және/немесе сыйақы мөлшерлемесін мемлекеттік субсидиялауға бөлінетін ақша қаражатының жеткіліксіздігі. Лизингтік компаниялар санының көбеюі, анағұрлым пайдалы лизинг шарттары бар бәсекелестердің пайда болуы.

СТРАТЕГИЯНЫ ИСКЕ АСЫРУ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖОСПАРДЫ УАҚТЫЛЫ ИСКЕ АСЫРУДЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША ОҢ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017–2026 жылдарға арналған даму стратегиясымен нақты мақсаттары бар 3 стратегиялық бағыт, 10 міндет және қызметтің 7 негізгі көрсеткіші анықталған.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Стратегиялық жоспарлау және мониторингтеу қағидаларына сәйкес, мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін және Даму стратегиясы міндеттерінің тиімді іске асырылуын бақылау үшін 2018 жылға арналған Іс-шаралардың операциялық жоспары әзірленді.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

1-МІНДЕТ. НЕСИЕ ҚОРЖЫНЫНЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ

Несие қоржынының сапасын арттыру мақсаттарында ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру бойынша мынадай жұмыстар атқарылды:

- Жобаларды сүйемелдеу регламентіне өзгерістер енгізілді. Заңды тұлғаларды тексеру кезеңділігі жылына 1 ретке дейін

1.

Мақсаты: тәуекелдің қолайлы деңгейін сақтай отырып, қызметтің рентабельділігін арттыру жолымен «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның ұзақ мерзімдік акционерлік құнын ұлғайту.

ҚНҚ	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2026 ж.	
	(нақты)	(жоспар)	(нақты)	(жоспар)	
ROA, %	1,25	0,87	2,31	1,65	2,33
ROE, %	3,53	2,56	6,43	4,62	6,24
NPL деңгейі, %	16,3	17,0	15,55	16,3	11,0

- қысқартылды, жобаларды жыл сайын мониторингтеуді жүргізу үшін қарыз алушыларды іріктеу критерийлері қайта қаралды. Лизинг нысаналары жоғалған жағдайда уақтылы шаралар қабылдау мақсатында лизинг нысанасын мониторингтеу шеңберінде қосымша бақылау процедуралары белгіленді;
- Проблемалық борыштармен жұмыс регламенті өзектендірілді. Құжатта борышкердің жосықсыз қызметінің нәтижесінде пайда болған ақша қаражатын Компанияның қайтаруы үшін құрылымдық бөлімшелер қолданатын процестер мен құралдар толық сипатталған.
 - кредиттік тәуекелді болжамдау бойынша жаңа тәсілдемелер әзірлеу шеңберінде Активтерді құнсыздандыру регламенті бекітілді.

Компания жыл сайынғы негізде қарыз алушылардың төлем тәртібін бақылауды қамтамасыз етіп отырды. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Негізгі борыштың түсу жоспарының орындалуы 154% құрады, жоспар 34,7 млрд теңге болған жағдайда өтем 53,7 млрд құрады. Бұдан басқа, ҚАҚ ішкі құжаттарымен көзделген тәртіпте қарыз алушылардың қаржылық жағдайын мониторингтеу жүзеге асырылды.

Компания тұрақты негізде проблемалы борышпен жұмыс жүргізді. 2018 жылғы 12 айдың ішінде 5 601,2 млн теңге сомада ақша қаражаты өндіріліп алынды, алынған және Компанияның теңгеріміне қойылған 357 бірлік лизинг нысанасы өткізілді.

2-МІНДЕТ. МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫ ЖӘНЕ АКТИВТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН НЫҒАЙТУ.

2018 жылы Компания кірістің өсуі және шығыстардың қысқаруының арқасында активтердің және меншікті капиталдың рентабелділігі көрсеткіштерін асыра орындады. 2018 жылдың қорытындылары бойынша таза пайда жоспарлағаннан үлкен мөлшерде құралып, 6 728, 4 млн теңге құрады (Даму стратегиясына сәйкес жоспар - 2 617,0 млн теңге).

Компания контрагент банктердің қаржылық көрсеткіштерін, өтімділік ахуалын, пруденциялық нормативтерді орындауын, банкке қатысты теріс жаңалықтардың бар-жоқтығын тұрақты негізде мониторингтеп отырды. Компанияның ақша қаражаттары проблемалы екінші деңгей банктерінде орналастырылмағандығын атап өту керек.

Бұдан басқа, қосымша кіріс алу мақсаттарында Компания уақытша бос ақша қаражаттарын ҚР ҰБ қысқамерзімді ноталарына орналастырды (7, 28 күнге).

3-МІНДЕТ. БАНКТЕРДЕН ЖӘНЕ БАСҚА ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ИНВЕТОРЛАРДАН ҚАРЫЗ ҚАРАЖАТТАРЫН ТИІМДІ ТАРТУ

Компания банктерден қарыз, әртүрлі елдердің экспорттық-кредиттік агенттіктерінің (ЭКА) өтеуімен сауда-экспорттық қорландыру түрінде, сонымен қатар борыштық бағалы қағаздар шығару арқылы нарықтық қорландыруды тартады. ҚАҚ қорландыру

көздерін және инвесторлық базаны әртараптандыру саясатын ұстанады. Компанияның кең инвесторлар базасы бар және көптеген жылдар бойы қазақстандық, сол сияқты шетелдік ірі қаржы институттарымен де, сонымен қатар халықаралық қаржы ұйымдарымен белсенді ынтымақтасуда.

2018 жылы Компания облигацияларының екі шығарылымын инвесторлардың кең тобы арасында табысты орналастырды. 2018 жылғы қазанда коммерциялық облигациялардың дебюттік шығарылымы жүзеге асырылды, ізінше 2018 жылғы қарашада Компания облигациялық бағдарлама шеңберінде нарықтық облигациялар шығарды. Екі шығарылым арқылы 20 млрд теңгеден аса қаражат тартылды. Инвесторлардың арасында қазақстандық институционалдық және шетелдік инвесторлар бар.

2018 жылғы 23 қарашада инвесторлармен өзара ықпалдастық саясатының шеңберінде Компания KASE алаңында «Эмитент күні» іс-шарасын өткізді, оның шеңберінде қазіргі инвесторлармен және әріптестермен, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен Компания басшыларының кездесуі өтті. Кездесу барысында Компанияның 2018 жылғы 11 ай ішіндегі қаржылық нәтижелері талқыланды. Сонымен қатар іс-шара қонақтарының Компанияның қаржыландырылған жобаларына баруы ұйымдастырылды.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Лизинг көлемі бойынша стратегиялық көрсеткішті орындау мақсаттарында тоқсандар мен ҚАҚ филиалдары қиындысында Ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландырудың 2018 жылға арналған жоспары бекітілді. Қорытындысында Ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландырудың 2018 жылға арналған жоспарын орындау 125,9% құрады (анығырақ «Операциялық қызмет нәтижелерінен» қарауға болады).

1-МІНДЕТ. КЛИЕНТТЕР ҮШІН КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Клиенттер үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін артыру мақсатында Компания аграршылардың мүмкіндіктеріне жауап беретін қаржыландырудың бәсекелестік шарттарын қамтамасыз етуге ықпал ететін жұмыстар жүргізді. Лизинг нарығында бүгінгі таңда Компания қаржыландырудың анағұрлым қолайлы шарттарын ұсынады:

- лизингтің ұзақ мерзімі (қаржыландырудың барынша көп мерзімі 10 жыл құрайды, бұл нарық бойынша қалыптасқан мерзімнен 2,2 жыл асады);
- әртүрлі азық-түлік бағдарламалары шеңберінде клиенттер үшін икемді шарттар («Сенімді фермер» — алғытөлемсіз лизинг; «Өз

2.

Мақсаты: қазіргі клиенттердің бейілділігін арттыру және клиенттердің жалпы санын 2026 жылға қарай 1,5 есе ұлғайта отырып, жаңа клиенттерді тарту.

ҚНҚ	2017 ж.	2018 ж.		2019 ж.	2026 ж.
	(нақты)	(жоспар)	(нақты)	(жоспар)	(жоспар)
Көрсетілетін қызметтерді қазіргі пайдаланушылардың саны	6 548	6 747	6 967	7 214	9 221
Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингісінің көлемі	40,2	50,0	63,0	62,0	81,9
Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі және клиенттердің қанағаттанушылық деңгейі	73,87	73,7	77,9	74,3	88,8

- жем-шөбіміз» — жем-шөп өндірісіне арналған техникаға алғытөлемі төмендетілген лизинг; «Шебер-лизинг» — оның шеңберінде клиент үшін бір жылға желі ашылады, ол құжаттарды қайтадан жинаусыз және қараусыз техниканы лизингке ала алады; «Экспресс-лизинг» — кірісті растаусыз, өтінім барынша қысқа мерзімде қаралатын лизинг);
- жеңілдікті кезеңінің бар болуы (клиенттерге сыйақыны және негізгі борышты шарт жасасқан мезеттен бастап бір жыл аяқталғаннан кейін төлей бастау мүмкіндігі беріледі);
- қосымша қамтамасыз ету ұсыну қажеттігінің жоқтығы — Компанияның лизингтік өнімдерінің басты артықшылықтарының бірі;
- қаржыландыруды қарау және ұйымдастыру үшін комиссиялардың болмауы.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2018 жылы «Техникалық қайта жарақтандыру — АӨК дамуының негізі» тақырыбында ҚР АШМ, «Атамекен» ҰКП, «ҚазАгро» холдингінің, негізгі ауыл шаруашылық одақтарының, 100-ден аса фермерлер мен 30-дан аса техника жеткізушілер өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өткізді. Бұл іс-шарада фермерлер үшін де, сол сияқты ауыл шаруашылығы техникасын жеткізушілер үшін де өзекті болып табылатын проблемалы мәселелер талқыланды. Өткізу нәтижелері бойынша іс-шара ҚР АШМ, «ҚазАгро» холдингінің, одақтардың және басқа келушілердің жоғары бағаларын алды. Есепті жыл ішінде Компания AgriTek Astana-2018, KazFarm-2018, AgritekShymkent-2018, Агрофорум-2018, Дала күні және т.б. маман-

дандырылған ауыл шаруашылығы көрмелері мен форумдарына қатысты. Сонымен қатар Компанияның танымалдылығын арттыру мақсатында 2018 жыл ішінде республикалық және өңірлік БАҚ-да Компания қызметінің анағұрлым елеулі оқиғаларын айғақтайтын жарияланымдар орналастырылды.

2-МІНДЕТ. ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ

Көрсетілетін қызметтерді жетілдіру және олардың сапасын арттыру мақсатында 2018 жылы Компания қызметкерлері үшін клиентке бағдарланған стандарт бекітілді. «Менің клиентім» нұсқаулығы консультациялар беру және өтінімдерді қабылдау кезінде, сонымен қатар өтінімдерді және Компания атына келіп түскен жолданымдарды қарау барысында клиентпен өзара ықпалдасудың бірыңғай тәртібін орнату мақсатында әзірленген.

Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділік деңгейін және Компания клиенттерінің/клиенті емес тұлғалардың қанағаттанушылығын

бағалау мақсатында жыл сайын тәуелсіз компания сауал салу жүргізеді (500 респонент, олардың ішінде 418 — клиент, 82 — клиент емес тұлғалар). Тәуелсіз зерттеулердің қорытындылары бойынша Компанияның көрсететін қызметіне жалпы қанағаттанушылық деңгейі 93,0% құрады.

Өтінімдерді қарау мерзімінің ҚАҚ тарапынан сақталуына тоқсан сайынғы негізде бақылау жүргізілді. Лизинг нысаналарының сапасын арттыру мақсатында Компанияның сервер жабдығында лизинг нысаналарын мониторингтеу жүйесі іске қосылып, (мобильдік қосымша), тестіленді және қазіргі кезде пайдалануға қосылған. Мобильдік құрылғыларға арналған қосымша Google Play Market және Apple App Store сыртқы ресурстарында орналастырылған және жүктеп алуға және пайдаланушылардың смартфондарына орнатуға қолжетімді.

3-МІНДЕТ. ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖЕЛІСІН КЕҢЕЙТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Азық-түлік желісін кеңейту және дамыту шеңберінде түрлері бойынша ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарына деген қажеттілікті зерделеу мақсатында, өңірлерде сауалнама жүргізілді. Ауыл шаруашылығының негізгі көрсеткіштері бойынша, соның ішінде ауыл шаруашылығы алаңдарының бар-жоқтығы, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының (шаруа, фермер қожалықтарының) саны мен көлемі жөніндегі деректер, ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша өңірлердің ерекшеліктері және мамандануы жөнінде жиынтық кестелер дайындалды. Бұл ақпарат жаңа азық-түлік бағдарламаларын әзірлеген кезде, сонымен қатар Қаражатты игерудің 2018 жылға арналған жоспарында өңірлердің жоспарлы көрсеткіштерін анықтаған кезде пайдаланылды.

Клиенттерге арналған жаңа азық-түлік бағдарламалары ескерілген «ҚазАгроҚаржы» АҚ қаржыландырудың жалпы шарттарының жаңа редакциясы 2018 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді.

Мақсаты: «ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

КОРПОРАТИВТІК ДАМУ

Корпоративтік даму бойынша стратегиялық бағыттың шеңберінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2018 жылы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған іс-шараларды іске асырды. Бұдан басқа, ҚАҚ Корпоративтік басқа-

ҚНҚ	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2026 ж.
	(нақты)	(жоспар)	(нақты)	(жоспар)
Корпоративтік басқару деңгейі	85,9	84,2	89,7	91,5

руды жетілдірудің 2016-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының орындалуын талдау және 2017 жылдың қорытындылары бойынша корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау нәтижелерінде алынған ұсыныстар нәтижесінде, 2018 жылғы желтоқсанда «ҚазАгроҚаржы» АҚ Корпоративтік басқаруды жетілдірудің жаңа 2019-2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді.

1-МІНДЕТ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНУ

Корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу мақсаттарында 2015 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі әзірленіп, Жалғыз акционердің шешімімен бекітілді, оның шеңберінде 6 негіз қалаушы қағидатты ұстану қарастырылған: Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты, Қоғамның Директорлар кеңесімен және Басқармамен тиімді басқарылу қағидаты, Қоғамның өз бетінше қызмет атқару қағидаты, Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетудің ашықтығы және әділділігі қағидаты, заңдылық және этика қағидаты, мүдделі тараптардың алдындағы жауапкершілік қағидаты.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 12 ақпандағы отырысында (№1 хаттама) «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ұстануы туралы 2018 жыл қорытындылары бойынша есеп қаралды және назарға алынды. Қабылданған есепке сәйкес 2018 жылы 6 негіз қалаушы қағидаттың 5-уі толық көлемде сақталған, 1 қағидат бойынша жартылай ұстану байқалды.

2-МІНДЕТ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАР ИНСТИТУТЫН ЖЕТІЛДІРУ.

ҚАҚ Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2016-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің жұмысын кешенді және жан-жақты, соның ішінде директорлардың қажетті біліктілігі тұрғысынан бағалау жоспарланған.

Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесіне сәйкес, 2018 жылы корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау және Директорлар кеңесінің тиімділігін 2017 жыл қорытындылары бойынша бағалау жүргізілді. Диагностика «Сарапшы РА Қазақстан» рейтинг агенттігі ЖШС жүргізді. Бағалау қорытындылары бойынша ҚазАгроҚаржыға корпоративтік басқарудың РКУ-7 деңгейі («корпоративтік басқарудың дамыған тәжірибесі») берілді. Рейтингтік бағалауды қолдау рейтинг берілген мезеттен бастап, жыл бойы жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің жұмысын бағалауды жүргізу шеңберінде Директорлар кеңесінің қызметін регламенттейтін ішкі құжаттар, соның ішінде Директорлар кеңесі және оның комитеттері туралы ереже талданды, Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу кезеңділігін және нышандарын талдау жүргізілді. Директорлар кеңесі мүшелерін сауалдау, Директорлар кеңесі мүшелерімен, корпоративтік хатшымен, Тәуекел менеджменті департаментінің және Ішкі аудит қызметінің басшыларымен сұхбатасу жүргізілді.

Жүргізілген диагностикалаудың қорытындылары бойынша «Компания

корпоративтік басқару саласында қазақстандық заңнамалардың талаптарын сақтайды және корпоративтік басқарудың халықаралық озық тәжірибесінің жекелеген ұсыныстарын ұстанады. Компания меншік иелерінің басқару сапасына байланысты ысыраптар тәуекелдерінің төмендігімен сипатталады» деп көрсетілген.

3-МІНДЕТ. БАСШЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫН ЖОСПАРЛАУ ИНСТИТУТЫН ЖӘНЕ КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ӨНІМДІ ЖҮЙЕСІН ДАМУ.

Басшы лауазымдардың сабақтастығын жоспарлау институтын және «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасын (Басқарма) және оның қызметкерлерін бағалаудың өнімді жүйесін дамыту мақсаттарында біратар іс-шаралар жүргізілді.

Басшы қызметкерлер (Басқарма мүшелері) үшін Сабақтастықты жоспарлау қағидалары әзірлену үстінде.

«Самұрық-Қазына» корпоративтік университетімен жасасқан шарттардың негізінде стратегиялық басқару мәселелері (басшы және басқарушы лауазымдарды грейдирлеу) бойынша жұмыстар жүргізілді.

Директорлар кеңесі 2018 жылғы 14 ақпанда Компанияның ІАҚ қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін бекітті. ҚАҚ Басқарма Төрағасының және мүшелерінің, корпоративтік хатшысының, Комплаенс қызметінің және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу, оларға сыйлықақы беру және әлеуметтік қамтамасыз ету шарттары туралы қағидаларға түзету, грейдирлеу жүйесі енгізілгеннен кейін жасалатын болады.

**4-МІНДЕТ. КОМПАНИЯ ҚЫЗ-
МЕТІНІҢ АШЫҚТЫҒЫН АРТТЫРУ.**

«ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты орналастыруды жауапты құрылымдық бөлімше Қазақстандық қор биржасының, Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурстары, сонымен қатар «ҚазАгроҚаржы» АҚ www.kaf.kz ресми сайты мен «ҚазАгро» ұлттық басқару холдингі» АҚ www.kazagro.kz/kaf порталы енетін сыртқы ресурстарға «бір терезе» қағидаты бойынша жүзеге асырады.

Компания 2018 жыл ішінде интернет-ресурстардағы ақпаратты өзектендіру бойынша жоспарланған ұсыныстардың барлығын ҚАҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша 2016-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес орындады, атап айтқанда мынадай ақпарат жарияланды және өзектендірілді:

- ҚАҚ Копрпоративтік басқару кодексін ұстануы жөніндегі есеп интернет-ресурсқа орналастырылды;
- ҚАҚ копрпоративтік басқару тәжірибесі туралы және Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі туралы саясаты мен тәжірибесі туралы ақпарат жаңартылды;
- жасалуында ҚАҚ мүддесі бар мәмілелер туралы ақпарат орналастырылды, оған мәміле тараптары арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипаты туралы мәліметтер енгізілді;
- тоқсан сайынғы негізде инсайдерлердің жаңартылған тізімін Қазақстандық қор биржасына орналастыру жүзеге асырылды.

Бұдан басқа, ағымдағы жылғы 16-17 мамырда өткізілген АЭФ шеңберінде Компания 2018 жыл қорытындысы бойынша әлемдік ашықтық стандарттарын Қазақстанда енгізуге қосқан үлесі үшін дипломмен марапатталды және Қазақстанның аса ірі 100 компаниясының ашықтық рейтингінде 11-ші орынды иеленді.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ 2018 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ:

АӨК
ДАМУҒА

72,7 МЛРД
ТЕҢГЕ

ИНВЕСТИЦИЯЛАНДЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН
ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА

2 773
ШАРТ

ЖАСАСЫЛДЫ



➤ 63,0 МЛРД
ТЕҢГЕ

СОМАСЫНА

➤ 3 426
БІРЛІК

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ТЕХНИКАСЫ МЕН ЖАБДЫҚТАРЫ
ЛИЗИНГКЕ БЕРІЛДІ

➤ 1 500
КЛИЕНТ

ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ

➤ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
РЕЙТИНГІ ӨТКЕН
ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА

4% өсті

➤ КЛИЕНТТЕРДІҢ КОМПАНИЯНЫҢ КӨРСЕ-
ТЕТІН ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАНАФАТТАНУШЫЛЫҚ
ИНДЕКСІ

93% құрады


➤ 2018 ЖЫЛ ІШІНДЕ КОМПАНИЯ
ТАРИХЫНДАҒЫ ЕҢ ҮЛКЕН

6 728,4
МЛН ТЕҢГЕ

ҚҰРАҒАН ТАЗА ПАЙДА АЛЫНДЫ

«САРАПШЫ РА ҚАЗАҚСТАН» РЕЙТИНГ
АГЕНТТІГІ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕПТЕРДІҢ VIII БАЙҚАУЫНДА «ҚАЗА-
ГРОҚАРЖЫ» АҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ ҚАРЖЫ
СЕКТОРЫНДА ҮЗДІК ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП БО-
ЛЫП ТАНЫЛДЫ (1-ОРЫН) ЖӘНЕ БАРЛЫҚ
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ АРА-
СЫНДА (100-ДЕН АСА КОМПАНИЯ) 9-ШЫ
ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ.

2000-2018 ЖЫЛДАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ



694,6
МЛРД
ТЕҢГЕ

2000-2018 ЖЫЛДАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ


АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ ЛИЗИНГІ 2000-2018 ЖЫЛДАР

Техниканың атауы	2016 ж.		2017 ж.		2018 ж.		2000–2018 жж.	
	бірлік	сомасы	бірлік	сомасы	бірлік	сомасы	бірлік	сомасы
Егіс кешендері	56	1 266	31	509	72	1 736	1 256	45 529
Тракторлар	962	11 963	788	9 432	1 032	15 592	12 715	91 239
Комбайндар	490	24 085	283	16 896	495	28 268	10 299	217 301
Тұқым сепкіштер	104	2 762	124	1 703	133	2 626	2 179	11 364
Өзге техника	1 474	11 724	1 150	7 830	1 550	12 762	15 954	79 414
Жабдықтар	33	3 960	24	3 807	144	1 987	596	58 839
ЖИЫНЫ	3 119	55 760	2 400	40 176	3 426	62 972	42 999	503 685

2018 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ 7 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ:




БАҒЫТТАР ҚИЫНДЫСЫНДАҒЫ ИНВЕСТЖОБАЛАР



ӨҢІРЛЕРДІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРМЕН ҚАМТЫЛУУЫ

БАРЛЫҒЫ
461
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ЖОБА ПАЙДАЛАНУҒА
БЕРІЛДІ




- Астық қоймасы
- ТСФ
- Көкөніс қоймасы
- Қайта өңдеу
- Құс фабрикасы
- Репродуктор
- Жылыжайлар
- Өзгелері

КЛИЕНТТЕРДІҢ ӨЛШЕМДІЛІК БОЙЫНША САНЫ, БІРЛІК



КЛИЕНТТЕРДІҢ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША 2018 ЖЫЛҒЫ ҚҰРЫЛЫМЫ, БІРЛІК



ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

млн теңге	2018 жыл	2017 жыл
Активтер		
Ақша қаражаты және оның баламалары	44 798	41 239
Клиенттерге берілген кредиттер	43 004	45 067
Қаржы жалгерлігі бойынша дебиторлық берешек	186 617	183 288
Қаржы жалгерлігіне арналған мүлік	10 740	5 132
Негізгі құралдар	996	1 040
Өзге активтер	12 779	7 047
Активтер жиыны	298 934	282 813
Міндеттемелер		
Акционер алдындағы берешек	67 232	75 539
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	41 808	40 430
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	64 596	46 969
Өзге міндеттемелер	18 948	17 090
Міндеттемелер жиыны	192 584	180 028
Меншікті капитал	106 350	102 785
ROA	2,31	1,25
ROE	6,43	3,53
Бір жай акцияның теңгерімдік құны (теңгемен)	1.277,14	1.234,41

млрд теңге	2018 жыл	2017 жыл	2018 жыл, 2017 жылға %-бен
Кірістер, барлығы соның ішінде:	27,83	28,64	97,2%
Сыйақылар түріндегі кірістер	26,15	27,11	96,4%
Шығыстар, барлығы соның ішінде:	21,40	25,13	85,2%
Сыйақылар бойынша шығыстар	13,61	14,30	95,2%
Резервтер құру бойынша шығыстар	2,83	3,49	81,1%
КТС	-0,30	-0,07	424,1%
Таза кіріс	6,73	3,57	188,5%

КОМПАНИЯ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СЕКТОРЫНДА ТАБЫСТЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУДЫ ЖАЛҒАСТЫРЫП КЕЛЕДІ, НӘТИЖЕСІНДЕ ОНЫҢ НАРЫҚТАҒЫ ЖАЙҒАСЫМЫ НЫҒАЯ ТҮСУДЕ, АЛ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖЫЛДАН ЖЫЛҒА ЖАҚСАРЫП, КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ БІРІЗДІ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ.

КОМПАНИЯНЫҢ 2018 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ТАЗА ПАЙДАСЫ

6,73
МЛРД
ТЕҢГЕ

2019 Ж. 1 ҚАҢТАРҒА КОМПАНИЯ АКТИВТЕРІНЕН ТЕҢГЕРІМ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫҢ ҮЛЕСІ

36%

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ:

1. Капиталдандырудың жоғарғы деңгейі. Теңгерім құрылымындағы меншікті капиталдың үлесі Компания активтерінің 36%-ын құрайды, бұл Жалғыз акционер тарапынан қолдау жасалатындығын, Компания қызметінің пайдалылығын және әртүрлі қаржылық тәуекелдерді абсорбциялауға жоғары қабілеттілігін куәландырады. 2018 жылы Компания 6,73 млрд теңге көлемінде таза пайда алды.

деңгейіндегі ұзақ мерзімді рейтингті растады, бұл тәуелсіз рейтингтен екі деңгейге төмен. Fitch Ratings көзқарасы бойынша жоғары рейтинг Қазақстан үкіметінің қолдау көрсетуге дайын екендігіне және сонымен бірге ортамерзімдік келешекте буферлік капиталдың жоғары қоры себепті оның қажет болуының аз ықтималдылығына байланысты берілді.

мативтерді бұзуға жол берген емес. Барлық коэффициенттер бойынша елеулі қорлары бар.

6. Міндеттемелерді әртараптандыру. Компания қорландыру көздерін де, сол сияқты құралдарын да әртараптандыруға тырысады. Міндеттемелердің құрылымындағы нарықтық қорландыру үлесі ұлғаюда. Компания қорландыру базасын одан әрі кеңейтуді көздейді.

2. Өтімділіктің қолайлы деңгейі. Компания несие қоржынының тұрақты өсуін, кредиторлар алдындағы міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз ету үшін өтімді қаражаттың жеткілікті деңгейін ұстап тұрады. 2019 жылғы 1 қаңтарға активтердегі өтімді активтердің үлесі 15,0% құрады.

4. Қаржы тәуекелдерін тиімді басқару. Компанияда кредиттік, валюталық, баға тәуекелдерін және өтімділік тәуекелін уақтылы айқындауға, сенімді бағалауға және барынша азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған.

7. Рентабелділік. Компания 2018 жыл ішінде 6,73 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алды, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 88,4%-ға көп. Тиісінше, капиталдың рентабелділігі 6,43 құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 82%-ға көп.

3. Жоғары кредиттік рейтинг. 2019 жылғы 04 сәуірде Fitch Ratings BB+, болжам «Тұрақты»

5. Пруденциалдық нормативтерді ұстану. Компания өз қызметінің бүкіл тарихында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген пруденциалдық нор-



ДАМУ КЕЛЕШЕКТЕРІ

2019 жыл Компания үшін аса маңызды оқиғамен есте қалды, атап айтқанда мамыр айында Үкімет Қаулысы шықты, соған сәйкес «ҚазАгроҚаржы» АҚ жекешелендіруге жататын объектілердің тізбесінен шығарылды. Бұл ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруда Компанияның маңызды орын алатындығын тағы бір рет растайды.

Осы орайда таяудағы келешекте «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017-2026 жж. арналған Даму стратегиясын түзету жоспарланып отыр. Бұл ретте Компанияның миссиясы бұрынғысынша — сапалы және бәсекеге қабілетті лизингтік қызметтер ұсыну арқылы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жаңартуға жәрдемдесу болып қалады. Өзгерістер лизинг көлемдерінің ұлғаюы мен жаңа өнімдердің, мүмкін, лизинг түрлерінің де енгізілуі ескеріле отырып, Компанияның көрсеткіштеріне қатысты болады.

Компания АӨК лизингі нарығындағы белсенді қызметін жалғастырады және қаржыландырылатын клиенттер санын арттыруға ұмтылатын болады. Компанияның түзету енгізілген стратегиясының маңызды міндеттерінің бірі бюджеттік инвестициялар алған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін жеңілдікпен қаржыландыру болады.

Бұл ретте, Компания отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге қызмет көрсеткен кезде жекеменшік қаржы нарығы-

на тән болып табылатын клиенттерге бағдарланған стандарттарды енгізуді жалғастыруды жоспарлап отыр. Бұл міндетті іске асыру клиенттер үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттырудың бірнеше құралдарын пайдалану жолымен қамтамасыз етілетін болады.

Біріншіден, бұл лизингтік қызметтерінің сапасын арттыру, сонымен қатар Компанияның азық-түлік желісін кеңейту және дамыту. Бизнес-процестерді оңтайландыруды жүргізу және қаржыландыру процедураларын жеңілдету, сонымен қатар өтінімдерді қарау мерзімдерін және құжаттар топтамасын қысқарту, қаржыландыру шарттарын жетілдіру, көрсетілетін лизингтік қызметтердің сапасына клиенттердің қанағаттанушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, соңғы жылдардағы жаппай цифрландырумен байланысты трендтерді ескере отырып, Компания өзі үшін қосымша мүмкіндіктерді көріп отыр. Атап айтқанда, өтінімдерді қабылдаудың және қадағалаудың электрондық жүйесіне толығымен көшу, алдыңғы төлемдер туралы клиенттерге SMS арқылы хабарлау, клиенттерге өтінімдерді онлайн-режимде беру мүмкіндігін ұсыну, сонымен қатар клиенттерді олар үшін Компания филиалдарында жабдықталған жұмыс аймақтарын ұйымдастыру жолымен жеке кабинетте жұмыс істеуге үйрету жоспарланып отыр.

Үшіншіден, өңірлік қамтуды және Компания қызметтерінің фермер-

лер үшін қолжетімділігін барынша арттыру мақсаттарында Компания ақпаратты таратудың ақпараттық арналарын кеңейтетін болады.

Тұтынушылық сұранысқа бағытталған лизингтік қызметтерді жетілдіру және дамыту бұрыннан бар клиенттердің бейілділігін жоғарылатуға және жаңа клиенттер тартуға, сонымен қатар отандық аграршыларды қолдауға Компанияның құнды үлес қосуын қамтамасыз етеді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік басқаруын тұрақты дамыту, Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады, біздің әріптестеріміз үшін бұл ерекше маңызды.

Компанияны диагностикалау нәтижелері бойынша, корпоративтік басқару деңгейі 89,7%-ға жетті. Сонымен бірге, диагностика қорытындылары бойынша, өсу аймақтары мен одан әрі даму үшін мүмкіндіктер айқындалды. Компания менеджмент жүйесін корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесінің әлемдік стандарттарына келтіру жолымен корпоративтік басқарудың деңгейін арттыру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізуді жалғастыруы қажет. Корпоративтік басқаруды дамыту Компанияның тиімді қызметін арттыруға елеулі ықпал етеді және әлемде мойындалған стандарттарға сәйкес жұмыс істейтін табысты компанияға айналуына мүмкіндік береді.

Міндеттердің тағы бірі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыру және ұйымдастыру болып табылады, бұл стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізудің маңызды факторы болып табылады. Менеджмент жүйесі тәуекелдерге жедел жауап қатуы, Компанияның негізгі және көмекші бизнес-процестеріне, күнделікті операцияларына бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

Тиімді кадрлық саясатты жүзеге асыру Компанияның дамуына және тиімділігінің артуына, сонымен қатар адам ресурстарына салынған инвестициялардан барынша мүмкін қайтарым алуға елеулі үлес қосуға қабілетті жоғары білікті кадрлар құрамын ұстап тұруға және тартуға мүмкіндік береді.

КОМПАНИЯ АӨК ЛИЗИНГ НАРЫҒЫНДАҒЫ БЕЛСЕНДІ ҚЫЗМЕТІН ЖАЛҒАСТЫРАДЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН КЛИЕНТТЕРДІ ҚАМТЫЛУЫН ҰЛҒАЙТУҒА ҰМТЫЛАТЫН БОЛАДЫ

Компания кредит рейтингін сақтауға және кредит төлеу қабілеттілігін қолдауға бағытталған іс-шараларды жүргізуде, бұл кредиторлар тарапынан сенімнің сақталуына ықпал етеді, сол сияқты тартылған қаржы қаражаттарының құнын төмендетуге көмектеседі.

Алға қойылған міндеттерді орындау бойынша атқарылған кешенді жұмыс Компанияның өзінің бәсекелік артықшылықтарын күшейтуіне, агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру бөлігінде мемлекеттің саясатын іске асыруды табысты жалғастыруына, сонымен қатар акционердің мүддесі мен үмітіне жауап беретін жоғары оң нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару рейтингі	57	Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы	72
Корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану	59	Басқарма	73
Ұйымдастыру құрылымы	60	Басқарма жұмысы	76
Акционермен өзара ықпалдасу	61	Басқарма мүшелерінің сыйақы	78
Директорлар кеңесі	62	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	78
Тағайындаулар және іріктеу	66	Іскерлік этика кодексі	79
Директорлар кеңесінің қызметін бағалау	66	Ішкі бақылау жүйесі	82
Оқыту	67	Ішкі аудит қызметі	84
Директорлар кеңесінің комитеттері	68	Акционерлік капитал құрылымы	85
Директорлар кеңесінің және оның		Дивидендтер	86
комитеттерінің жұмысы	70	Корпоративтік оқиғалар	87
Мүдделер қақтығысын басқару	71	Тәуекелдерді басқару	87

КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ЖҮЙЕСІН ҮНЕМІ ЖЕТІЛДІРІП ОТЫРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

КОМПАНИЯНЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІ

1. АДАЛДЫҚ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Акционердің құқықтарын қорғайды және оның құқықтарының бұзылуы айқындалған жағдайда пәрменді шаралар қолданады.

3. ЖАУАПКЕРШІЛІК

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Акционердің заңды құқықтарының мойындалуын қамтамасыз етеді, Компанияның қаржылық игілігі және тұрақтылығы мәселелері бойынша Компания мен Акционер арасындағы ынтымақтастықты ынталандырады.

2. ЕСЕП БЕРУШІЛІК

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Компанияның атқарушы органының Директорлар кеңесіне және Директорлар кеңесінің Акционерге есеп беруін қамтамасыз етеді.

4. АШЫҚТЫҚ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ мүдделі тараптардың шешімдеріне ықпал етуі мүмкін барлық елеулі мәселелер бойынша ақпараттың уақтылы және шынайы ашылып көрсетілуін қамтамасыз етеді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ РЕЙТИНГІ

2018 жылдың қорытындысы бойынша Жалғыз акционер еншілес акционерлік қоғамдардың корпоративтік басқару деңгейлеріне диагностика жүргізді.

Корпоративтік басқаруды диагностикалау үш компонент бойынша жүргізілді: **корпоративтік басқару құрылымы, корпоративтік басқару процестері және корпоративтік басқару ашықтығы бойынша жүргізілді.**

Жалғыз акционер Компанияның ішкі құжаттарының тізбесін сұратты, мүдделі тараптармен сұхбаттар жүргізілді.

Талдаудың нәтижелері бойынша корпоративтік басқару деңгейі «Орташа» ретінде бағаланды. Холдинг 2018 жылы 2017 жыл қорытындылары бойынша жүргізген алдыңғы бағалаумен салыстырғанда, деңгей 4 тармақшаға өсті. **Бұл негізгі көрсеткіш бойынша стратегиялық жоспардың орындалуы есепті жылы 109,0% құрады.**

89,7%
2018 ЖЫЛ

85,9%
2017 ЖЫЛ

82,3%
2016 ЖЫЛ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНУ

Компанияның «ҚазАгро» холдингінің 2015 жылғы 29 шілдедегі №49 шешімімен бекітілген Корпоративтік басқару кодексімен 6 негіз қалаушы қағидатты ұстану қарастырылған, олардың 5-уі толық көлемде сақталған, 1 қағидат бойынша жартылай ұстану байқалады.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ҚАҒИДАТЫ

1.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік басқаруы Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын және құрметтелуін қамтамасыз етеді және Компания қызметінің, соның ішінде Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және қаржылық тұрақтылықты қолдау бойынша қызметінің тиімділігіне ықпал етеді

Сақталады. Жалғыз акционермен өзара ықпалдастық Жалғыз акционердің міндеттері, құзыреттері және оның мүдделерін қозғайтын ақпаратты беру тәртібі белгіленген «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жарғысына сәйкес, сонымен қатар Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. «ҚазАгроҚаржы» АҚ стратегиялық жоспарлау және мониторингтеу қағидалары алдағы жылы Директорлар кеңесінің алдында тұрған міндеттерді көрсете отырып, Жалғыз акционердің болжалдары туралы жыл сайын хат жолдау арқылы Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды және мүдделерін қорғауды жүзеге асыруды қарастырады. Жалғыз акционердің болжалдарына қол жеткізу мақсаттарында «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционердің болжалдарын орындау бойынша іс-шаралар жоспарын әзірледі. 2018 жыл ішінде Жалғыз акционердің болжалдарының орындалуын мониторингтеу нәтижелері Директорлар кеңесінің (тоқсан сайын) және Жалғыз акционердің (жарты жылда бір рет) назарларына жеткізіліп отырды.

ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН ЖӘНЕ БАСҚАРМАМЕН ТИІМДІ БАСҚАРЫЛУ ҚАҒИДАТЫ

2.

Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционердің және Компанияның мүдделерін барынша ұстану және іске асыру, орындылық, тиімділік, белсенділік, ұждандылық, адалдық, дәлдік және жауапкершілік қағидаттарына құрылады.

Сақталады. Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережесіне сәйкес, Директорлар кеңесінің қызметі кәсіпқойлық, парасаттылық және абайлаушылық, адалдық және әділдік және Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделеді.

Басқарма міндеттерді орындау және Компанияның Даму стратегиясын іске асыру мақсаттарындағы Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

Сақталады. Басқарма ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асырады және Даму стратегиясының, Даму жоспарының және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің іске асырылуы үшін жауапкершілік көтереді. «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру бойынша 2018 жылға арналған Іс-шаралар операциялық жоспарына сәйкес, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және Даму стратегиясының міндеттерін іске асыруға бағытталған 62 іс-шара қарастырылған, олар толық көлемде орындалды.

ҚОҒАМНЫҢ ДЕРБЕС ҚЫЗМЕТ АТҚАРУ ҚАҒИДАТЫ

3.

Компания қызметін дербес жүзеге асырады.

Ішінара сақталады. Компанияның Жарғысына сәйкес, Басқарма Компания қызметіне тиімді және іс жүзіндегі бақылауды жүзеге асырады және оперативтік қызметке Жалғыз акционер мен мемлекеттің араласуына ұшырмайды. Алайда, жыл ішінде Жалғыз акционердің «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның өз өнімдерін тартылған қаражаттар есебінен қаржыландыру бойынша дербес қызметіне, «ҚазАгроҚаржы» АҚ нарықта қарыздық қаражатты өз бетінше тартуына мораторийде көрініс тапқан ықпалы байқалды.

ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУДІҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ӘДІЛДІГІ ҚАҒИДАТЫ

4.

Компания Жалғыз акционердің негізделген шешімдер қабылдауын, сонымен қатар мүдделі тараптарға Компания туралы ақпараттың жеткізілуін қамтамасыз ету мақсатында Жалғыз акционердің және мүдделі тараптардың алдында Компания туралы шынайы ақпараттың уақтылы ашылып көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Сақталады. Ақпаратты ашып көрсету нормаларын ұстану үшін Компания бағалы қағаздар нарығы, акционерлік қоғамдар саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын, лизинг қағидаларын, ҚР Ұлттық Банкінің қаулыларын, сонымен қатар ақпаратты ашып көрсетудің ашықтығы саласындағы өзге де құжаттарды басшылыққа алады.

ЗАҢДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТИКА ҚАҒИДАТЫ

5.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік этиканың жалпы қабылданған қағидаттарына, Компания Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және өзінің шарттық міндеттемелеріне қатаң сәйкестікте әрекет етеді.

Сақталады. Компания ҚР заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және өзге ішкі құжаттарға сәйкес әрекет етеді. Компания заңнамалық актілердегі өзгерістерді бақылап отыру және компанияның ішкі құжаттары мен үлгілік шарттарын уақтылы өзектендіру бойынша үнемі және жоспарлы қызметті жүзеге асырады. Сонымен қатар Компанияда комплаенс-тәуекелдерді басқару процесі іске қосылған.


МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАҒИДАТЫ

6.

Компания барлық мүдделі тараптардың құқықтарын мойындайды және құрметтейді және өзінің дамуы мақсатында және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында олармен ынтымақтастыққа ұмтылады. Мүдделі тараптар өздерінің құқықтарының бұзылғандығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда өтем алу мүмкіндіктеріне ие болуы тиіс. Мүдделі тарап корпоративтік басқару процесіне қатысқан жағдайда, мүдделі тараптың елеулі, жеткілікті және сенімді ақпаратқа уақтылы және үнемі негіздегі қолжетімділігі бар болуы тиіс.

Сақталады. Компания өз қызметінде барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеу қарастырылған Корпоративтік басқару кодексінің басшылыққа алады.

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ



АКЦИОНЕРМЕН ӨЗАРА ҰҚПАЛДАСУ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционері «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады.

Жалғыз акционермен өзара ықпалдасу Жалғыз акционердің міндеттері, құзыреттері және оның мүдделерін қозғайтын ақпаратты беру тәртібі белгіленген Компанияның Жарғысына сәйкес, сонымен қатар Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ дивидендік саясаты туралы ереже Жалғыз акционердің «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ын басқаруға қатысуымен байланысты құқықтарын, сонымен қатар дивидендтер алуға және таза пайданы бөлуге қатысуға құқықтарын регламенттейді. 2018 жылғы маусымда 2017 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ

Жалғыз акционерге **3 572 219 717,72 теңге** мөлшерінде дивиденд төлеуді жүзеге асырды.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ стратегиялық жоспарлау және мониторингтеу қағидалары алдағы жылы Директорлар кеңесінің алдында тұрған міндеттерді көрсете отырып, Жалғыз акционердің болжалдары туралы жыл сайын хат жолдау арқылы Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды және мүдделерін қорғауды жүзеге асыруды қарастырады. Жалғыз акционердің болжалдарына қол жеткізу мақсаттарында «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционердің болжалдарын орындау бойынша іс-шаралар жоспарын әзірледі. 2018 жыл ішінде Жалғыз акционердің болжалдарының орындалуын мониторингтеу нәтижелері Директорлар кеңесінің

(тоқсан сайын) және Жалғыз акционердің (жарты жылда бір рет) назарларына жеткізіліп отырды.

2018 жылдың қорытындылары бойынша Жалғыз акционердің болжалдарын орындау бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы 95% құрады (жоспарланған 40 іс-шараның 38-і орындалды). Орындалмаған іс-шаралар бойынша Компания жекешелендірілген жағдайда оның кредиторларымен меншік иесінің ауыстырылуын келісу үшін қаржы кеңесшісін тарту қарастырылған болатын. Алайда бұл іс-шаралар Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ын жекешелендіретін компаниялар тізбесінен шығару туралы 2018 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне байланысты өзінің өзектілігін жоғалтты.

АКЦИОНЕРДІҢ ЕСЕПТІ ЖЫЛ ІШІНДЕГІ НЕГІЗГІ ШЕШІМДЕРІ

1. «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жарғысына өзгерістер енгізу.
2. «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017 жылғы жылдық есебін бекіту.
3. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау.
4. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2017 жыл ішіндегі таза пайдасын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу немесе төлемеу туралы және бір жай акцияға шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшерін бекіту туралы.
5. «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2018 жыл ішіндегі қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі — заңнамамен және (немесе) Компанияның Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне және Басқарманың құзыретіне жатқызылған сұрақтарды шешуден басқа Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы.

Директорлар кеңесі өз функцияларын Компанияның Жарғысына сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады:

- Компанияның Даму стратегиясын анықтау (бағыттары және нәтижелері);
- даму жоспарының ҚНҚ белгілеу және мониторингтеу;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс

- істеуін ұйымдастыру және қадағалау;
- Директорлар кеңесінің құзыреттері шеңберінде негізгі стратегиялық жобаларды бекіту және олардың тиімді іске асырылуын мониторингтеу;
- Басқарманы сайлау, сыйақы төлеу, қызметінің сабақтастығын жоспарлау және қызметін қадағалау;
- корпоративтік басқару және этика;
- Компанияда Корпоративтік басқару кодексін және іскерлік этика туралы ішкі құжаттардың сақталуы.

Директорлар кеңесінің құрамы, соның ішінде оның мүшелерінің біліктілігі, олардың тәжірибесі, білімі, іскерлік қасиеттері бойынша

теңдестірілген болып табылады және Акционердің сеніміне ие.

Директорлар кеңесінің мүшелері мүлтіксіз іскерлік беделге, ауыл шаруашылығы, экономика және бизнесті басқару, сонымен қатар юриспруденция салаларындағы білімге, машықтарға және тәжірибеге ие.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Директорлар кеңесіне 5 адам кірді, олардың ішінде Директорлар кеңесінің 2 мүшесі тәуелсіз директор болды. Директорлар кеңесінің көрсетіліп отырған құрамының өкілеттіктері 2021 жылғы 26 маусымда аяқталады.

2018 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі	Лауазымы	Шешімнің күні және нөмірі
Мыңжасаров Жұмағали Ахметғалиұлы	«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры — Директорлар кеңесінің Төрағасы, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі	Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің 2018 жылғы 6 сәуірдегі №24, 2018 жылғы 26 маусымдағы № 41 шешімдерімен тағайындалған.
Избастин Қаныш Теміртайұлы	«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы — Директорлар кеңесінің мүшесі	Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі №59, 2018 жылғы 26 маусымдағы № 41 шешімдерімен тағайындалған.
Орынбаев Ерлан Бақытұлы	тәуелсіз директор — Директорлар кеңесінің мүшесі	Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің 2015 жылғы 17 маусымдағы №37, 2018 жылғы 26 маусымдағы № 41 шешімдерімен тағайындалған.
Өтеулов Әліби Кеңесбайұлы	тәуелсіз директор — Директорлар кеңесінің мүшесі	Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 41 шешімімен тағайындалған.
Қарнақова Назгүл Шолпанқұлқызы	«ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі — Директорлар кеңесінің мүшесі	Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 41 шешімімен тағайындалған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ 2018 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

1. Жалпы Директорлар кеңесінің Жалғыз акционердің 2015 жылғы 17 маусымдағы шешімімен анықталған өкілеттік мерзімі аяқталуымен байланысты, Директорлар кеңесінің мына мүшелерінің өкілеттіктері тоқтатылды:

- Мұхамадиева Айгүл Стаханқызы — Директорлар кеңесінің Төрағасы;
- Есенеєв Ербол Еркенұлы — «ҚазАгроҚаржы» АҚ тәуелсіз директоры;
- Машабаєв Азат Еркінұлы — «ҚазАгроҚаржы» АҚ тәуелсіз директоры;
- Орынбаєв Ерлан Бақытұлы — «ҚазАгроҚаржы» АҚ тәуелсіз директоры;

- Избастин Қаныш Теміртайұлы — Басқарма Төрағасы;
- Омаров Алпамыс Әміржанұлы — Жалғыз акционердің өкілі.

2. Директорлар кеңесі құрамының өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты 2018 жылғы 26 маусымдағы № 41 шешіммен Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды:

- Мыңжасаров Жұмағали Ахметғалиұлы — Директорлар кеңесінің Төрағасы;
- Избастин Қаныш Теміртайұлы — Басқарма Төрағасы;
- Орынбаєв Ерлан Бақытұлы — «ҚазАгроҚаржы» АҚ тәуелсіз директоры;

- Өтеулов Әліби Кеңесбайұлы — «ҚазАгроҚаржы» АҚ тәуелсіз директоры;
- Қарнақова Назгүл Шолпанқұлқызы — Жалғыз акционердің өкілі.

3. Ж.А. Мыңжасаровтың, А.К. Өтеуловтың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, Жалғыз акционердің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 17 шешімімен Директорлар кеңесінің мына мүшелері сайланды:

- Жұмашов Данияр Бимұратұлы — Директорлар кеңесінің Төрағасы;
- Оразбаєв Руслан Сағадатұлы — «ҚазАгроҚаржы» АҚ тәуелсіз директоры.



МЫҢЖАСАРОВ ЖҰМАҒАЛИ АХМЕТҒАЛИҰЛЫ *

Акционердің өкілі — Директорлар кеңесінің Төрағасы

1977 жылғы 30 мамырда туған. Азаматтығы — Қазақстан Республикасы.

Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы — 2018 жылғы 10 сәуірде, 2018 жылғы 26 маусымда.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі — иелік етпейді.
- Қазіргі уақытта қосалқы жұмыс атқаруы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесінде мүшелігі — жоқ.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі — жоқ.

БІЛІМІ

- А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
- Қазақ Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы

- РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы (МВА).

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2009–2011 жылдар — Қазақстан Республикасы Премьер-министрі орынбасарының кеңесшісі
- 2012–2018 жылдар — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры.
- 2018 жылғы 15 наурыздан бастап — «ҚазАгро» ұлттық басқару холдингінің құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры — Басқарма мүшесі.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған (2013 жыл).

* Директорлар кеңесінің құрамынан өз бастамасы бойынша 2019 жылғы 8 сәуірде шықты.



ИЗБАСТИН ҚАНЫШ ТЕМІРТАЙҰЛЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы

1981 жылғы 20 сәуірде туған.
Азаматтығы — Қазақстан
Республикасы.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы — 2015 жылғы 10 қыркүйекте, 2018 жылғы 26 маусымда.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі — иелік етпейді.
- Қазіргі уақытта қосалқы жұмыс атқаруы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесінде мүшелігі — жоқ.
- Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелігі — жоқ.

БІЛІМІ

- Ресей СІМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты;
- Орталық Азия университеті.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2007 жылғы қаңтардан бастап 2007 жылғы сәуір — «ҚДБ Лизинг» АҚ басқарушы директоры.

- 2007 жылғы сәуірден бастап 2008 жылғы сәуір — «ҚДБ Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2008 жылғы сәуірден бастап 2012 жылғы мамыр — «ҚДБ Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2012 жылғы мамырдан бастап 2012 жылғы қараша — «ҚазЭкс-портГарант» экспорттық-несиелік сақтандыру корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы
- 2013 жылғы қаңтардан бастап 2015 жылғы қыркүйек — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры.
- 2015 жылғы 3 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін — «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы.

Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы— 2018 жылғы 26 маусымда.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі — иелік етпейді.
- Қазіргі уақытта қосалқы жұмыс атқаруы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесінде мүшелігі — «ForteLeasing» АҚ тәуелсіз директоры - Директорлар кеңесінің мүшесі.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі — жоқ.

БІЛІМІ

- әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті

* Директорлар кеңесінің құрамынан өз бастамасы бойынша 2019 жылғы 1 наурызда шықты.



ОРЫНБАЕВ ЕРЛАН БАҚЫТҰЛЫ

Тәуелсіз директор — Директорлар кеңесінің мүшесі

1982 жылғы 8 мамырда туған.
Азаматтығы — Қазақстан
Республикасы.

Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы — 2015 жылғы 17 мау- сымда, 2018 жылғы 26 маусымда.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі — иелік етпейді.
- Қазіргі уақытта қосалқы жұмыс атқаруы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесінде мүшелігі — жоқ.
- Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелігі — жоқ.

БІЛІМІ

- Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2008 жылғы ақпаннан бастап 2009 жылғы желтоқсан — «Жәйрем тау-кен байыту комбинаты» АҚ Жоспарлау-Экономикалық

- бөлімі басшысының орынбасары.
- 2010 жылғы қаңтардан бастап 2010 жылғы қазан — «Жәйрем тау-кен байыту комбинаты» АҚ Қаржы бөлімінің басшысы.
- 2010 жылғы қарашадан бастап 2012 жылғы қазан — «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Бюджеттік жоспарлау және қазынашылық департаментінің бас менеджері.
- 2012 жылғы қарашадан бастап 2015 жылғы сәуір — «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы.
- 2015 жылғы 23 сәуірден бастап 2016 жылғы маусым — «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Корпоративтік басқару және стратегиялық жоспарлау департаментінің директоры.



ӨТЕУЛОВ ӘЛБИ КЕҢЕСБАЙҰЛЫ *

Тәуелсіз директор — Директорлар кеңесінің мүшесі

1971 жылғы 21 ақпанда туған.
Азаматтығы — Қазақстан
Республикасы.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2005 жылғы маусымнан бастап 2016 жылғы сәуір — «Қазкоммерцбанк» АҚ Заң департаменті директорының орынбасары, Заң департаментінің директоры, атқарушы директорының орынбасары, Басқарма Төрағасының көмекшісі.
- 2016 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін — Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының басқарушы директоры.



ҚАРНАҚОВА НАЗГҰЛ ШОЛПАНҚҰЛҚЫЗЫ

Акционердің өкілі — Директорлар кеңесінің мүшесі

1978 жылғы 27 желтоқсанда туған.
Азаматтығы — Қазақстан
Республикасы.

Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы — 2018 жылғы 26 маусымда.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі — иелік етпейді.
- Қазіргі уақытта қосалқы жұмыс атқаруы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесінде мүшелігі — «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі — жоқ.

БІЛІМІ

- М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2012 жылғы сәуірден бастап 2014 жылғы шілде — «ИНГИ&ИТ КБТУ» ЖШС қаржы директоры.
- 2014 жылғы шілдеден бастап 2018 жылғы сәуір — «КБТУ» АҚ қаржы-экономикалық департаментінің директоры.
- 2018 жылғы сәуірден 2019 жылғы сәуір - «ҚазАгро» холдингі» АҚ Бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры.
- 2019 сәуірден бастап, қазіргі уақытқа дейін — «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры — Басқарма мүшесі.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ ІРІКТЕУ

Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер анықтайды. Үміткерлерді іздестіру және іріктеу Компаниямен де, Жалғыз акционермен де дербес жүргізіле алады.

Үміткерлерді іздеу, іріктеу және сайлау тәртібі мынадай кезеңдерден тұрады:

- директорларды іріктеу қажеттілігін анықтау;
- біліктілік талаптарына сәйкес келетін үміткерлерді іздеу;
- үміткерлердің біліктілік талаптарына сәйкестігін алдын ала бағалау;

- үміткерлерді Жалғыз акционердің қарауы және сайлауы.

Тәуелсіз директорларды іріктеген кезде Компания тәуелсіз директор лауазымына үміткерлерді конкурстық негізде іздеу және іріктеу процедурасын, сонымен қатар үміткерлерді Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің алдын ала біліктілік бағалауы процедурасын анықтайтын Директорлар кеңесі туралы ереженің талаптарын басшылыққа алады.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің негізгі жауапкершілік аяларының кешенді талдауын алу мақсатында жүргізіледі. Бағалау талдау жүргізуге және Директорлар кеңесі мен комитеттер қызметінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және Директорлар кеңесінің жұмысына түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, бағалау сыйақының тиімділігін және Директорлар

кеңесі мүшелерін оқытуға, олардың біліктіліктерін арттыруға қажеттілікті анықтауға мүмкіндік береді.

2018 жылғы сәуір-мамыр кезеңінде Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды «Сарапшы РА Қазақстан» рейтинг агенттігі» ЖШС корпоративтік басқаруды диагностикалау шеңберінде жүргізді. Жүргізілген бағалаудың қорытындылары бойынша, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысының тиімділігі анықталды.

Директорлар кеңесінің сандық құрамы Компания қызметінің ауқымына, күрделілігіне және ерекшелігіне сәйкес келеді, директорлар саны Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттердің жұмысын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болып табылады. Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіпқойлығы жоғары деңгейде бағаланды, олардың біліктілігі алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді, ал мүлтіксіз іскерлік беделдері бұл міндеттерді жемісті шешуге ықпал етеді.

ОҚЫТУ

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері сыртқы және ішкі оқыту бағдарламаларына, семинарлар мен тренингтерге, форумдарға және т.б. қатысып, Директорлар кеңесінің құзыреттері мен байланысты мәселелер шеңберіндегі өз біліктіліктерін арттыруға көңіл бөлуге міндетті.

2018 жылы екі тәуелсіз директор мынадай оқытудан өтті:



Орынбаев Е.Б. — «Бухгалтерлік есеп негіздері және қаржылық есептілікті талдау» бағыты бойынша курс;



Өтеулов А.К. — CIMA (Rus) (Chartered Institute of Management Accountants) бойынша біліктілік емтихан тапсыруға дайындық — P1 «Операциялардың тиімділігін басқару» санатының бизнесті басқару саласындағы кәсіби халықаралық қауымдастығының дипломы.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ІШКІ АУДИТ КОМИТЕТІ

1.

11 2018 ЖЫЛЫ
ОТЫРЫС ӨТКІЗДІ

Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитетінің функцияларына (Ішкі аудит комитеті) қаржылық есептілік, сыртқы аудит, ішкі аудит, заңнаманың сақталуы, есептілік және қызметті бағалау және т.б. мәселелерді алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсыныстар беру кіреді.

Комитеттің мүшелері:

- **Орынбаев Ерлан Бақытұлы, тәуелсіз директор** — Ішкі аудит комитетінің төрағасы;
- **Өтеулов Әліби Кеңесбайұлы, тәуелсіз директор** — Ішкі аудит комитетінің мүшесі;
- **Нұрмағамбетов Берік Рахымжанұлы** — сарапшы.

41 МӘСЕЛЕНІ
ҚАРАДЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ

2.

14 2018 ЖЫЛЫ
ОТЫРЫС ӨТКІЗДІ

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитетінің (Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитет) функцияларына стратегиялық жоспарлау, инвестициялық

және инновациялық қызмет, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, есептілік, қызметті бағалау және т.б. мәселелерді алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсыныстар беру кіреді.

85 МӘСЕЛЕНІ
ҚАРАДЫ

Комитеттің мүшелері:

- **Орынбаев Ерлан Бақытұлы, тәуелсіз директор** — Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеттің төрағасы;
- **Өтеулов Әліби Кеңесбайұлы, тәуелсіз директор** — Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеттің мүшесі;
- **Тұяқбаев Дастан Төрегелдіұлы** — сарапшы;
- **Өмірәлинова Лунара Серланқызы** — сарапшы;
- **Әбжанова Сәуле Ахметжанқызы** — сарапшы;
- **Нұрмағамбетов Берік Рахымжанұлы** — сарапшы.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР, КАДРЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ

3.

11 2018 ЖЫЛЫ
ОТЫРЫС ӨТКІЗДІ

Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақы жөніндегі комитетінің (Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет) функцияларына біліктілік талаптары, үміткерлерді бағалау, сабақтастықты жоспарлау, қызметті бағалау, сыйақы жүйесі және т.б. мәселелерді алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсыныстар беру кіреді.

Комитеттің мүшелері:

- **Өтеулов Әліби Кеңесбайұлы, тәуелсіз директор** — Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы;
- **Орынбаев Ерлан Бақытұлы, тәуелсіз директор** — комитет мүшесі;
- **Бекназаров Әнуар Мұратұлы** — сарапшы.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ

Директорлар кеңесі өз жұмысында Жалғыз акционер - «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 13 ақпандағы №8 шешімімен бекітілген Директорлар кеңесі туралы ережені басшылыққа алады.

Директорлар кеңесінің қызметі кәсіпқойлық, парасаттылық және

абайлаушылық, адалдық және әділдік қағидаттарына, Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидатына негізделген.

2018 жылы Директорлар кеңесінің 20 отырысы өткізілді, олардың 14 – көзбе-көз және 6 – сырттай нышанда өтті. 153 мәселе қаралды.

2018 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕ

153

МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ 2018 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ, МӘСЕЛЕЛЕР САНЫ



Қабылданған негізгі шешімдер мына мәселелерге қатысты болды:

- 2017 жыл ішінде Даму стратегиясының және Даму жоспарының орындалуы жөніндегі Есепті бекіту;
- Жалғыз акционердің болжалдарын орындау бойынша 2018 жылғы Іс-шаралар жоспарын бекіту;
- Директорлар кеңесінің 2017 жыл ішіндегі жұмысын бағалауды

- жүргізу, Директорлар кеңесінің 2017 жыл ішіндегі жұмыс нәтижелерін қарау, сонымен қатар Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін арттыру бойынша шараларды талқылау;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы 2017 жылғы есепті қарау;
- 2019 жылға арналған Тәуекелдер тізілімін және Тәуекелдер картасын бекіту;
- Корпоративтік басқару кодексін ұстану жөніндегі есепті және

- Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша жоспардың орындалуы жөніндегі есепті қарау;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ дамуының 2018–2027 жылдарға арналған қаржылық моделін бекіту;
- жасалуында мүдделілік бар мәмілелер туралы есепті қарау;
- Компанияның стратегиялық жоспарлау, ақпараттық ашықтық, несие саясаты, қаржыландыру шарттары мәселелері бойынша ішкі құжаттарын бекіту.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Т.А.Ә.	Директорлар кеңесінің отырыстары	Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстары	Ішкі аудит комитетінің отырыстары	Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің отырыстары
Мұхамадиева А.С.	7/7			
Омаров А.А.	10/11			
Мыңжасаров Ж.А.	13/13		қатыспайды	
Қарнақова Н.Ш.	9/9			
Избастин К.Т.	15/20			
Машабаев А.Е.	9/11	7/7	7/7	6/7
Есенеев Е.Е.	11/11	5/7	5/7	6/7
Орынбаев Е.Б.	20/20	14/14	11/11	11/11
Өтеулов А.К.	9/9	7/7	4/4	4/4

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ

Компания Жалғыз акционердің және Компанияның мүдделерінде шешім қабылдаудың әділ, объективті және тәуелсіз үдерісін қамтамасыз ету есебінен Компанияның органдары қабылдаған шешімдердің тиімділігін арттыруға ұмтылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Компаниядағы қақтығыстарды реттеудің тәртібі мен рәсімін, сонымен қатар

Компанияның органдарының, лауазымды тұлғаларының және жұмыскерлерінің осы мәселелер шеңберіндегі іс-әрекеттерін регламенттейтін Корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу қағидаларын басшылыққа алады.

Шешімдер қабылданған кезде Компанияда қақтығыстардың туындау фактілері 2018 жылы тіркелген жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАР СЫЙАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ ТОҚСАН САЙЫНҒЫ ТИЯНАҚТАЛҒАН БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНА ӘРБІР ҚАТЫСУЫ ҮШІН ТӨЛЕНЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАР ҮШІН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСҚАНДЫҒЫ ҮШІН ҚОСЫМША СЫЙАҚЫ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН.

Сыйақы мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен анықталады. Сыйақы Компанияның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына ҚР салық заңнамасына, нормативтік құқықтық актілеріне және өзге құжаттарына сәйкес салықтар шегеріліп төленеді.

Тәуелсіз директор Компанияның Директорлар кеңесінің есепті кезең ішіндегі барлық көзбе-көз және сырттай өткізілген отырыстарының жартысынан кеміне қатысқан жағдайда, сыйақы төленбейді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 3 адамнан тұратын құрамының мүшелеріне (тәуелсіз директорларға) 2018 жылғы сыйақыға мына позициялар кіреді:

830

Салықтар және әлеуметтік қамтамасыз етуге аударымдар

Есептелген сыйақы
9 790
мың теңге

8 960

Есептелген сыйақы

06790

БАСҚАРМА

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамына бес адам кірді.

2018 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ



**ИЗБАСТИН
ҚАНЫШ
ТЕМІРТАЙҰЛЫ**

**Басқарма
Төрағасы**

1981 жылғы 20 сәуірде туған. Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

Басқарма құрамына сайлануы — 2015 жылғы 10 қыркүйекте, 2018 жылғы 26 маусымда.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі — иелік етпейді.
- Қазіргі уақытта қосалқы жұмыс атқаруы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесінде мүшелігі — жоқ.
- Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелігі — жоқ.

БІЛІМІ

- Ресей СІМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты
- Орталық Азия университеті

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2007 жылғы қаңтардан бастап 2007 жылғы сәуір — «ҚДБ Лизинг» АҚ басқарушы директоры.

- 2007 жылғы сәуірден бастап 2008 жылғы сәуір — «ҚДБ Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2008 жылғы сәуірден бастап 2012 жылғы мамыр — «ҚДБ Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2012 жылғы мамырдан бастап 2012 жылғы қараша — «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-несиелік сақтандыру корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы
- 2013 жылғы қаңтардан бастап 2015 жылғы қыркүйек — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры.
- 2015 жылғы 3 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін — «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы.



**СЕЙТҚАСЫМОВА
АЙНҰР
ҒАБДЫҒАПАРҚЫЗЫ**

Басқарушы директор,
Басқарма мүшесі

1976 жылғы 16 қыркүйекте туған.
Азаматтығы – Қазақстан
Республикасы.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі — иелік етпейді.
- Қазіргі уақытта қосалқы жұмыс атқаруы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесінде мүшелігі — жоқ.
- Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелігі — жоқ.

БІЛІМІ

- Қарағанды мемлекеттік университеті
- Жоғары менеджмент мектебі
- Жоғары экономика мектебі мемлекеттік университеті, Мәскеу қ.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2008 жылғы сәуірден бастап 2010 жылғы сәуір – «Банк ВТБ» ААҚ басқарушы директоры.
- 2011 жылғы шілдеден бастап 2013 жылғы қазан – «Аграрлық несие корпорация» АҚ басқарушы директоры.

- 2013 жылғы қазаннан бастап 2014 жылғы шілде – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Бизнесті дамыту жөніндегі бас директорының орынбасары, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Қадағалаушы кеңес мүшесі.
- 2015 жылғы маусымнан бастап 2018 жылғы желтоқсан – «Қаз-АгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары.
- 2018 жылғы желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қаз-АгроҚаржы» АҚ басқарушы директоры.

АТҚАРАТЫН ФУНКЦИЯЛАРЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қаржы-экономикалық мәселелер, қарыз алысу, бухгалтерлік есеп және есептілік мәселелері, жобаларды әкімшілік-тендіру мәселелері саласындағы қызметін үйлестіру.



**ОСПАНОВ
БАХТИЯР
СҰЛТАНБЕКҰЛЫ**

Басқарушы директор,
Басқарма мүшесі

1979 жылғы 27 желтоқсанда туған.
Азаматтығы – Қазақстан
Республикасы.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі — иелік етпейді.
- Қазіргі уақытта қосалқы жұмыс атқаруы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесінде мүшелігі — жоқ.
- Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелігі — жоқ.

БІЛІМІ

- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
- Еуразия гуманитарлық институты

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2001 жылғы шілдеден бастап 2010 жылғы наурыз – «Банк Центр Кредит» АҚ заңгері / аға заңгері / Заң бөлімінің басшысы.
- 2010 жылғы сәуірден бастап 2012 жылғы қаңтар – «ҚДБ Лизинг» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры.
- 2012 жығы ақпаннан бастап

- 2012 жылғы қыркүйек – «Credit Systems» ЖШС Басқарма Төрағасының Орынбасары.
- 2012 жылғы қарашадан бастап 2013 жылғы желтоқсан – «Банк Центр Кредит» АҚ Проблемалы кредиттермен жұмыс басқармасының басшысы.
- 2014 жылғы қаңтардан бастап 2015 жылғы желтоқсан – жекеменшік компанияның атқарушы директоры.
- 2016 жылғы қаңтардан бастап 2018 жылғы желтоқсан – «Қаз-АгроҚаржы» АҚ атқарушы директоры.
- 2018 жылғы желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қаз-АгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

АТҚАРАТЫН ФУНКЦИЯЛАРЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ құқық мәселелері және кепілзатпен және лизингпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша қызметін үйлестіру.



**ТАУБАЕВ
АЛМАС
ЖАНАТХАНҰЛЫ**

Басқарушы директор,
Басқарма мүшесі

1982 жылғы 01 тамызда туған.
Азаматтығы – Қазақстан
Республикасы.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі — иелік етпейді.
- Қазіргі уақытта қосалқы жұмыс атқаруы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесінде мүшелігі — жоқ.
- Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелігі — жоқ.

БІЛІМІ

- Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2007 жылғы тамыз 2009 жылғы маусым – «Қазкоммерцбанк» АҚ орталық өңірлік дирекциясының тәуекел менеджері.
- 2009 жылғы қазаннан бастап 2010 жылғы желтоқсан – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Тәуекел менеджменті департаментінің бас менеджері.

- 2010 жылғы желтоқсаннан бастап 2011 жылғы ақпан – «ҚазАгро» Гарант» АҚ Тәуекелдерді басқару қызметінің басшысы.
- 2011 жылғы ақпаннан бастап 2016 жылғы қараша – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары.
- 2018 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

АТҚАРАТЫН ФУНКЦИЯЛАРЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ кредиттік-лизингтік қызмет бөлігіндегі қызметін, сондай-ақ «ҚазАгроҚаржы» АҚ филиалдарының қызметін үйлестіру.



**СЕРГАЛЕЕВ
МАРАТ
ҚОЖАМҰРАТҰЛЫ**

Басқарушы директор,
Басқарма мүшесі

1984 жылғы 22 ақпанда туған.
Азаматтығы – Қазақстан
Республикасы.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі — иелік етпейді.
- Қазіргі уақытта қосалқы жұмыс атқаруы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесінде мүшелігі — жоқ.
- Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелігі — жоқ.

БІЛІМІ

- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
- Тұран Университеті

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2005 жылғы қазаннан бастап 2009 жылғы желтоқсан – Астана қ. «Темірбанк» АҚ Бөлшек кредиттеу басқармасының басшысы, БҚО басшысы, несие сарапшысы

- 2009 жылғы желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін «Қаз-АгроҚаржы» АҚ-да жұмыс істейді, жұмыс істеген уақыт ішінде әртүрлі лауазымдарды атқарды: Корпоративтік бизнес бөлімінің бас маманы, Корпоративтік бизнес бөлімінің басшысы, Несиелендіру және лизинг департаментінің директоры, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры.

АТҚАРАТЫН ФУНКЦИЯЛАРЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ несие беру және проблемалы жобаларды сүйемелдеу мәселелері жөніндегі қызметін тікелей үйлестіру.

БАСҚАРМА ЖҰМЫСЫ

Басқарма ағымдағы қызметке басшылық етеді және Даму стратегиясының, Даму жоспарының және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің іске асырылуы үшін жауапты болады.

бекітілді, онда Басқарманың құқықтары мен міндеттері айқын ажыратылып көрсетілді және кеңейтілді.

2018 жыл ішінде Басқарманың 39 отырысы, барлығы көзбе-көз тәртіпте өткізілді, отырыстар тұрақты негізде – әр айдың он күнінде бір рет өткізілді.

2018 жылы Компанияның Басқармасы туралы ереже жаңа редакцияда

2018 ЖЫЛ ІШІНДЕ
БАСҚАРМАНЫҢ

39

ОТЫРЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ БАСҚАРМА ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ

Т.А.Ә.	Отырыстар саны
Избастин Қ.Т.	30/39
Сейтқасымова А.Г.	36/39
Сергалеев М.К.	29/39
Джувашев А.Б.*	7/39
Шарбиев Н.К.**	10/39
Қарагойшин Р.Т.***	29/39
Таубаев А.Ж.	22/39
Оспанов Б.С.****	1/39

* Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 26 наурыздағы № 5 шешіміне сәйкес құрамнан шықты.

** Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 3 мамырдағы № 8 шешіміне сәйкес құрамнан шықты.

*** Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 20 шешіміне сәйкес құрамнан шықты.

**** Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 20 шешіміне сәйкес құрамға енгізілді.

ЖАСАЛУЫНДА МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ 2018 ЖЫЛ БОЙЫНША ЕСЕП

№	Контрагенттің атауы	Мүдделілік белгісі	Мәміленің атауы
1.	«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	Үлестес тұлға	Несиелік желі ашу туралы 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 1564-ЦА-АТ негіздемелік келісімі жасалды
2.	«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	Жалғыз акционер	2018 жылғы 24 шілдедегі № 86 қарыз шарты жасалды

Басқарманың негізгі мақсаты – «ҚазАгроҚаржы» АҚ даму стратегиясын және даму жоспарын тиімді іске асыру.


Басқарманың негізгі қағидаттары:

- мөлдірлік және ашықтық;
- жауапкершілік және есеп берушілік;

- міндеттемелердің объективті бөлінуі;
- операцияларды тиісінше мақұлдау және бекіту;
- кешенділік және жүйелілік;
- үнемі даму және жетілу;
- елеулі кемшіліктерді және бақылаудың әлсіз тұстарын уақтылы айқындау және оларға оларға уақтылы ден қою;

- Басқарма қызметі салаларының басымдыққа иелігі;
- технологиялылық;
- жұмыскерлердің құзыреттілігі;
- процедуралардың құжатталғандығы;
- ақпараттың шынайылығы және толықтығы.

БАСҚАРМАМЕН ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ



БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Басшы жұмыскерлерге сыйақы төлеу саясаты және оның мөлшері «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 7 шешімімен бекітілген Басқарма Төрағасына және мүшелеріне еңбекақы, сыйақы төлеу және оларды әлеуметтік қамтамасыз ету шарттары туралы ережемен регламенттеледі.

Басшыларға сыйақы төлеу біржолғы болып табылады және есепті жылдың қорытындылары бойынша таза шоғырландырылған пайда болған жағдайда, «ҚазАгроҚаржы» АҚ аудиттелген қаржылық есептілігінің негізінде қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелерін белгіленген тәртіпте бекіткеннен кейін, стратегиялық және жеке ҚНК қол жеткізу нәтижелеріне, сонымен қатар олардың

қызметін бағалау нәтижелеріне байланысты төленеді.

Есепті жылы тәртіптік жаза қолдану болған жағдайда есепті жылдың қорытындылары бойынша берілетін сыйақының мөлшері есепті жылы қолданылған тәртіптік жаза мерзімінің әрекет ету кезеңі ескеріліп азайтылады.

Директорлар кеңесі стратегиялық ҚНК нәтижелілігі 75%-ға дейін (қоса алғанда); жеке ҚНК қорытынды нәтижелілігі – 75%-ға дейін (қоса алғанда) болған жағдайда сыйақыны төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма төленген жалақы және сыйлықақылар түріндегі сыйақы мөлшері 2018 жылы 101 955,4 мың теңге құрады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 18 жылдан аса уақыттан бері елдің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту мақсаттарында отандық фермерлерге ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу үшін лизинг қызметтерін ұсынып келеді.

Қызметінің барлық кезеңі бойына компания басшылығы мен оның қызметкерлері қызметте ашықтықтың негізге алынатын қағидаттарын ұстанады. Компания өз жұмысында барынша жариялылықты қамтамасыз етуге

ұмтылады. Бірінші кезекте бұл жұмыс құқыққа қайшы іс-әрекеттерді болдырмауды, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық көріністерін айқындауды және оның алдын алу-ды қамтамасыз етуді көздейді.

Компанияда және оның филиалдарында Компанияның және оның жұмыскерлерінің қылмыстық жолмен немесе лаңкестікті қаржыландыру жолымен алынған кірістерді заңдастырумен (ізін жасырумен)

байланысты операцияларды жүзеге асыруға тартылуын болдырмау мақсаттарында ішкі бақылау жүйесі құрылған. Сонымен, Компания құрылымына комплаенс жүйесі енгізілген, ол Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі және сыртқы қағидалар мен процедуралардың, бизнес жүргізудің және корпоративтік басқару жүйесінің негізгі моралдық-этикалық қағидаттарының сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Құқыққа қайшы мінез-құлық тәуекелдерінің алдын алу және оларды барынша азайту мақсаттарында клиенттермен және қызметкерлермен кері байланыс орнатылған. Компанияның мүдделеріне және беделіне нұқсан келтіруі мүмкін Компания жұмыскерлерінің лайықсыз қылық көрсету фактілері туралы, орын алуы мүмкін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыс туралы кез келген тұлға Корпоративтік сайтта өтінім беру арқылы хабарлай алады.

ІСКЕРЛІК ЭТИКА КОДЕКСІ

Әр қызметкер өз саласындағы кәсіби маман және бірыңғай корпоративтік мәдениеттің бір бөлігі болып табылатын Компания құру мақсаттарында, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Корпоративтік этика кодексін (Кодекс) басшылыққа алады.

Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, іскерлік тәртіптің мойындалған әлемдік стандарттары ескеріле отырып, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және өзге ішкі құжаттардың негізінде әзірленген. Онда

Компанияның іскерлік этика мен корпоративтік құндылықтарды пайымдауы мен түсінуі көрініс тапқан.



КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА КОДЕКСІНІҢ НОРМАЛАРЫ КОМПАНИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ ҮШІН ОЛАРДЫҢ АТҚАРАТЫН ЛАУАЗЫМДАРЫНА БАЙЛАНЫССЫЗ БІРДЕЙ БОЛЫП ТАБИЛАДЫ.

НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР

1.

Компанияның корпоративтік құндылықтарын анықтау және бекіту

2.

Жүріс-тұрыс қағидаттарын, іскерлік этика қағидалары мен нормаларын регламенттеу, оны әрі қарай жұмыскерлер арасында ілгерілету.

3.

Кәсіби қызметтің жоғары сапасына қол жеткізу және Қоғамның миссиясын орындау үшін Компанияның барлық жұмыскерлерінің атқаратын қызметтеріне байланыссыз іскерлік этика нормаларын түсінуі және орындауы.

БАЗАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

КӘСІПҚОЙЛЫҚ

Корпоративтік рух

Тұлғалардың адамгершілік құндылықтарын құрметтеу

Ісіне бейілділік

Жауапкершілік

Отан сүйгіштік

Тәртіп

Өздерінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асырған кезде Компания жұмыскерлері мынадай корпоративтік этикалық қағидаттарды басшылыққа алады, олар Компания жұмыскерлерінің барлығы үшін бірдей:

1. Заңдылық – халықаралық құқық нормаларын, Қазақстан Республикасы заңнамасын, Кодекстің ережелерін және Компанияның өзге де ішкі құжаттарын мүлтіксіз ұстану;

2. Адалдық – Компания әлеуметтік қоғамның адамгершілік қағидаттарын, этикалық нормалар мен қағидаларды, сонымен қатар іскерлік айналым әдет-ғұрыптарын мүлтіксіз ұстанады, міндеттемелерін уақтылы орындайды және ұжымды және өз беделін ардақ тұтады;

3. Субординация немесе парасаттылық және әділдік – Компания жұмыскерлерінің арасындағы қарым-қатынас өздерінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру процесінде сатылас субординация ескеріле отырып, бір жұмыскердің екінші жұмыскерге тікелей бағынышты болуы негізінде құрылады. Компанияның барлық жұмыскерлері лауазымдарына қарамастан өз іс-әрекеттерінде парасаттылық және әділдік қағидаттарын басшылыққа алулары тиіс;

4. Әділдік – бұл қағидат Компанияның барлық жұмыскерлері үшін сырттан қандай да бір қысымсыз, олардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірусіз өз функцияларын жүзеге асыру және лауазымдық міндеттерін орындау, сондай-ақ басшылық тарапынан өзіне объективті және әділ қарым-қатынас мүмкіндігін белгілейді;

5. Ар-ұяттылық – барлық кәсіби және іскерлік қарым-қатынастардағы әділ өзара қарым-қатынас, шынайылық және адалдық;

6. Құрмет – Жалғыз акционерге, әріптестер мен қызметтестерге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүделеріне тиісінше көңіл бөлу;

7. Ынтымақтастық және нәтижелілік – стратегиялық және күнделікті міндеттерді шешу үшін күштерді біріктіру, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін тату командада жұмыс атқару;

8. Құпиялылық – Компанияның және оның әріптестерінің құпия ақпаратына жауапты қарау, оны қорғау және рұқсатсыз таратуды болдырмау бойынша шаралар қолдану.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметі Компания мен жұмыскерлер, басшылық пен бағынышты жұмыскерлер, жұмыскерлердің бір-бірімен арасындағы өзара міндеттемелерден құрылған. Өзара міндеттемелерді ұқыпты орындау – конструктивті жұмыстың қажетті шарты.

Компания жыл сайынғы негізде Корпоративтік басқару кодесінің орындалуын мониторингтеуді жүргізеді және ақпаратты Жалғыз акционердің назарына жеткізіп отырады.

Компания жұмыскерлері жыл сайын мониторинг қорытындылары бойынша корпоративтік басқарудың қолданыстағы қағидаттарымен, сонымен қатар олардың орындалғандығы/орындалмағандығымен танысады.


ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Компанияда Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 14 шешімімен бекітілген «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі бақылау туралы саясатына негізделген Ішкі бақылау жүйесі жұмыс істейді.

- Тиімділікті бағалау
- Тұрақты және мерзімдік бағалау
- Басқару және қадағалау
- Ішкі аудит

- Маңызды ақпаратты уақтылы тіркеу және беру
- Ақпаратқа рұқсат
- Ақпарат ағындары

- Саясаттар мен процедуралар
- Іс-әрекет диапазоны



- Елеулі тәуекелдерді айқындау
- Бақылау процедураларын анықтау негіздерін қалыптастыру

- Жалпы атмосфера
- Басшылық ету стилі
- Өкілеттіктер мен міндеттерді бөлу
- Басқару тиімділігі
- Бақылау компоненттерінің тұғыры

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

ҚОРҒАНЫС ЖЕЛІСІ

1.

БАРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР

ІШКІ БАҚЫЛАУШЫЛАР

Операцияларды тексеру

ІБ бойынша басшыға жәрдем

2-ші және 3-ші қорғаныс жүйелерімен өзара ықпалдасу

Жұмыскерлерді оқыту мәселелері

Бұзушылықтар туралы ақпарат беру

2.

БАҚЫЛАУ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҚЫЛАУ

ЗАҢ БЛОГЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

КОМПЛАЕНС БАҚЫЛАУШЫ

ПЕРСОНАЛМЕН ЖҰМЫС

ФИЛИАЛДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН БАҚЫЛАУ

3.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

ІБҚ тиімділігін тәуелсіз және объективті бағалау

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметінің (ІАҚ) жұмысы Этика кодексіне, сапа стандарттары мен Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және Ішкі аудиторлардың халықаралық институтымен белгіленген ішкі аудиторлардың қызметі стандарттарына негізделетін Ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

ІАҚ Директорлар кеңесі мен Басқармаға олардың Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша міндеттерін орындауда көмек көрсетеді. ІАҚ мақсаты Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесін, ішкі бақылауды және корпоративтік басқаруды жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдер мен консультациялар ұсыну болып табылады.

2018 жыл ішінде 12 аудиторлық тексеру өткізілді. Тексерістер компанияның орталық аппаратының 16 құрылымдық бөлімшесін және екі филиалды қамтыды (кредиттік-лизингтік қызметті, проблемалы борыштармен жұмысты және т.б. аудиттеу).

Жүргізілген тексерістердің нәтижелері бойынша ІАҚ тиісті ұсыныстар берді. ІАҚ ұсыныстардың орындалуын бақылап отырады және іс-шаралардың барысы туралы Ішкі аудит комитетіне және Директорлар кеңесіне баяндап отырады.

ІАҚ басшысы Ішкі аудит комитетінің және Директорлар кеңесінің алдында жүргізілген ішкі аудиттің нәтижелері туралы үнемі есеп береді. Ішкі аудит комитеті ішкі аудиторлық тексерістердің тиімділігін ІАҚ басшысымен талқылайды.

Компанияда ІАҚ сапасын қамтамасыз ету және жоғарылату бағдарламасы іске қосылған, оған сәйкес 2018 жыл ішінде ІАҚ жұмысына оның Ішкі аудит қызметі туралы ережеге, кәсіби стандарттарға, Кәсіби этика кодексіне сәйкестігіне қатысты, сонымен қатар ішкі аудиттің тиімділігіне Компания негізгі тұлғаларының әртүрлі топтарының қажеттіліктеріне сәйкестігі тұрғысынан ағымдағы және мерзімдік шолу (бағалау) жүргізілді.

Ішкі аудиторлар тұрақты негізде үздіксіз кәсіби дамуды жүзеге асырады. Соның ішінде ІАҚ мамандарының IFA Халықаралық аудит және менеджмент институтының (DiplIFA), Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтері дипломдары бар, ІАҚ басшысының – CIA ішкі аудитордың халықаралық сертификаты бар (part 1/3).

2018 ЖЫЛ ІШІНДЕ

12

АУДИТОРЛЫҚ ТЕКСЕРІС ӨТКІЗІЛДІ

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

Өткен жылдың аяғына Компанияның 1 000 теңге номиналымен 82 837 204 орналастырылған жай акциялары бар.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның сатылып алынған акциялары немесе оның еншілес ұйымдарының меншігіндегі акциялары жоқ.

Есепті кезең ішінде акцияларды орналастыру, соның ішінде бастапқы орналастыру, жүргізілген жоқ. Орналастырылған акциялар санының 5 және одан көп пайызына иелік ететін акционерлердің құрамында өзгерістер болған жоқ.

2018 ЖЫЛ АЯҒЫНДА КОМПАНИЯНЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ САНЫ

82 837 204

➤ 82 837 204

ЖАРИЯЛАНҒАН ЖАЙ АКЦИЯЛАРДЫҢ САНЫ

➤ 1 000 ТЕҢГЕ

БІР ЖАЙ АКЦИЯНЫҢ НОМИНАЛДЫҚ ҚҰНЫ

➤ ЭМИТЕНТТІҢ АКЦИЯЛАРЫ АҚШАМЕН ТӨЛЕНДІ

➤ 82 837 204 МЫҢ ТЕҢГЕ

ЭМИТЕНТ АКЦИЯЛАРЫН ОРНАЛАСТЫРУДАН ТАРТЫЛҒАН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ СОМАСЫ

➤ 1 000 ТЕҢГЕ

БІР АКЦИЯНЫ ОРНАЛАСТЫРУ БАҒАСЫ

ДИВИДЕНДТЕР

Дивиденттік саясаттың қағидаттары Дивиденттік саясат туралы ережемен анықталған (Жалғыз акционер – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 20 маусымдағы № 35 шешімімен бекітілген).

Дивиденттік саясат мынадай қағидаттарға негізделеді:

- Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасымен, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жарғысымен, оның ішкі құжаттарымен және корпоративтік басқарудың ең үздік іс-тәжірибесімен қарастырылған құқықтарын сақтау;
- дивиденттік төлемдердің мөлшерлерін анықтау кезіндегі «ҚазАгроҚаржы» АҚ және Жалғыз акционер мүдделерінің балансы;

- Жалғыз акционердің мүдделерін ескеру және оның активтерін барынша көбейту;
- дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен және «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жарғысымен белгіленген шектеулерді ұстану;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ дивиденттік саясатын қалыптастыру бойынша негізгі қағидаттарға және тәсілдемелерге сәйкес ортамерзімді және ұзақмерзімді дивиденттік саясат әзірлеу;
- жоспарланатын таза кіріске және дивиденттерге қол жеткізуге «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының уәждемесін қамтамасыз ету.

2015, 2016 ЖӘНЕ 2017 ЖЫЛДАР ІШІНДЕ «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ МЫНАДАЙ ДИВИДЕНДТЕР ТӨЛЕДІ:

№	Атауы	Өлшем бірлігі	2016** (2015 жыл үшін)	2017 (2016 жыл үшін)	2018 (2017 жыл үшін)
1.	Таза кіріс (залал) *	мың теңге	(5 576 683)	3 228 629	3 572 220
2.	Жыл ішінде жарияланған дивиденттер	мың теңге	-	1 614 314	3 572 220
3.	Жыл ішінде төленген дивиденттер	мың теңге	-	1 614 314	3 572 220
4.	Бір акцияға пайда ***	теңге	-	19,49	43,12
5.	Акцияның баланстық құны ****	теңге	1 149,26	1 196,94	1 234,41

* Дивиденттер төлеу жүзеге асырылған жылдың таза кірісі

** 2015 жылы ұлттық валютаның девальвациясы салдарынан теріс қаржылық нәтиже алынғандықтан, 2015 жылы дивиденттер төлеу жүзеге асырылған жоқ.

*** Дивиденттер төлеу жүзеге асырылған жылдың пайдасы.

**** Дивиденттер төлеу жүзеге асырылған жылдың баланстық құны.

КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

1. ҚЕД интернет-ресурсында аралық қаржылық есептілікті ұсыну және жариялау

2. Облигациялар бойынша кезекті купондық сыйақыны төлеу

3. ҚЕД және «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында 2018 жылдың жылдық аудиттелген қаржылық есептілігін ұсыну және жариялау

4. Облигациялар бойынша кезекті купондық сыйақыны төлеу

5. ҚЕД интернет-ресурсында атқару органы мүшелерінің жыл қорытындылары бойынша сыйақыларының жиынтық сомасы туралы ақпаратты ұсыну және жариялау

6. «ҚазАгроҚаржы» АҚ интернет-сайтында 2018 жылдың

бірінші жартыжылдығы бойынша қаржылық есептілік шолуын жариялау

7. Облигациялар бойынша кезекті купондық сыйақыны төлеу

8. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ын 2018 жылғы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ


«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ-ДА ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АЙҚЫН СӘЙКЕСТЕНДІРУДІ, ТИІМДІ БАСҚАРУДЫ ЖӘНЕ ҮНЕМІ МОНИТОРИНГТЕУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН ЖӘНЕ ТЕРІС ФАКТОРЛАРДЫҢ «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ӘСЕР ЕТУІН ШЕКТЕУ ЖОЛЫМЕН ҚЫЗМЕТТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ НЫСАНДАНДЫРЫЛҒАН, НАҚТЫЛАНЫП ӘЗІРЛЕНГЕН ЖҮЙЕСІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.

Тәуекелдерді басқару «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ында үнемі жүргізілетін үздіксіз процесс болып табылады және Компанияның алқалы органдарын, уәкілетті органдарын, құрылымдық бөлімшелерін және жұмыскерлерін тартумен барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.


Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі қағидаттары:

- акционерлік капиталдың құнын құру және қорғау;
- жүйелілік, құрылымдылық және уақтылық;
- ақпараттандырылғандық;
- белгісіздікпен жұмыс;
- бейімделгендік;
- ашықтық және кешенділік;
- ден қою және қайталанушылық;
- үнемі жетілу.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ:



«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ АРХИТЕКТУРАСЫ



Сонымен, «ҚазАгроҚаржы» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесі – бірыңғай процеске біріктірілген өзара байланысты компоненттердің жиынтығы, оның шеңберінде Директорлар кеңесі, Компания басшылығы әрқайсысы өз деңгейінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ-на әсер етуі мүмкін ықтимал теріс оқиғалар мен мүмкіндіктерді айқындауға, сонымен қатар осы оқиғаларды тәуекелдің негізгі мүдделі тараптар үшін қолайлы деңгейінің шеңберінде басқаруға қатысады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ-ында тәуекелдерді үнемі сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару бойынша шаралар әзірлеп шығару жүзеге асырылады. Компания өз қызметін бизнеспен байланысты және стратегиялық тәуекелдер, кредиттік тәуекелдер, қаржылық тәуекелдер, операциялық тәуекелдер және құқықтық тәуекелдер санаттары бойынша бөлінген тәуекелдердің кең спектрін ескере отырып жүзеге асырады.

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ 2018 ЖЫЛЫ ҰШЫРАҒАН ЕЛЕУЛІ ТӘУЕКЕЛДЕР

1.

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ – ҚАРЫЗҒА АЛУ ШАРТТАРЫНЫҢ ШЕҢБЕРЛЕРІНДЕГІ КОВЕНАНТТАРДЫ ОРЫНДАМАУ

2018 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ының бәсекелес ортаға басымдықты тәртіпте беруге ұсынылатын ұйымдардың тізбесіне енгізілгендігін, сонымен қатар Fitch Ratings компаниясымен белгіленген «ҚазАгроҚаржы» АҚ рейтингі бойынша теріс болжамды ескере отырып,

2018 жылы «акционерлер құрамын өзгерту» және «Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігінің шетелдік валютадағы ұзақмерзімді несиелік рейтингті «BB-» деңгейінен төмен төмендету» ковенанттарының орындалмауы ықтималдылығы болды. Бұл тәуекелдерді барынша азайту

мақсаттарында «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2018 жылы қарызға алу шарттарын мерзімінен бұрын өтеу және қарызға алу шарттарын көрсетілген ковенанттарсыз жасасу бойынша іс-шаралар жүргізді.

2.

КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ – NPL ДЕҢГЕЙІНІҢ ЖОҒАРЫЛАУЫ

Контрагенттің төлемге қабілеттілігінің төмендеуі нәтижесінде туындайтын «ҚазАгроҚаржы» АҚ қаржылық активтері бойынша қаржылық жоғалтуларды мойындау және/немесе ықтимал қаржылық жоғалтуларды жабу үшін резерв-

терді (провизиялар) қосымша есептеу арқылы іске асырылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ кредиттік тәуекелдерін барынша азайту мақсаттарында 2018 жылы қоржынды әртараптандыру, өтінімдерді

талдау сапасын арттыру, қарыз алушылардың қаржылық жағдайын мониторингтеу бойынша іс-шаралар жүргізді.

3.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ – IT-ТӘУЕКЕЛДЕР

IT тәуекелдерге әкелуі мүмкін оқиғаларға процестерді автоматтандыру кезіндегі IT-өнімдердің сәйкессіздігі жатады. Тәуекел факторларына мыналар жатқызылған:

- түзету мүмкіндігі жоқ жабық бастапқы кодтары бар лицензиялық бағдарламалық өнімдердің бар болуы;
- ҚазАгроҚаржы» АҚ бизнес-процестерінде әртүрлі ақпараттық жүйелерді пайдалану.

IT-тәуекелдерді барынша азайту мақсаттарында ақпараттық жүйелерді қосымша автоматтандыру және қосымша күйге келтіру жұмысы жүргізілді.

4.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ – ХҚЕС 9 ЕНГІЗУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

2014 жылғы шілдеде жарияланған ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» стандарты 2018 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшке енеді (стандартты мерзімінен бұрын қолдану рұқсат етіледі) және қолданыстағы ХБЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар – мойындау және бағалау» стандартын алмастырады.

ХҚЕС 9 талаптары активтерді бағалау тәсілдемелерін толық өзгертуді және активтердің құнсыздануын есептеу тәсілдемелерін өзгертуді қарастыратын болғандықтан, «ҚазАгроҚаржы» АҚ тәуекелдерді барынша азайту шеңберінде ХҚЕС 9 талаптарын уақтылы және сапалы енгізу үшін нақтыландырылған ұсыныстар мен құралдар беру үшін «Deloitte» компаниясынан кеңесші тартты.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ «Deloitte» кеңесшілерімен бірлестікте қаржылық құралдардың барлық түрлеріне кредиттік тәуекелді (PD, LGD, EAD) бағалаудың негізгі компоненттерін есептеудің, сонымен

қатар макроөрсеткіштер бойынша болжамдық ақпаратты ескере отырып, несие рейтингін және қаржылық ахуалды бағалау әдістерін қолданумен жеке бағаланып отырған активтер бойынша PD анықтаудың тәсілдемесін әзірледі.

Провизиялардың елеулі өсу тәуекелін төмендету мақсатында ХҚЕС 9 стандартын енгізу бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, Директорлар кеңесімен бекітілді. Сонымен қатар ХҚЕС 9 шеңберінде Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесі және қаржылық активтерді құнсыздандыру әдістемесі әзірленді.

Жаңа стандартқа көшу үшін Компанияның есепке алу жүйелерін автоматтандыру және оларға өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ында резервтерді әзірленген әдіснамаға және есептеу прототипіне сәйкес автоматтандырылған есептеу бойынша жоба іске асырылуда.

2018 жылы тәуекелдері басқару жүйесін дамытудың ұзақмерзімдік

стратегиясын анықтайтын Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді.

2019 жылы тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту тәуекел менеджменті бойынша регламенттерді одан әрі жетілдіру есебінен қамтамасыз етілетін болады. «ҚазАгроҚаржы» АҚ кредиттік тәуекелдерді бағалау және қарыз алушыларға несиелік рейтинг беру моделін өзектендіреді. Компания валюталық және пайыздық тәуекелдерге лимиттерді өзектендіретін болады, сонымен қатар елдік және салалық сияқты қосымша лимиттерді белгілеуге ұмтылатын болады. Сонымен қатар қысқамерзімдік жоспарларда хеджирлеу стратегиясын әзірлеу де бар.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту қазіргі заманғы талаптарға сай келетін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін құруға бағытталатын болады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Мүдделі тараптармен диалог	95
Экономикалық әсер	97
Сатып алу тәжірибесі	98
Қызметкерлердің еңбегін ұйымдастыру жүйесі	99
Ақпараттық саясат	102
Демеушілік және қайырымдылық	103
Қоршаған ортаны қорғау	104
Есеп туралы	105
Есептің мазмұнын анықтау	106



«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ӨЗІНІҢ ЭКОНОМИКАҒА, ЭКОЛОГИЯҒА ЖӘНЕ ҚОҒАМҒА ЫҚПАЛЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН СЕЗІНЕДІ ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНІҢ ТЕҢГЕРІМІН САҚТАЙ ОТЫРЫП, ҰЗАҚМЕРЗІМДІ КЕЗЕҢДЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҰМТЫЛАДЫ.

Тұрақты дамудың Компанияда үш құрамдасы бар: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.

1. Экономикалық құрамдас

Компанияның қызметін Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, анағұрлым жетілген технологияларды құруға және дамытуға инвестицияларды өсіруге, еңбек өнімділігін арттыруға бағыттайды.

2. Экологиялық құрамдас

табиғат жүйелеріне биологиялық және физикалық әсерді барынша азайтуды, органикалық ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдануды, экологиялық қолайлы өнімдер шығаруды, қалдықтарды барынша азайтуды, өңдеуді және жоюды қамтамасыз етеді.

3. Әлеуметтік құрамдас

әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған, оған басқалармен қоса: еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмыскерлердің денсаулығын сақтау, әділ сыйақы және жұмыскерлердің құқықтарын құрметтеу, персоналдың жеке дамуы, персонал үшін әлеуметтік бағдарламалардың іске асырылуы, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік пен қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу кіреді.

Компания өзінің қызметіне осы үш аспект бойынша талдау жүргізеді, сонымен қатар өз қызметі нәтижелерінің мүдделі тараптарға теріс әсерін болдырмауға немесе төмендетуге ұмтылады.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі және Басқарма тұрақты даму саласында

тиісті жүйе құрып, оның енгізілуін қамтамасыз етуі тиіс. Барлық жұмыскерлер мен барлық деңгейлердегі лауазымды тұлғалар Компанияның тұрақты дамуына өз үлестерін қосады.

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ АЙҚЫНДЫҒЫ МЕН АШЫҚТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖЫЛ САЙЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ.

Компания әріптестердің тұрақты даму қағидаттарын қолдануларын ынталандыруға және оған ықпал етуге ұмтылады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ДИАЛОГ

Компания сыртқы және ішкі мүдделі тараптарды анықтады және олардың талаптары мен болжалдарына талдау жүргізді. «ҚазАгроҚаржы» АҚ стейкхолдерлермен тиімді диалог құру үшін жұмыс атқаруда және шешімдер қабылдаған кезде олардың мүдделерін ескеруге ұмтылады.

Мүдделі тараптар	Талаптар мен болжалдар	Өзара ықпалдасу әдістері
Тұтынушылар (қарыз алушылар), клиенттер	<ul style="list-style-type: none"> Ұсынылатын техника тізбесін көбейту. Компания қызметтерін алу бойынша процедураларды жеңілдету. Пайыздық мөлшерлемені төмендету Қарау мерзімдерін қысқарту. Компания тарапынан қызмет көрсету сапасын жоғарылату. Қаржыландыру алу. Құжаттар топтамасын дайындауда консультациялық көмек. Компанияның ресми сайтына уақтылы жүргізіп отыру және тұтынушылар үшін қажет ақпаратпен толықтырып отыру. Қызметтер, ұсыныстар, акциялар туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру. Басқа қалалардағы филиалдардың санын көбейту. 	<ul style="list-style-type: none"> Клиенттермен жұмыс бойынша құрылымдық бөлімшенің бар болуы Кейіннен шарттар жасасу кезінде клиенттердің қанағаттану мониторингінің нәтижелерін пайдалану Қызметтер көрсету процедураларын жеңілдету. Корпоративтік сайтта кері байланыстың бар болуы.
Жеткізушілер	<ul style="list-style-type: none"> Ұзақмерзімді әріптестік қарым-қатынастар орнату және оларды сақтау. Сатылып алынатын техника мен жабдықтардың көлемдерін көбейту. Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің ақысын келісілген шарттарға сәйкес толығымен және мезгілінде алу. Сұратылып отырған лизинг нысанасы маркасының, моделінің дәл сипаттамасы және оның айрықшалығы. 	<ul style="list-style-type: none"> Шарттық міндеттемелер жасасу және оларды орындау жолымен өзара пайдалы әріптестікті қалыптастыру Сатып алуларды жүргізу жүйесінің бар болуы Жеткізушілердің наразылықтары мен талап арыздарын, Компанияның өндірістік және қаржылық нәтижелерін уақтылы қарау және реттеу. Форумдарға, көрмелерге қатысу Бірлескен жобаларды жүзеге асыру.
Кредиторлар	<ul style="list-style-type: none"> Капитал жұмсалымының қауіпсіздігі, кейін пайда алумен Компанияның төлемқабілеттілігі және кірістілігі Қабылданған міндеттемелерді уақтылы сақтау және орындау 	<ul style="list-style-type: none"> Инвесторлар тарту жұмысын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің бар боуы. Екіжақты, ұшақты іскерлік келіссөздерге қатысу. Шарттарға, меморандумдарға қол қою.

Мүдделі тараптар	Талаптар мен болжал	Өзара ықпалдасу әдістері
Бақылаушы органдар (ҚР Ұлттық банкі, ҚР ҚМ мемлекеттік кірістер комитеті, ҚР ҚМ Қаржы мониторингі комитеті, Бас прокуратура)	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның өз қызметін заңнамамен сәйкестікте жүзеге асыруы, нормативтердің талаптарын орындау Бюджетке төлемдерді уақтылы жасау. Жүргізілген тексерістердің қорытындылары бойынша ұйғарымдарды орындау. 	<ul style="list-style-type: none"> Қазақстандық заңнаманың талаптарын сақтау. Бақылау органдарымен өзара ықпалдастықты жүзеге асыратын бөлек құрылымдық бөлімшенің бар болуы. Өтініштерді уақтылы қарау және ұйғарымдарды орындау.
Бәсекелестер (лизингтік компаниялар)	<ul style="list-style-type: none"> Компания қызметтеріне демпингтік баға белгілеуден бас тарту, адал бәсекелестік күрес жүргізу. Компанияның іскерлік этика нормаларын ұстануы, тәжірибе алмасу 	<ul style="list-style-type: none"> Бәсекелестік ортаны талдауды жүргізу. Адал бәсеке қағидатын ұстану.
Сыртқы аудитті жүзеге асыратын ұйымдар (Есеп комитеті, тәуелсіз аудитор және т.б.)	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның ақшалай қаражатын және өзге де активтерін тиімді пайдалану. Заңнаманы, халықаралық, ұлттық стандарттарды ұстану. 	<ul style="list-style-type: none"> Тараппен өзара ықпалдастықты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің бар болуы. Консалтингтік және аудиторлық қызметтер көрсету бойынша шарттар жасасу.
Жалғыз акционер, басқару органдары (Директорлар кеңесі, Басқарма)	<ul style="list-style-type: none"> Компания кірістілігінің және құнының өсуі. Инвестициялардың қауіпсіздігі. Экономикаға үлес қосу. Компанияның келешекте дамуы үшін әлеует құру. Компанияның тұрақты өсуі және дамуы, мақсаттық көрсеткіштерге қол жеткізу. 	<ul style="list-style-type: none"> Компания Жарғысының, Корпоративтік басқару кодексінің шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету. Жалғыз акционердің шешімдерін орындау. ҚР заңнамасының талаптарына, Жарғыға, ішкі құжаттарға сәйкес қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы шынайы ақпарат беру.
Қызметкерлер	<ul style="list-style-type: none"> Жалақыны, сыйлықақыны тұрақты және уақтылы төлеу. Қанағаттанарлық әлеуметтік топтама, жайлы және қауіпсіз жұмыс жағдайлары (жұмыс күнінің, демалыстардың кестесі), жұмыскерлердің заңды құқықтарын сақтау. Мансаптық өсу мүмкіндігі және біліктілікті арттыру. 	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау. Білікті және ынталандырылған персонал қалыптастыруды көздеген ашық және нысаналы кадр саясатын жүргізу. Қызметкерлерді еңбек ету үдерісінде олардың әлеуеттері іске асырылуы үшін, олардың нәтижелерін алалықсыз және әділ бағалау үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету, жұмыскерлерді тек қана кәсіби машықтары, тәжірибесі мен білімдері негізінде ғана іріктеу және мансаптық өсіру.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР

«ҚазАгроҚаржы» АҚ негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қаржылық құралдарға, сонымен қатар ауыл шаруашылығы техникасына және технологиялық жабдықтарға лизинг негізінде қолжетімділігін қамтамасыз ету жолымен Қазақстан Республикасының аграрлық секторының дамуын қолдау.

Компания қызметі Қазақстан Республикасының экономикасына мына құралдар арқылы оң әсер етеді:

- 1. ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке беру;**
- 2. салықтар және бюджетке басқа төлемдерді төлеу;**
- 3. Компания қызметін қамтамасыз ету үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алуды жүзеге асыру;**
- 4. Компания жұмыскерлеріне жалақы төлеу.**

Бұдан басқа, Компания қызметі Компанияда қаржыландыру алған ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қызмет нәтижелері: салықтар мен төлемдер төлеу, жалақы алу, қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыру, өнімдер шығару есебінен жанама оң әсер етеді.

ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ТІКЕЛЕЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН, МЛН ТЕҢГЕ

№	Бап	2018	2017	Өзгеріс
Құрылған тікелей экономикалық құн				
1.	Кірістер	27 587	28 130	-2%
Бөлінген экономикалық құн, соның ішінде:				
2.	Операциялық шығыстар	-1 079	-1 132	-5%
3.	Жалақы	-2 481	-2 376	4%
4.	Пайыздар бойынша шығыстар	-13 607	-14 299	-5%
5.	Табыс салығынан басқа салықтар	-314	-339	-7%
6.	Корпоративтік табыс салығы	297	66	349%
7.	Өзге шығыстар	-3 673	-6 477	-43%
8.	Бөлінбеген экономикалық құн	6 728	3 572	88%

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ-ЫНАН 2007 ЖЫЛДАН БЕРІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ АЛҒАН ЖОБАЛАР БОЙЫНША ӨНІМДЕРДІҢ КӨЛЕМДЕРІ

СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ

157 589 ТОННА

ҚҰС ЕТІ

96 300 ТОННА

ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІ

15 587 ТОННА

ЖҰМЫРТҚА

125 МЛН ДАНА

ЖЫЛЫЖАЙ ӨНІМДЕРІ

51 728 ТОННА

ЖЕМІСТЕР


20 994 ТОННА

САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕСІ

Компания орталық аппаратты, филиалдарды және клиенттерді сапалы тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен қамтамасыз етуге ұмтылады. Алайда бұл ретте «ҚазАгроҚаржы» АҚ тиімді және ашық сатып алу жүйесіне үлкен мән береді.

Сатып алу процедураларын өткізу
Компанияда мынадай қағидаттарға негізделеді:

- ықтимал жеткізушілерге сатып алу процедураларына қатысу үшін тең мүмкіндіктер ұсыну;
- ықтимал жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- сатып алу процедураларының жариялылығы және ашықтығы;
- сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау.



40,74%
293,9 млн теңге тендер

Бұл ретте 2018 жыл ішінде кейін лизингке беру үшін сатылып алынған техниканың көлемі 63 млрд теңге сомаға 3 426 бірлік құрайды. Лизинг қызметін жүзеге асырған кезде кейін лизингке беру үшін тауарлар сатып алу ҚР заңнамасына сәйкес Тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алу қағидалары бойынша бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылатындығын атап өту қажет.

2018 ЖЫЛЫ ТАУАРЛАР, ЖҰМЫСТАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕР САТЫП АЛУДЫҢ ІС ЖҮЗІНДЕГІ КӨЛЕМІ

721,5 МЛН ТЕҢГЕ

(ЛИЗИНГ НЫСАНАЛАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУСЫЗ)

385

ШАРТ ЖАСАСЫЛДЫ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ

Білікті, бастамашыл, жоғары уәжделген, өнімді сапалы жұмыс атқаруды көздейтін персонал «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның басты байлығы және Компанияның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізгі факторы ретінде қаралады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ кадрлық саясатының негізгі факторы Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін жоғары білікті мамандарды тартуға, дамытуға және уәждеуге негізделген қызметкерлерді басқару жүйесін құру және жетілдіру болып табылады.

КАДРЛЫҚ САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗІ ТИІМДІ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМНЫҢ ЖӘНЕ ОҢТАЙЛЫ КАДРЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ БАР БОЛУЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, АДАМ



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТҰРАҚТАМАУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ



2018 жыл аяғында Компанияда 401 адам жұмыс істеді. Қызметкерлердің орташа тізімдік санының

51%-ын (212 адам) әйелдер, 49%-ын (198 адам) – ер адамдар құрайды. Барлық қызметкерлердің жоғары білімдері бар. Жастар (29 жасқа дейінгі қызметкерлер) персонал санының 19%-ын құрайды. Жұмыскерлер санының қысқаруы штат санын және әкімшілік шығыстарды оңтайландыру шеңберінде жаңа ұйымдық құрылымның бекітілуіне байланысты.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ **әлеуметтік саясаты** қызметкерлер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың конституциялық құқықтарын іске асырудың шеңберінде әлеуметтік-экономикалық жағдайларды дамытуға бағытталған.

Компаниядағы маңызды өзгерістер туралы қызметкерлерді хабардар етудің барынша аз кезеңі бір ай құрайды.

ПЕРСОНАЛ САНЫНЫҢ


19%-ын

ЖАСТАР (29 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ЖҰМЫСКЕРЛЕР) ҚҰРАЙДЫ

Компания қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, олардың толыққанды қызмет етуі және еңбектері үшін барабар сыйақы алуы үшін жағдай жасайды, жеке және кәсіби өсуі үшін мүмкіндіктер ұсынады және осы арқылы қызметкерлердің Компаниямен ұзақмерзімді, тиімді және жемісті өзара қарым-қатынастар құруларына мүдделіліктерін арттырады, бұның салдары еңбектің жоғары тиімділігіне қол жеткізу болып табылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ әлеуметтік саясатының мақсаты Компанияның әлеуметтік бағытталғандығын дамыту және жұмыскерлердің өмір сүру деңгейлерін бірізді жоғарылату, негізгі әлеуметтік игіліктерге жалпыға ортақ қолжетімділікті, сонымен қатар ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қамтамасыз ету болып табылады.

2018 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖҮКТІЛІК ЖӘНЕ БАЛА ТУУ БОЙЫНША ДЕМАЛЫСТАРДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ



«ҚазАгроҚаржы» АҚ басшылығы қызметкерлер үшін мынадай әлеуметтік және өзге де кепілдіктерді қамтамасыз етеді:

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын іске асыру;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін жұмыс орны;
- еңбек міндеттерін орындауы кезінде жұмыскердің өміріне және денсаулығына зиян келтірілгендігі үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;
- ерікті медициналық сақтандыру;
- ақы төленетін еңбек демалысы;
- қызметкерлерге бала туу (асырап алу) кезінде, жұмыскердің некеге отыруы кезінде және жұмыскердің жұбайы немесе жақын туыстары қайтыс болғанда материалдық көмек төлеу;
- еңбекке мерзімдік-сыйлықақы төлеу жүйесі;
- қызметкерлерді демалыс және мереке күндері жұмысқа тартқан жағдайда өтемақы төлеу;
- жұмыскерлер қызметтік іссапарда болған кезде төлеу;
- кәсіби оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндігі.

Әлеуметтік саясатты табысты іске асыру персоналды уәждемелеуге және «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне, сонымен қатар жауапты жұмыс беруші және әлеуметтік бағытталған ұйым имиджін нығайтуға ықпал етеді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ ҮДЕРІСІ, УӘЖДЕМЕЛЕУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ

Қызметкерлердің жоғары кәсіби деңгейі білім мен машықты бірізді дамыту жолымен үнемі оқыту және біліктілікті дамыту жүйесінде қуатталып және дамытылып отырады.

Кадрлар әлеуетінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін жұмыскерлер тәлімгерлік, жұмыс орнында оқыту түрінде оқытудан және біліктілікті арттырудан өтеді, әртүрлі семинарларға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, тренингтерге қатысады, арнайы оқыту курстарынан өтеді.

Жұмыскерлердің біліктілікті арттыруға ұмтылысы «ҚазАгроҚаржы» АҚ басшылығы тарапынан моральдық тұрғыдан да, материалдық тұрғыдан да қуатталады және ынталандырылады.

Қызметкерлерді оқыту, олардың біліктілігін арттыру бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ қажеттіліктері ішкі және сыртқы факторларға: стратегиялық міндеттердің өзгерістеріне, заңнамадағы өзгерістерге, жаңа бағдарламалардың енгізілуіне, жұмыскерлер алдына жаңа міндеттер мен мақсаттардың қойылуына және т.б. байланысты.

2018 жылы оқыту, біліктілікті арттыру жүйесімен қамтылған жұмыскерлердің саны 320 адам құрады.

Қызметкерлерді оқыту бойынша 2018 жылғы негізгі бағдарламалар:

- «Ішкі бақылау: теория және практика негіздері»
- «Корпоративтік хатшыларды сертификаттау бағдарламасы»
- «Professional Risk Manager (PRM)»
- «Ұйымның тәуекелдерін басқару»
- «Проблемалы берешек: шешу жолдары және әдістері»
- «Ақша қаражатының ізін жасуруға қарсы іс-қимыл саласындағы сертификатталған бағдарламаның ұлттық компоненті»
- «Бухгалтерлік есеп негіздері және қаржылық есептілікті талдау»
- «Жобаларды басқару I-II»
- «Корпоративтік басқару: негіздері және практикалық аспектілері»
- «Келістіру комиссиясында еңбек дауларын шешу»,
- «Еңбек заңнамасының негіздері және келіссөздер жүргізе білу»
- «Шарттық құқық», «Корпоративтік заңгер»
- «Өңдеу кәсіпорындарындағы НАССР жүйесіне сәйкес тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі. Ветеринарлық санитарлық сараптама. Азық-түлікті сертификаттау және сынамалар алу»
- «ACCA DiplIFR халықаралық қаржылық есептілік дипломына оқыту және біліктілік емтиханы (орыс т.)»
- «Қаржы менеджері: корпоративтік қаржы, қаржылық модельдеу, инвестициялық жобаларды және бизнес құнын бағалау»

Қызметкерлерді уәждемелеудің және ынталандырудың тиімді жүйесін дамыту жеке еңбек қызметінде нәтижелілікке қол жеткізуге әрбір жұмыскердің тікелей және тұрақты

мүдделілігін қамтамасыз етеді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметкерлерін уәждемелеу және ынталандыру жүйесінің негізгі компоненті еңбегі үшін ақшалай сыйақы тетігі болып табылады. Қызметкер еңбегіне ақы төлеу және Қызметкердің уәждемелеу тәртібі мен тетігі Компанияның ішкі құжаттарымен регламенттеледі. Қызметкерлерді уәждемелеу құралдарына мыналар жатады:

- оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндігі: кадрлар ротациясы, жұмыс уақытында және өндірістен тыс оқыту, семинарларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысу;
- одан әрі қарай мансаптық өсудің ашық келешегі;
- қызметкерлердің әлеуметтік қорғалғандығы;
- қауіпсіз және ыңғайлы еңбек жағдайларын жасау;
- ұжымда қолайлы жұмыс істеу жағдайлары. Жаңадан қабылданған жұмыскерлерді бейімдеу жүйесі;
- корпоративтік мәдениет құндылықтарын тарату: «ҚазАгроҚаржы» АҚ басшылығымен тұрақты кездесулер, сауалдаулар;
- алғыс хаттарымен, мадақтау қағаздарымен марапаттау.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ жұмыскерлері Компанияның ішінде де, сонымен қатар басқа ұйымдармен, мемлекеттік және өзге органдармен өзара қарым-қатынастарда да оң имидж қалыптастыру үшін жұмыс атқарады, отансүйгіштікті дамытуға, корпоративтілікті және ұжымда оң әлеуметтік-психологиялық ахуалды тәрбиелеуге және насихаттауға ықпал етеді.

3 ЖЫЛ ІШІНДЕ СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫНА

7,8 МЛН ТЕҢГЕ

БАҒЫТТАЛДЫ

СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ-да корпоративтік демалыстың арнайы іс-шаралары - тимбилдинг өткізіледі, ол ұжымды нығайтуға, жұмыс істеудің командалық әдістерін құруға бағытталған және компанияның толыққанды дамуын қамтамасыз ететін корпоративтік менеджменттің перспективтік модельдерінің бірі болып табылады.

2018 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ-да 300 адам қамтылған 2 тимбилдинг өткізілді. Бұдан басқа, спорттық-сауықтыру іс-шаралары өткізіледі, және 3 жыл ішінде бұл мақсаттарға 7,8 млн теңгеден аса бағытталды.



кезеңі ішінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ ақпарат берудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған жоқ,

«ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік интернет-ресурстарында 2018 жылы барлық бөлімдер Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, «ҚазАгроҚаржы» АҚ кредиттік және өзге де қызметін реттейтін ішкі құжаттардың өзгерістеріне қарай тұрақты негізде өзектендіріліп отырды.

Корпоративтік интернет-ресурстарда ақпарат орналастыру бойынша бұзушылықтар тіркелмеген.

2018 жылғы қаңтарда Компания «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2018 жылға арналған жарнама және пиар жоспарын бекітті, ол бойынша мынадай іс-шаралар іске асырылды:

1. «Техникалық жарақтандыру — АӨК дамуының негізі» тақырыбында Дөңгелек үстел ұйымдастырылды;
2. кең танымал веб-ресурстарда 50-ден аса жарияланымға бас-тамашылық етілді және жарияланды;
3. республикалық және өңірлік БАҚ-да ҚАҚ қызметі туралы материалдар жыл бойы жарияланды;
4. 20 бейнеролик дайындалды және орналастырылды;
5. 30 ақпараттық графиктер дайындалды және орналастырылды;
6. баспасөз хабарламалары кезеңді түрде орналастырылды;
7. 3 баспасөз туры өткізілді;
8. AgriTek Astana, KazFarm-2018, AgriTekShymkent-2018 көрмелеріне қатысу өтті;
9. Агрофорумға, басқа да тақырыптық іс-шараларға, Дала күніне және т.б. қатысу өтті.

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

Ақпаратты ашып көрсету нормаларын ұстану мақсаттарында Компания Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы, акционерлік қоғамдар, саласындағы заңнамасын, Листинг қағидаларын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаулысын және ақпаратты ашып көрсетудің мөлдірлігі саласындағы өзге де құжаттарды басшылыққа алады.

Компания Жалғыз акционердің назарына корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты Қазақстан қор биржасының, Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында, кор-поративтік интернет-ресурста және «ҚазАгро» хол-

дингінің порталында «бір терезе» қағидатымен, яғни бір құрылымдық бөлімше арқылы орналастыру жолымен жеткізеді.

Компания қызметі туралы ақпаратты ашып көрсету саясаты ақпаратты ашып көрсетудің қағидаларын, нышандары мен тәсілдерін анықтайды, ақпаратты ашып көрсету үшін жауапты тұлғалар тобын (органдарды), мүдделі тараптарға ашып көрсетуге жататын жалпыға қолжетімді ақпараттың тізбесін, сонымен қатар коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың тізбесін анықтайды.

Компания сонымен қатар ақпаратты беру және интернет-ресурстарда орналастыру тәртібін, Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің ақпарат беру және орналастыру үшін жауапкершіліктерін, Компанияның жылдық есебінің құрылымын анықтайтын «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметі туралы ақпаратты ашып көрсету тәртібі жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа алады.

2018 жыл ішінде Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсында 103, Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында — 56 корпоративтік оқиға туралы ақпарат орналастырылды. Көрсетілген

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ тұрақты негізде халықтың аз қорғалған топтарына қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетеді, сонымен қатар бейінді коммерциялық емес ұйымдарға (интернат үйлер, балалардың мектепке дейінгі, орта, кәсіптік-техникалық және жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу ұйымдары және т.б.) қолдау көрсетеді.

3 жыл ішінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ 26 млн теңгеге қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетті. 2018 жылы Компания 5 млн теңгеге демеушілік көмек көрсетті, оның ішінде 3 млн теңге мөлшеріндегі қаражат Компания қызметкерлерінің балаларын емдеуге жұмсалды және 2 млн теңге «Қазақстанның ет одағы» ЖКЗТБ қолдауға бөлінді.

3 ЖЫЛ ІШІНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕКТІҢ СОМАСЫ

26 МЛН ТЕҢГЕ



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ ауыл шаруашылығына қоршаған орта мен адам денсаулығын қорғайтын, табиғи ресурстарды сақтауға ықпал ететін, өндірістің тиімділігін, яғни шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын «жасыл» технологияларды енгізуге және дамытуға белсенді жәрдем етуді жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта кейбір қаржыландырылған жобаларда суды тазартудың бірегей жүйесі - кері осмос жүйесі, қайтарма дренаж жүйесі, көңді және

құс саңырағын өңдеуге арналған биокешендер, жайылымдарды суландыру сияқты «жасыл» технологиялар, сонымен қатар энергияның баламалы көздері (жел генераторлары мен күн батареялары) пайдаланылады.

Компания ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды өндіріс кезінде технологиялық талаптардың және экологиялық нормалардың сақталуын мұқият қадағалап отыратын өндірушілерден тікелей жүзеге асырады.

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Компанияның 2018 жыл ішіндегі қызметінің қорытындылары бойынша жылдық есеп есептерді шығару тәжірибесі енгізілген мезеттен бастап санағанда 16-шы болып табылады. Әрбір жылдық есепте ақпаратты ашып көрсету барысында біз үздік әлемдік іс-тәжірибелерге, халықаралық және Қазақстандық стандарттар мен нормаларды ұстануға ұмтыламыз, сонымен қатар мүдделі тараптардың пікірлері мен тілектерін ескереміз. Осы жылдық есеп GRI стандарттарына сәйкес (сәйкестіктің негізгі деңгейі) дайындалған. Құжатты дайындаған кезде біз Қазақстан қор биржасының ұсыныстары мен талаптарын ұстандық.

Осы жылдық есепте біздің қызметіміздің нәтижелері, жетістіктеріміз бен табыстарымыз туралы айтылады, мұнда корпоративтік басқару мәселелері және тұрақты даму саласындағы қызмет айғақталады, бұдан басқа сіздер Компанияның таяу уақыттардағы жоспарлары мен стратегиялық міндеттері туралы ақпаратты табасыз.

Компанияның жылдық есептері жыл сайынғы негізде дайындалды. **Осы жылдық есепте Компанияның 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 31 желтоқсан-ды қоса аралықтағы қызметінің нәтижелері көрсетілген.** Алдыңғы

жылдық есеп 2018 жылғы шілдеде жарияланды.

2018 жылғы желтоқсанда Компания агроөнеркәсіптік кешеннің лизинг нарығындағы өз қызметінің 19-жылдығын атап өтті. Компанияны жекешелендіру тізімінен шығару туралы Үкіметтің ресми қаулысының қабылдануы маңызды жаңалыққа айналды. Өз тарихының барысында Компания нарықта басым жайғасымды иеленіп келеді және отандық фермерлердің, ауыл шаруашылығы техникасын жеткізушілердің көпшілігімен және қоғаммен мойындалған болып табылады.

ЕСЕПТИҢ МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ


Осы жылдық есепті дайындау кезінде біз GRI стандарттарының елеулілігі қағидатын қолдандық, сонымен қатар мүдделі тараптардың пікірлері мен болжалдарын ескердік. Бұл ақпаратты сапалы ашып көрсетуді қамтамасыз етуге көмектесті.

Елеулі деп біз, біріншіден, Компанияның қоршаған ортаға әсері бұл сөздің кең мағынасында зор болып табылатын, екіншіден, мүдделі тараптарға елеулі түрде ықпал ету орын алатын мәселелерді есептейміз.

Елеулілікті талдауға Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салаларға әсерін ішкі бағалау, сонымен қатар тақырыптардың маңыздылығын мүдделі тараптардың көзқарастары тұрғысынан стейкхолдердермен өзара ықпалдастық қорытындылары бойынша қойылған бағалау кірді.

Мүдделі тараптардың болжалдарына және Компания ішіндегі бағалауға сәйкес тақырыптар елеулілік дәрежесі бойынша сараланды және Елеулілік матрицасына түсірілді. Осы жылдық есепте Матрицаның оң жақтағы жоғарғы бұрышына түскен тақырыптар ашылып көрсетілді, өйткені дәл солар анағұрлым маңызды деп танылды. Барлық тақырыптардың ұйым ішінде де, сол сияқты одан тысқары да әсерлері бар.

ЕЛЕУЛІЛІК МАТРИЦАСЫ



ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

Тақырыптар	GRI стандарты
Экономика	
Экономикалық нәтижелілік	201
Нарықтарға қатысу	202
Тікелей емес экономикалық әсер	203
Сатып алу тәжірибесі	204
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	205
Бәсекелестікке кедергі	206
Экология	
Материалдар	301
Энергия	302
Су	303
Биологиялық әралуандылық	304
Шығарындылар	305
Төгінділер және қалдықтар	306
Табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестік	307
Жеткізушілерді экологиялық бағалау	308
Қоғам	
Қамтылғандық	401
Жұмыспен қамтылу мен басшылықтың өзара қарым-қатынастары	402
Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік	403
Оқыту және білім беру	404
Әралуандылық және тең мүмкіндіктер	405
Кемсітушілікті болдырмау	406
Қауымдастық және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі	407
Балалар еңбегі	408
Мәжбүрлі және міндетті еңбек	409
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі	410
Түпкілікті және аз санды халықтардың құқықтары	411
Байырғы және саны аз халықтардың құқықтары	412
Жергілікті қоғамдастықтар	413
Жеткізушілердің қоғамға әсерін бағалау	414
Мемлекеттік саясат	415
Тұтынушының денсаулығы және қауіпсіздігі	416
Өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді таңбалау	417
Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылық	418
Талаптарға сәйкестік	419

Елеулі деп танылған тақырыптар

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2018 ЖЫЛ ҮШІН

Қаржылық жағдай туралы есеп	109
Пайда немесе зиян туралы есеп	110
Жиынтық кіріс туралы есеп	111
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	112
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	113

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2018 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА, МЫҢ ТЕҢГЕМЕН

	Ескерт.	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5	44.798.305	41.239.167
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	6	–	149.809
Клиенттерге берілген несиелер	7	43.004.358	45.066.761
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	8	186.617.217	183.288.007
Қаржылық жалдауға арналған мүлік	9	10.740.178	5.131.712
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	17	175.427	125.579
Негізгі құралдар	10	995.816	1.040.490
Материалдық емес активтер	11	554.969	530.043
Қосылған құн салығы мен өтелуге жататын басқа да салықтар	12	3.891.038	3.106.338
Берілген аванстар	13	7.190.060	2.558.452
Басқа да активтер	20	966.510	576.406
Активтер жиыны		298.933.878	282.812.764
Міндеттемелер			
Акционердің алдындағы берешек	14	67.232.037	75.539.402
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	15	41.807.710	40.429.623
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	16	64.596.068	46.969.316
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	17	1.338.197	1.669.304
Алынған аванстар	18	4.263.925	3.555.199
Кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер		5.070.632	3.979.227
Басқа да міндеттемелер	20	8.275.597	7.885.742
Міндеттемелер жиыны		192.584.166	180.027.813
Капитал			
Жарғылық капитал	21	82.837.204	82.837.204
Қосымша төленген капитал	21	25.730.293	24.912.791
Резервтік капитал	21	1.436.184	1.436.184
Шартты бөлу резерві	21	(9.605.611)	(9.542.733)
Бөлінбеген пайда		5.951.642	3.141.505
Капитал жиыны		106.349.712	102.784.951
Міндеттемелер мен капитал жиыны		298.933.878	282.812.764
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	21	1.277,14	1.234,41

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Қаныш Теміртайұлы Избастин

Гүлнар Такишевна Шоданова

2019 жылғы 15 сәуір



[Handwritten signature]

Бас бухгалтер

Басқарма Төрағасы

ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН ТУРАЛЫ ЕСЕП 2018 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН, МЫҢ ТЕҢГЕМЕН

	Ескерт.	2018 жыл	2017 жыл*
Тіімді мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары		1.486.056	1.953.413
Клиенттерге берілген несиелер		4.491.387	6.184.998
Инвестициялық бағалы қағаздар		173.417	–
		6.150.860	8.138.411
Басқа да пайыздық кірістер			
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		19.995.116	18.966.880
		19.995.116	18.966.880
Пайыздық кірістер жиыны		26.145.976	27.105.291
Пайыздық шығыстар			
Акционердің алдындағы берешек		(5.150.325)	(5.990.768)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		(4.859.740)	(4.551.325)
Кредиттік ұйымдардың қаражаты		(3.597.104)	(3.757.399)
Пайыздық шығыстар жиыны		(13.607.169)	(14.299.492)
Таза пайыздық кіріс		12.538.807	12.805.799
Несиелік зияндар бойынша шығыстар	19	(2.818.840)	(3.440.540)
Несиелік зияндар бойынша шығыстарды шегере отырып, таза пайыздық кіріс		9.719.967	9.365.259
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша таза шығыстар		–	(786.945)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер/(шығыстар)		469.670	(1.274.414)
Басқа да кірістер	23	970.887	1.024.387
Персонал шығыстары	24	(2.729.776)	(2.620.500)
Басқа да операциялық шығыстар	24	(913.138)	(1.034.092)
Клиенттерге берілген несиелерді түрлендіруден болған таза зиян	7	(664.681)	(599.402)
Резервтерді құрудан және құнсыздануынан болған басқа да шығыстар	19	(189.906)	(376.102)
Амортизация	10, 11	(231.506)	(192.108)
Пайыздық емес шығыстар		(3.288.450)	(5.859.176)
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда		6.431.517	3.506.083
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемділік	17	296.855	66.137
Бір жылғы пайда		6.728.372	3.572.220
Жай акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)	21	81,22	43,12

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2017 жылғы қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертеде келтірілген.

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Қаныш Теміртайұлы Избастин



(Signature)

Бас бухгалтер

Гүлнар Такишевна Шоданова

(Signature)

Басқарма Төрағасы

2019 жылғы 15 сәуір

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП 2018 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН, МЫҢ ТЕҢГЕМЕН

	Ескерт.	2018 жыл	2017 жыл
Бір жылғы пайда		6.728.372	3.572.220
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		–	–
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		6.728.372	3.572.220

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Қаныш Теміртайұлы Избастин



(Signature)

Бас бухгалтер

Гүлнар Такишевна Шоданова

(Signature)

Басқарма Төрағасы

2019 жылғы 15 сәуір

**МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП
2018 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН, МЫҢ ТЕҢГЕМЕН**

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Шартты бөлу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2016 жылдың 31 желтоқсанына	82.837.204	23.282.853	1.436.184	(9.372.015)	1.183.599	99.367.825
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	3.572.220	3.572.220
Салықты шегере отырып, Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс (21-ескертпе)	-	1.629.938	-	-	-	1.629.938
Жарияланған дивидендтер (21-ескертпе)	-	-	-	-	(1.614.314)	(1.614.314)
Салықты шегере отырып, бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв (21-ескертпе)	-	-	-	(170.718)	-	(170.718)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	82.837.204	24.912.791	1.436.184	(9.542.733)	3.141.505	102.784.951
9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың әсері (3-ескертпе)	-	-	-	-	(346.015)	(346.015)
9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес қайта есептелген сальдо	82.837.204	24.912.791	1.436.184	(9.542.733)	2.795.490	102.438.936
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	6.728.372	6.728.372
Салықты шегере отырып, Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс (21-ескертпе)	-	817.502	-	-	-	817.502
Жарияланған дивидендтер (21-ескертпе)	-	-	-	-	(3.572.220)	(3.572.220)
Салықты шегере отырып, бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв (21-ескертпе)	-	-	-	(62.878)	-	(62.878)
2018 жылдың 31 желтоқсанына	82.837.204	25.730.293	1.436.184	(9.605.611)	5.951.642	106.349.712

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Қаныш Теміртайұлы Избастин



(Signature)

Бас бухгалтер

Гүлнар Такишевна Шоданова

(Signature)

Басқарма Төрағасы

2019 жылғы 15 сәуір

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2018 ЖЫЛҒЫ
31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН, МЫҢ ТЕҢГЕМЕН**

	Ескерт.	2018 жыл	2017 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Түскен пайыздар		22.968.078	23.717.641
Төленген пайыздар		(9.941.005)	(10.307.315)
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша шығыстарды шегере отырып өткізілген кірістер		-	42.121
Шетел валюталарымен операциялар бойынша кірістерді шегере отырып жұмсалған шығыстар		(123.105)	(107.662)
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(2.689.031)	(2.788.270)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(882.191)	(995.693)
Басқа да түскен кірістер		453.882	318.740
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағындары		9.786.628	9.879.562
<i>Операциялық активтердің таза (көбеюі)/азаяуы</i>			
Кредиттік ұйымдардағы қаражат		-	532.728
Клиенттерге берілген несиелер		2.187.468	7.561.478
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		(7.826.399)	17.276.929
Қосылған құн салығы мен өтелуге жататын басқа да салықтар		(784.700)	(1.232.312)
Берілген аванстар		(4.644.534)	(2.256.264)
Басқа да активтер		(126.120)	(794.817)
<i>Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі/(азаяуы)</i>			
Алынған аванстар		792.588	1.052.974
Басқа да міндеттемелер		(905.603)	445.659
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза (жұмсалуды)/түсуі		(1.520.672)	32.465.937
<i>Төленген корпоративтік табыс салығы</i>			
		(232.401)	(293.319)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза (жұмсалуды)/ түсуі		(1.753.073)	32.172.618
Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	10, 11	(211.840)	(537.062)
Негізгі құралдарды өткізуден түскен түсім		795	4.526
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуды		(211.045)	(532.536)
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Акционерден қарыздардың түсуі		11.232.415	6.653.248
Акционерден алынған қарыздарды өтеу		(22.971.379)	(18.511.028)
Кредиттік ұйымдардан қарыздар алу		19.000.000	11.220.884
Кредиттік ұйымдардан алынған қарыздарды өтеу		(17.617.865)	(10.953.506)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім		17.250.959	-
Акционерге төленген дивидендтер	21	(3.572.220)	(1.614.314)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімдері/(жұмсалуды)		3.321.910	(13.204.716)

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2018 ЖЫЛҒЫ
31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН, МЫҢ ТЕҢГЕМЕН (жалғасы)**

	Ескерт.	2018 жыл	2017 жыл
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері		2.202.417	(186.090)
Күтілетін несиелік залалдардың ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері	5	(1.071)	–
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы		3.559.138	18.249.276
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	41.239.167	22.989.891
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	44.798.305	41.239.167
Ақшалай емес операциялар			
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтердің басқа салықтар бойынша міндеттемелерге қарсы есепке алу		–	300.000

Компания Басқармасы атынан шығаруға кол қойылды және бекітілді:

Қаныш Теміртайұлы Избастин



Qanyshtemirтайұлы Избастин

Бас бухгалтер

Гүлнар Такишевна Шоданова

Гүлнар Такишевна Шоданова

Басқарма Төрағасы

2019 жылғы 15 сәуір

GRI ИНДЕКСІ

ЖАЛПЫ АШЫП КӨРСЕТУЛЕР

Стандарт және көрсеткіштер	Ашып көрсету	Есептің бөлімдері / Ерекшеліктер	Есептегі беті
GRI 101 (2016): НЕГІЗДЕРІ			
GRI 102 (2016): ЖАЛПЫ АШЫП КӨРСЕТУЛЕР			
ҰЙЫМНЫҢ БЕЙНІ			
102-1	Ұйымның атауы	Байланыстық ақпарат	119
102-2	Негізгі брендтер, өнімдер, сонымен қатар қызметтер	Қызмет бағыты	22
102-3	Ұйымның штаб-пәтерінің орналасқан жері	Байланыстық ақпарат	119
102-4	Ұйым өз қызметін атқаратын елдердің саны	Компания туралы	16
102-5	Меншік сипаты және ұйымдастырушылық-құқықтық нысан	Байланыстық ақпарат	119
102-6	Ұйым жұмыс істейтін нарықтар	Компания туралы	16
102-7	Ұйымның ауқымы	Негізгі көрсеткіштер, жұмыскерлердің еңбегін ұйымдастыру жүйесі	4, 99
102-8	Жұмыскерлер саны	Жұмыскерлердің еңбегін ұйымдастыру жүйесі	99
102-9	Ұйым жеткізілімінің тізбегі	Бизнес-модель	20
102-10	Ауқымдардың, құрылымның немесе меншіктің елеулі өзгерістері	2018 жылы елеулі өзгерістер болған жоқ	–
102-11	Сақтық қағидаттары	Тәуекелдерді басқару	87
102-12	Экономиялық, экологиялық және әлеуметтік хартиялар, қағидаттар немесе ұйым қосылған немесе қолдайтын басқа бастамалар	Қолдануға келмейді	–
102-13	Қауымдастықтарға мүшелік	Қолдануға келмейді	–
СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ТАЛДАУ			
102-14	Ең үлкен басшының мәлімдемесі	Директорлар кеңесі Төрағасының арнау сөзі, Басқарма Төрағасының арнау сөзі	8, 10
ЭТИКА ЖӘНЕ РИЯСЫЗДЫҚ			
102-16	Ұйымның құндылықтары, қағидаттары, жүріс-тұрыс кодекстері мен этикалық кодекстер сияқты тәртіптік стандарттары мен нормалары	Іскерлік этикасы кодексі	79
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ			
102-18	Ұйымды корпоративтік басқару құрылымы	Ұйымдастырушылық құрылым	60
102-22	Жоғарғы менеджмент және комитеттер	Ұйымдастырушылық құрылым	60, 62, 68
102-24	Жоғарғы басшылық мүшелерін тағайындау және іріктеу	Тағайындаулар және іріктеу	66
102-28	Жоғарғы басшылықтың қызметін бағалау	Директорлар кеңесінің қызметін бағалау.	66

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТАҚЫРЫПТАРЫ БОЙЫНША АШЫП КӨРСЕТУ

Стандарт және көрсеткіштер	Ашып көрсету	Есептің бөлімдері / Ерекшеліктер	Есептегі беті
МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ			
102-40	Мүдделі тараптар топтарының тізімі	Мүдделі тараптармен диалог	95
102-41	Ұжымдық шарттармен қамтылған жұмыскерлердің саны	Компанияда ұжымдық шарттар іс-тәжірибесі қолданылмайды	–
102-42	Мүдделі тараптарды айқындау және іріктеу қағидаттары	Мүдделі тараптармен диалог	95
102-43	Ұйымның мүдделі тараптармен өзара ықпалдастық тәсілдемесі	Мүдделі тараптармен диалог	95
102-44	Мүдделі тараптар ұйыммен өзара ықпалдастық шеңберінде көтерген негізгі тақырыптар мен қауіптенулер, сонымен қатар ұйымның осы негізгі тақырыптар мен қауіптенулерге қалай ден қойғандығы	Мүдделі тараптармен диалог	95
ЕСЕПТІЛІК ІС-ТӘЖІРИБЕСІ			
102-45	Есептіліктері есептілікке енгізілген заңды тұлғалар	Аудиторлық есеп	121
102-46	Есептің мазмұнын және аспектілер шекараларын анықтау әдістемесі	Есеп туралы	106
102-47	Барлық елеулі аспектілердің тізімі	Есеп туралы	107
102-48	Алдыңғы есептерде жарияланған көрсеткіштерді қайта тұжырымдаудың барлығының салдары	Көрсеткіштерді елеулі түрде қайта тұжырымдау жүргізілген жоқ	–
102-49	Қамтудың және аспект шекараларының алдыңғы есептік кезеңдермен салыстырғандағы елеулі өзгерістері	Есеп GRI стандарттарына сәйкес бірінші рет дайындалып отыр	–
ЕСЕП ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР			
102-50	Есептік кезең	Есеп туралы	105
102-51	Алдыңғы есеп жарияланған күн	Есеп туралы	105
102-52	Есептілік циклі	Есеп туралы	105
102-53	Байланысушы тұлға	Байланыстық ақпарат	119
102-54	Есепті GRI стандарттарына «сәйкестікте» дайындау нұсқасы	Есеп туралы	105
102-55	GRI көрсеткіштерінің кестесі	GRI индексі	115
102-56	Ұйымның есептілікті сыртқы куәландыруды қамтамасыз етуге қатысты іс-тәжірибесі	Есеп туралы	105

Стандарт және көрсеткіштер	Ашып көрсету	Есептің бөлімдері / Ерекшеліктер	Есептегі беті
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР			
GRI 103 (2016): БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ			
103-1	Материалдылық және шекаралар	Есеп туралы	105
103-2	Менеджмент тәсілдемелері	Экономикалық әсер	97
103-3	Менеджментті бағалау	Директорлар кеңесінің қызметін бағалау	66
GRI 201 (2016): ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК			
201-1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	Экономикалық әсер	97
GRI 203 (2016): ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕР			
203-2	Елеулі тікелей емес экономикалық әсер	Экономикалық әсер	97
GRI 205 (2016): СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС			
205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	78
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР			
GRI 103 (2016): БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ			
103-1	Материалдылық және шекаралар	Есеп туралы	105
103-2	Менеджмент тәсілдемелері	Қоршаған ортаны қорғау	104
103-3	Менеджментті бағалау	Директорлар кеңесінің қызметін бағалау	66
GRI 307 (2016): ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІК			
307-1	Экологиялық заңнаманың және нормативтік талаптардың сақталмағандығы үшін салынған елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және қаржылық емес санкциялардың жалпы саны	Қоршаған ортаны қорғау облысындағы заңнаманы бұзу жағдайлары тіркелген жоқ	–
ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР			
GRI 103 (2016): БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ			
103-1	Материалдылық және шекаралар	Есеп туралы	105
103-2	Менеджмент тәсілдемелері	Жұмыскерлердің еңбегін ұйымдастыру жүйесі	99
103-3	Менеджментті бағалау	Директорлар кеңесінің қызметін бағалау	66
GRI 401 (2016): ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАНДЫҚ			
401-1	Қызметкерлер жалдау және персоналдың тұрақтамауы	Жұмыскерлердің еңбегін ұйымдастыру жүйесі	99
401-3	Ана болу/әке болу бойынша демалыстар	Жұмыскерлердің еңбегін ұйымдастыру жүйесі	100
GRI 402 (2016): ЖҰМЫСКЕРЛЕР МЕН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ			
402-1	Қызметкерлерге компаниядағы өзгерістер туралы барынша қысқа кезең ішінде хабарлау	Жұмыскерлердің еңбегін ұйымдастыру жүйесі	99
GRI 404 (2016): ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ			
404-2	Машықтарды дамыту және білім беру бағдарламалары	Жұмыскерлердің еңбегін ұйымдастыру жүйесі	100
GRI 405 (2016): ӘРАЛУАНДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР			
405-1	Ұйымның басшы органдарының және персоналдың негізгі санаттарының жыныс, жас топтары, азшылық топтарға жатуы және әралуандықтың басқа да белгілері бойынша бөліп көрсетілген құрамы	Жұмыскерлердің еңбегін ұйымдастыру жүйесі	99

ГЛОССАРИЙ

АӨК	агроөнеркәсіптік кешен
ЖЖӨ	жалпы ішкі өнім
ЖЖМ	жанар-жағар май материалдары
ММ	мемлекеттік мекеме
ҚЕД	қаржылық есептілік депозитарийі
ҚАҚ, Компания	«ҚазАгроҚаржы» АҚ
КММ	коммуналдық мемлекеттік мекеме
ҚНҚ	қызметтің негізгі көрсеткіштері
ІҚМ	ірі қара мал
КБ	корпоративтік басқару
ХҚЕС	халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
АШМ	ауыл шаруашылығы министрлігі
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
АШТӨ	ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші
ROA	активтердің рентабелділігі (англ. return on assets)
ROE	капиталдың рентабелділігі (англ. return on equity)
NPL	бастапқы несиелік келісімнің шарттары орындалмайтын несие

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ОРТАЛЫҚ АППАРАТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, 010000, НҰР СҰЛТАН Қ.,
КЕНЕСАРЫ К. 51, ВП-4

қабылдау бөлмесі: +7 (7172) 58-04-37, 58-04-38
сенім телефоны: +7 (7172) 58-04-50
Акционермен жұмыс бойынша: +7 (7172) 58-04-51
тікелей инвестициялар мәселелері бойынша: +7 (7172) 55-73-40
баспасөз қызметі: +7 (7172) 58-04-11
хат-хабар қабылдау: +7 (7172) 55-65-33
call-center: +7 (7172) 55-77-55; 1429
факс: +7 (7172) 58-04-46
e-mail: mailbox@kaf.kz

АУДИТОР «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС ДЕРЕКТЕРІ

Қазақстан Республикасы, 050060,
Алматы қ., әл-Фараби д-лы 77/7,
«Есентай Тауэр» ғимараты

тел.: 8 (727) 258-59-60
факс: 8 (727) 258-59-61

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ФИЛИАЛДАРЫ

Ақмола облысы
Көкшетау қ., Абай к., 96.
Каб.: 703, 704, 810
тел.: 8 (7162) 91-00-31, 91-00-32
e-mail: akm5@kaf.kz

Шығыс Қазақстан облысы
Өскемен қ.,
Сәтпаев д-лы, 62
тел.: 8 (7232) 49-24-77, 49-24-76
e-mail: vko@kaf.kz

Қызылорда облысы
Қызылорда қ.,
Қонаев к., 33, 2-ші қабат
тел.: 8 (7242) 55-13-00, 55-13-02
e-mail: kzl@kaf.kz

Алматы қ.
Алматы қ., Бөгенбай батыр к., 142,
«Қайсар» БО, 4-ші қабат
тел.: 8 (7272) 95-93-50, 95-93-51
e-mail: credit_alm2@kaf.kz

Жамбыл облысы
Тараз қ., Сүлейменов к., 17
тел.: 8 (7262) 99-92-20, 99-92-23
e-mail: tar@kaf.kz

Павлодар облысы
Павлодар қ., Крупская к., 71 б
тел.: 8 (7182) 77-00-66, 77-00-68
e-mail: pvl@kaf.kz

Алматы облысы
Талдықорған қ., 7-шағын аудан, 10-ғи-
марат, «Көктем Гранд» БО, 7-ші қабат
тел.: 8 (7282) 55-86-80, 55-86-81
e-mail: almaty@kaf.kz

Батыс Қазақстан облысы
Орал қ., С. Датов к., 28
тел.: 8 (7112) 96-00-30, 96-00-31
e-mail: zko@kaf.kz

Солтүстік Қазақстан облысы
Петропавловск қ., Бөкетов к., 31А
тел.: 8 (7152) 63-10-30, 63-10-31
e-mail: sko@kaf.kz

Ақтөбе облысы
Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан д-лы, 51/1
тел.: 8 (7132) 92-11-80, 92-11-81
e-mail: akt3@kaf.kz

Қарағанды облысы
Қарағанды қ., Бұхар Жырау к., 53/1
тел.: 8 (7212) 92-24-07, 92-24-08
e-mail: krg@kaf.kz

Түркістан облысы
Шымкент қ., Байтұрсынов к., н/сіз,
ҚҚО ғимараты, 2-ші қабат
тел.: 8 (7252) 98-40-10, 98-40-11
e-mail: uko@kaf.kz

Атырау облысы
Атырау қ., Сәтпаев к., 13А, 3-ші қабат
тел.: 8 (7122) 93-00-31, 93-00-32
e-mail: atr@kaf.kz

Қостанай облысы
Қостанай қ., Бауман к., 1А, BOSS БО
тел.: 8 (7142) 99-97-71, 99-97-72
e-mail: kst3@kaf.kz